Осындай қасиеттерді қалыптастыру қажеттігі көшпелі қазақтардың ауыр өмірінің оларға қатаң талаптар қою мен тығыз байланысты болды. Себебі өмір мен іс-әрекет (мал шаруашылығымен шұғылдану) табиғат және жан-жануарларды өсіріп бағу мен байланысты болды. Олар тек денесі мығым, күшті, төзімді ғана емес, күрт өзгеріп тұратын табиғат жағдайына икемделген, психикасы (жүйкесі) тұрақты, өзі ұстамды болу керек еді.

Тәрбие табиғатқа сәйкестілік сипатта болып, табиғатты қорғайтын, сақтайтын білетін бағытты ұстанумен байланысты болды. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту ересек адамдардың отбасы, жәйілімдағы өмірі сүру жағдайларына және шұғылданатын еңбектерімен тікелей байланысты болды. Балаларды кең, байтақ жатқан далада жол табуға, көздері көргіш, қырағы және сақ құлақ болуға үйретті. Жастар аң аулауға, ақындар айтысына қатысып, жыраулар мен әншілерді тыңдап, мақал-мәтел, жұмбақ, терме және басқа да дидактикалық шығармаларды естеріне сақтады. Халық педагогикасында жастар тәрбиесіне қатысты, оларды өмірге, еңбекке даярлауға байланысты көптеген амал, әдіс, тәсілдері болды. Тәрбие барысында ауыз екі халық шығармашылығының барлық жанрлары қолданды. Тәрбиеде баса назар төрт бағытқа аударылды. Олар еңбек, адамгершілік, дене, эстетикалық тәрбиелері болды.

Уақыт оза келе орта ғасырда Қазақстан территориясында сәулеті жағынан Бұхара, Самарқанд сарайлары мен мешіттерінен кем түспейтін Отрар, Тараз, Испиджаб, Сайрам, Түркістан және т.б. қалалары гүлденіп өркендеді. Оның дәлелі ретінде археологиялық қазбалардың нәтижелерінен мысалдар келтіруге болады. Қалаларда балаларға қарапайым білім беріп іскерліктерін қалыптастыратын мектептер (медреселер) пайда болып, кітапханалар ұйымдастырыла бастайды.

Ойшылдардың шығармаларында жастар тәрбиесінің мазмұны айқындалады. Ол тәрбиенің бірнеше бағытын қамтыды.

Тәрбиенің бірінші бағыты – интеллектуалдық (ақыл-ой) тәрбиесі.

Интеллектуалдық тәрбие балалардың танымдық күшімен қабілеттерінің дамуымен, білім деңгейімен, еңбек іс-әрекеттерін өмірде қолдана білуімен бағаланды. Интеллектуалдық тәрбие баланың тұлға ретінде қалыптасып дамуының басты компоненті болып табылды. Бұл тәрбие бағыты өсіп келе жатқан ұрпаққа қоршаған орта туралы, адам туралы, халықтың өткенімен бүгінгісі туралы білімді (табиғат, адамдар қоғамы туралы) игеруге мүмкіндік берді, тұлға бқйында дүниетанымды қалыптастырды. Айтылған сөздің дәлелі ретінде «Білімсіз өмір жоқ, оқусыз білім жоқ», «Оқу – білім көзі, білім – өмір шырағы», «Ғылым – инемен құдық қазғандай», – деген мақал-мәтелдерді келтіруге болады.

Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны:

- география мен өлкетану туралы білімдерді: кеңістік туралы түсінік пен хабардар болып, бағытталу, осымен байланысты ырымдар. Бұлар ауа райын болжауға, қыстауға, жайлауға көшкенде жол таба білу үшін қажетті білімдерді;

- астрологиялық мәліметтерді: жұлдыздардың орналасуы бойынша болашақты болжай білуді;

- биологиялық білімдерді (ботаника, зоология, этимология және басқада табиғат туралы ғылымдар): пайдалы-зиянды өсімдіктер, дәрі-дәрмектік өсімдіктер туралы білімді, үй және жабайы хайуанаттар,

олардың тауарлық құндылықтарын, үй жануарларының жасын ажырата білу, қозылау, бұзаулау уақытын білуді, ауру түрлерін білуді және емдеу, жәндіктердің пайдалы-зияндысын ажыраты білуді;

- халық медицинасынан білімдірді: ауру симптомдары мен емдеу жолдарын және амалдарын білуді;
- тарихи білімдерді: жүздің, рудың тарихи-географиялық және тарихи-мәдени өткенін, дәстүрін, аңыз әңгімелерін білуді;
- әдеби білімдерді: тіл білу, шешендік, шайырлық, фольклор, эпос, халық даналығы туралы мақал, мәтілдерді білуді қамтыды.

Ал білім мен іскерліктің басым көпшілігі қолданбалы сипатта болады.

Адамгершілік тәрбие бағыты адамгершілік-этикалық нормаларды, идеалдарды, сезіммен сенімді, адамгершілік іс-әрекетпен жүріс-тұрысты қамтыды.

Адамгершілік тәрбиесінің негізіне:

- үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, тіл алғыштық;
- ананы құрметтеу, апа-қарындасқа және жалпы қыз-балаға қамқорлық көрсету;
- халқына, еліне, руына, отбасына беріліп адал болу;
- патриотизм, ерлік, батылдық, ынтымақтастық пен бірлік, ержүректік;
- қол ұшын беру, құрбан болу;
- азаматтылық, тілектестік;
- гуманизм, азаматты сүю, мейірімділік, қарапайымдылық;
- адал, шыншыл, сыншыл;
- намыс, ар-ождан, абырой, өзін-өзі сыйлау;
- көпшілдік, тұрақтылық сияқты қасиеттер алынды.

Жағымды адамгершілік мінез-құлыққа қарама-қарсы жағымсыз мінез сыналды. Олар: жалқаулық, менмендік, тәкапарлық, өсекшілдік, қаскүнемдік, жеңілтектік, өтірікшілдік, бұзықтық, азғындық т.б.

Тәрбие амалдары ретінде:

- ата-ана, ағайын-туған үлгісі. Бұл «ата-көрген оқ жанады, ана көрген тон пішеді» деген мақалмен анықталды;
- бабалардың даналық сөздері «үлкенді шақырмайды-оған барады»;
- салт-дәстүр: «байлықты емес намысыңды қорға», «бай байлығын қорғайды – ер намысын қорғайды»;
- тарихи-ерлік мұра;
- мақал, мәтел, аңыз-әңгімелер;
- әдебиет;
- музыка қолданылды.

Еңбек тәрбиесі.

Қазақ халқының басты еңбек іс-әрекеті ол малшаруашылығы болды. Балаларды соған даярлады. Ал жұмыстың негізгі түрі – бақташылық, малға қарау, өнімдер жасау болды. Балалар болса үлкендердің үлгісіне, жасаған шаруасына (еңбегіне) қарап өсті, оларды қайталады. Еңбек іс-әрекетінің басты түрі қолөнер болды. Оған тері илеу, одан бұйымдар жасау, жүн түту, одан киіз басу, ағаштан, темірден бұйымдар жасау, құрылыс жұмыстары (қыстау, малқора салу) жатты. Тәрбие барысында еңбекке қатысты мақалдар пайдаланылды.

Қыз балаларда еңбекке тартылды. Оларға отбасылық-ошақ қасылық еңбек түрлері үйретілді. Бұл үй жинау, тамақ даярлау, ұзақ мерзімде сақталатын тағамдарды жасау, киім, кесте тігу, кілем тоқу, киізден бұйымдар жасау арқылы жүзеге асырылды.

Келесі тәрбие бағыты ол эстетикалық тәрбие.

Қазақ халқының дәстүрінде эстетикалық тәрбие жоғары деңгейде ұйымдастырылған болатын. Ол сыртқы пішін, киім кию, өнер, архитектура, тіл, әдебиет, музыка, би, өлеңдерді айтып үйрену арқылы жүзеге асырылды.

Эстетикалық тәрбиенің амалдары ретінде:

- табиғат;
- шешендік, қызыл тіл, поэзия, эпостар, аңыздар, ертегілер, ақындар айтысы т.б. Аталған тәрбие бағытының көздері ретінде «Қобланды», «Алпамыс», «Қыз жібек», «Қозы- Корпеш – Баян сұлу» эпостары;
- ән-күй, өлең;
- ұлттық би;
- қолданбалы өнер болып табылды.

Дене тәрбиесіне қазақ халқы үлкен мән берген, оны бала дүниеге келген күннен бастап жүзеге асырған.

Балалар үнемі далада, табиғат аясында жүрді. Дене тәрбиесінің амалдары ретінде:

- ауа мен сумен шынықтыру: баланы жалаңаш жатқызу, үстіне суық су құйу, құйрық маймен сылау, массаж жасау, жазда жалаңаяқ жүргізу;
- атқа міну;
- бәйгеге, аламан-бәйгіге қатысу;
- алыс шақырымға шабу, жорға жарыс, көкпар, қыз-қуу;
- ойындар: ақсүйек,алтыбақан т.б.;
- күрес;
- спорттық жарыстар;
- аң аулау;
- әскери жаттығулар қолданды.

VII ғ. Қазақстан территориясында ғылым, ағарту, мәдениеттің дамуы ислам дінінің ықпалымен жүріп отырды. VIII-XVIII ғғ. дейін білім беруде басты роль мұсылман мектебі мен медреселер атқарды. Бұлардың міндеттеріне ислам дінін тарату болды. Балаларды молдалар оқытты. Білімді араб тілінде алды. Мектептердің іші қарапайым болды, жиһаз қойылмады. Шәкірттер аламан төселген еденде малдас құрып отырды. Мектеп пен медреселер жазда және қыста жұмыс істеді. Оқу жылы 4-5 ай болды. Мектептерде негізінен 7-8 жастан 16-17 жастағы ер балалар оқыды. Білім беру мазмұны діни тұрғыда болды. Оқу процесінде діни мазмұндағы кітаптар пайдаланылды. Оқу араб алфавитін жаттаудан басталатын. Әріптерді қосып оқу әдісі қолданылды. Оқу құралы ретінде «Шариат-уя-иман» немесе «Иман-шарт» қолданылды.

Сонымен, біздер мақалада көне дәуірдегі Қазақстанда тәрбие мен педагогикалық ой-пікірдің даму тарихына байланысты мәселелердің кейбір жақтарына ғана тоқталдық.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында аталған феномендерге қатысты қазақ халқында бай жағымды тәжірибе жинақталғанына біздер көз жеткіздік. Осыған байланысты айтарымыз алда біраз үлкен жұмыстар тұр. Олардың нәтижесі қазақ халқының пайдасына қолданылуы керек.

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы, 1995. – 352 б.

2. Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней // Под ред. академика Козыбаева М.К. Учебное пособие. – Алматы, 1992. – 171 с.

3. Асфендияров С.Д. История Казахстана: Учебное пособие. – Алматы, 1993. – 304 с.

4. Нарымбаева А.С. Туран – колыбель древних цивилизаций. – Алматы, 2009. – 688 с.

5. Сейталиев К.Б. Педагогика тарихы: Оқулық. – Алматы, 2008. – 416 б.

АБАЙ ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІН ЖАЛҒАСТЫРҒАН БИЛЕРДІҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ

Б.Т. Берлібаев – *т.ғ.д., проф., Алматы энергетика және байланыс университеті*

Резюме

В данной статье раскрываются исторические воззрения Абая Кунанбаева.

Summary

In given article reveal historical views of Abai Kunanbaev.

Дәстүрдің кеңес дәуіріндегі көзден ғайып бола сақтаған түрінің бірі – ауызша тарих айту дәстүрі. Академик Мұхтар Әуезов өзінің Абай туралы монографиясында «...дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз. Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті» деп жазған еді.

Мұқаңның осы ойының жан-жақты қарастырылып, жалғасын таппағанын байқаған зерттеуші Сейіт Қасқабасов қазіргі күні Абайдың ұлттық фольклорымыз бен Шығыс сюжеттерін пайдалануы жайында зерттеу жүргізудің мүмкіндігі туып отырғанын айтады.

Аса көрнекті шығыстанушы В.П. Юдиннің зерттеуіндегі даланың ауызша тарих айту дәстүрін дерек көзі ретінде мойындау керектігі жөніндегі пікірлерін ескерсек, қазақ халқының ауыз әдебиетінің деректерін тарихи деректерге айналдыратын кезең де енді келді. Еліміз тәуелсіздік алғалы, біздің халықтың өзіндік діл ерекшелігінен туындайтын осы ауызша тарих айту дәстүрін кейінгі кездері әдебиетшілер мен тарихшылардың бір бөлігі қуаттап, қолдай бастағаны қуантады.

Олар осы бір ұмыт болып бара жатқан дәстүрден дерек көзін іздестірудің тарихнамалық-методология-

лық тұрғыдағы негіздерін жаңартып, қайта түлетуге бет алды. Ондай зерттеушілер қатарынан С.Жақыпбеков, М.Қойгелдиев, Р.Артықбаев, Қ.Атабаев сияқты тарих ғылымдарының докторлары мен Синьцянь университетінің профессоры Су Бейхан, тарих ғылымдарының басқа да докторлары, кандидаттары мен ізденушілері Г.Жүгенбаева, З.Елешова, Ә.Балапанова, Ж.Орамах, М.Алпысбесұлы, Д.Салқынбек, Л.Жүсіпова, филолог-жазушылардан Р.Бердібаев, А.Сейдімбек, М.Мағауин, Қ.Салғара, З.Сәнік, Т.Қоныратбаев сияқты белгілі ғалымдар мен әдебиет өкілдерін көруге болады. Бүгінде бұл бастамағаны әсіресе Ақселеу Сейдімбек сияқты әдебиет өкілі қайта жаңартып отырса, бұған таңданудың қажеті жоқ. Өйткені, кеңес жылдарындағы нағыз қазақ тарихы қазақ әдебиетінің аясында лажсыз жасырынып келгенін сезінсек, бүгінде тарихи пернелер өз орнын табарына күмәндану – пендешіліктен басқа ештеңе де емес. Тарақты Ақселеу 1993 жылы «Балталы, Бағаналы ел аман бол» (шежіре) еңбегін жариялай отырып, Далалық ауызша тарихнаманың (ДАТ) тарихи танымдағы елеулі арна болып табылатын қасиетін жұрттың есіне салған еді. Оның 2008-ші «Қазақтың ауызша тарихы» деп аталатын еңбегі өзінің тарихилығымен құнды болса, ол ең алдымен қазақтың тарихшылдығын оның ұлттық болмасынан іздеудің нәтижесі болар деген ойға келеміз.

Ал, данышпан Абайдың қазақ жазба әдебиетінің негізін қалай отырып, Қазақтың ауызша тарихнамасын қазақтың ұлттық болмысының негізінде одан әрі дамыта білген қасиетін алғашқы байқаған Міржақып Дулатов болатын. Ол «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай», «Дауқұмар» мақаласында ерекше мәні бар маңызды мәселені көтеріп, Абай мұрасын халықтың тарихи жадының көрінісі ретінде ұғыну керектігін ұсынған. («Қазақ», 1914, №67). Т.Ақселеудің ДАТ деп отырғаны М.Дулатов айтып отырған халықтың тарихи жады екендігіне бүгінде күннен-күнге көзіміз жетіп келеді. Олай болса, Абайды Даланың ауызша тарих айту дәстүрін сақтап, дамытқан ірі қоғам қайраткері ретінде де білетін мезгіл жетті.

Шындығында, Кеңес дәуіріне дейін қазақтың ауызша тарих айту дәстүріне қазақтың әр от басындағы отағасы ие болды. Қазақ халқының XX ғасырдағы аса ірі реформаторларының бірі Әлихан Бөкейханов бұл жөніндегі шындықты былай көрсеткен: «Дүниеде өзге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып-білуге тиіс болады. Қазақ ішінде әр үйдің отағасы, әр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре». «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең», «Алпысқа келгеннен ақыл сұра!», «Аймақ құты – ақсақал, ауыл құты – бәйбіше» деген сияқты мақал-мәтелдер тарихты білетін шежіреші адамдарға қатысты айтылса керек.

Өткен ғасырдың басында қазақ тарихын осы шежіре арқылы жүйелеуге алғашқы болып кіріскендердің бірі Шәкәрім Құдайбердіұлын «қазақтың Карамзиніне» теңеген Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім ақсақалдың жазғандарына сын айта келе, оны тарихтың екі мақсатта жазылатын талаптарымен таныстырған:

1) Мектепте балаларға оқыту үшін һәм;

2) Халықтың бұрынғы қателерін жарыққа шығарып, айқындап, елдің өткен, бұл күнгі өмірін һәм келешегін білдіру үшін. Ж.Аймауытов тарихи шежірені осы талаптармен үйлестіргенде, адам һәм елдердің аттарымен қатар олардың ісін, тұрмысын, әдеті, заңдарын да көргісі келетінін ескерткен. Бұл үшін Ұлы Абайды кінәләуға болмайды.

Кейбір абайтанушылардың айтуынша, сондай-ақ Абай ауылының көне көз есті азаматтарының естелік әңгімелеріне қарағанда, Ұлы ақын інісі әрі талантты шәкірті Шәкәрімге қазақтың шығу тегі жөнінде арнайы зерттеп, оны халықтың өз төл шежіресімен сабақтастыра отырып, бұрыннан қалыптасып қалған жаңсақ ұғымдардың терістігін ұғынықты етіп дәлелдәп, жаңаша тарих жазуды тапсырады. Шәкәрімнің өзі оның растығын былай жеткізеді: ««Абай қазақ шежіресін жаз» деп, он тоғыз жасымнан қазақ шежіресін жинай бастадым». Әрине, бүгіндей бір елдің шежіресін ақпараты жетімсіз жағдайда жазып шығу оңай емес еді. Дегенмен, Абайдың шежіре-тарихты жазуды басқа шәкірттерінің біреуіне тапсырмай, Шәкәрімге беруі оның өз жолын қуған өзгелерден гөрі ғылым жолына ден қойып, тарихи шығармаларды зерделей оқып жүргендігі, бірнеше тілді жақсы білетін қабілеттігі себепкер болғанға ұқсайды. Солай болса да, аға артқан ауыр міндеттің жауапкершілігін сезінген зерделі іні терең зерттеп, ұзақ ізденудің салдарынан бұл еңбекті Абайдың көзі тірісінде жазып бітіре алмады. Бірақ ол кеш болса да, ағасының аманатын орындап, Абай бұл дүниеден көз жұмғаннан кейін жеті жыл өткен соң, «Түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі» деген атпен 1911 жылы Орынбор қаласында бастырып шығарды.

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым...» деп қабырғасы қайысқан ұлы ақын өз халқының тарихы мен тағдырына ерекше ден қойғаны соншалық, өлер алдында Шәкәрімнен сұрағаны осы шежіре-тарихтың жайы көрінеді.

Абайдың тарихи зерттеу істерімен шұғылдануы 1878 жылы Семейде құрылған Статистика Комитетінің жұмысымен тығыз байланысты. Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханұлы осы мәселенің шынды-

ғы туралы былай дейді: «Абай Михаэльспен бірге Статистика Комитетінің жұмысына белсене араласты. Әсіресе Семей облыстық өлкетану музейін ашу және қоғамдық кітапхана ашу жұмысын ұйымдастыру мәселесіне ат салысып, іс жүзінде көмек көрсетеді» («Абай» №1, 92, 39 бет.).

Абайдың өлкетану мұражайына жасау-жабдығымен киіз үй бастатқан, елуден астам нәрсе сыйлағанын бізге жеткізген Қ.Мұхамедханұлы Абайдың туған халқының тарихын зерттеу нәтижесінде жазған «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деп аталатын еңбегі, мен «Орта жүз қазақтарының рулары туралы» шежірелік мақаласының 1890 жылы жазылғанын айтып, осы мақалаға түсіндірме жазған Н.Коншиннің мына сөзін келтіреді: «Настоящая заметка с подсрочными к ней объяснениями составлена исключительно на основании слов одного очень известного в Семипалатинской области киргиза, не пожелавшего, чтобы его фамилия была напечатана, киргиз этот (из рода Тобыкты племени Аргын) выразил опасение, как бы сообщаемые им сведения не показались обидными для некоторых родов, любящих окружать свое происхождение разными фантастическими вымыслами» (Памятная книжкма Семипалатинской области на 1900 год, стр. 119). Көріп отырғанымыздай, Абайдың қазақтың шығу тегін орыс тілінде баяндап, оны Н.Коншин атынан баспаға ұсынуы, ал тағы бір ақын шәкірті Көкбайға Абылай мен Кенесары туралы дастан жазуды тапсыруы – төл тарихқа алаңдаушылықтың белгісі еді.

Шәкәрім Абайдың ұсынысымен жазған шежіре-тарихта қытай, араб, парсы, түрік, Еуропа жазушыларының еңбектерінен деректер алғанын ескертеді. Бірақ ол Абай оқыған Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік-тер шежіресін» кеңінен пайдаланғанмен, Абайдың тарихи деректерді қайдан алғаны жөнінде көрсететін жалғыз шығармасы «Бабырнаманы» пайдаланбаған. Абай өз дерегінің қайдан алынғанын Алаша хан жөнінде айта келіп, «Алаша хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты, қалмақ рақымсыздығына қарай» мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы болды деудің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. «Бабырнамада» солай жазылған дейді. Бірақ Шәкәрім, Алаша хан туралы осы мәліметтерді жеткізе келе, «Бұл сөздің анықтығы Әбілғазы баһадүрхан мен Аристов екеуінің кітабында да бар» деп «Бабырнаманы» ауызға алмайды. Бұдан не аңғаруға болады? Біріншіден, Абай Шәкәрімнің аса зеректігі мен біліміне күмән келтірмей, оның шежіре жаза алатынына шексіз сенген десек, екіншіден, жоғарыда Ж.Аймауытов сынағандай, шежіреде адамдардың тұрмысын, әдет заңдарын көрсетуді Абай Шәкәрімге жүктемеген сыңайлы. Себебі, бұл өзінше бөлек әрекетті қажет ететін тірлік. Керісінше, Абай бұл істі өз мойнына алған тәрізді. Осыған орай Шәкәрім де би ағасының еншісіне ортақтасуды өз міндетіне алмаған.

Тарихқа үңілсек, Балқожа бидің тәрбиесін көрген Ыбырай Алтынсарин өзінің «Киргиз хрестоматиясына», «Ізбасты», «Байұлы», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен» дейтін тапқырлық-шешендік сөздерді енгізіп, оларды оқуға ұсынды. Сөйтіп, халық даналылығының балаларды тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбиелік мәнін дұрыс түсінген ағартушы оны өз кезегінде тарихи білім ретінде қажетке жарата білген. Сол сияқты, Абай қазақтың тұрмыс-тіршілігін, заңдық-құқықтық әдет-ғұрып нормаларын өзінің би ретіндегі жауапкершілігін сезіне отырып, қара сөздерінде нақышына келтіріп баяндайды да, ол Ғақлия деген атпен қолжазба кітап болып шыққанда, оны балаларға оқытуды молдаға табыстаған.

Бұл ретте Абайдың немересі Уәсиланың естелігі біраз мәлімет береді: «Әлі есімде бір күні біздің оқып отырған үйімізге әкем келді. Әдеттегідей бәріміз орындарымыздан тұрдық. Әкем айнала қарады да: Отырыңдар! – деді. Біз отырып жайғасқан соң, молдаға қарап:

- Балаларға мына бір кітап әкелдім, осыны көшіріп, көбейттіріп, бала басына бірден таратып бер. Бүгіннен бастап осы кітапты қоса оқыт!, – деді.

Біз қуанып кеттік. Әкем үйден шыққан соң, молда әлгі кітапты алды да, бас жағын оқыды, кітап қолжазба екен. Біз ол кітапты көшіріп, оқи бастадық. Басқа кітаптарға көп көңіл бөлмейтін болдық. Өйткені, бұл жаңа кітаптың тілі ұғымды, сөзі түсінікті, ылғи ақыл айтып отыратын жақсы кітап болды. Кейінірек байқасам, сол кітап әкемнің «Ғақлия» атты қарасөзбен жазылған кітабы екен. Біздің молдадан бұл кітапты естіген басқа молдалар да, көшіріп алып, өз шәкірттеріне оқытып жүрді».

Демек, Абай да, халықтың «көне сөздерін» өзінің «қара сөздеріне» жинақтап, болашақ үшін қазақ халқына тән ділдік ерекшеліктерді тарихи білім көзі ретінде ұсына білген. Бұл – сол кездегі мәдени дамудың үлкен жетістігінің көрінісі болатын. Зерттеуші В.П. Юдиннің пікіріне жүгінсек, «Далалық ауызша тарихнама жалпы тарихнамамен сәйкеспегенімен, заңдылықтары жағынан бір. Далалық тарихнаманың қайнар көздерін зерттеу Дешті-Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімін айрықша құбылыс, құрылым және мәдени дамудың көрсеткіші ретінде қарастыруға мүмкіндік береді деп сенеміз».

Шоқанның пікіріне үңілсек, қазақ қоғамында би атағын алу үшін екі шарт: бірінші – әдет-ғұрып заңын жетік білу, екінші – шешендік қабілеті болу керек. Дәл осыған ұқсас пікірді өз бойынан жаңағы екі қасиетті де көрсете білген Абай да айтады: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің

қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», «Әз Тәуке ханның Күл төбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. Һәм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек». Шоқан мен Абайдың осы айтқан пікірлерінде дау шешіп, билік-бітім сөз сөйлеу үшін әдет заңдарын білумен бірге, шешендер-тарихшы маман сияқты маңызды рөл атқарғанын орынды көрсетеді.

Сәкен Сейфуллин 1932 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің» 1-ші кітабында шешендік сөз өнері бір кісінің үлесі емес екендігін, қайта бір сөзді әлденеше кісі иемденіп айтатындығын дұрыс аңғарған. «Пәлен бидің сөзі екен» деген сөздің көбін сол бидің өз жанынан шығарған сөзі деп бекіте айту қиын, өйткені бір бидің сөзін екінші бидің жадында сақтап, оны өзінікі қылып айта берген. Осы күні бір рудан «пәлен би айтқан екен» деген сөздерді тексеріп келсең, ол биден талай жыл бұрын басқа бір би айтқан сөз болып шығады».

Демек, белгілі бір сөз нақты бидің айтқаны болмағасын, оны халық шығарған болып табылады. Ал халық шығармасының қайсысын алсақ та, алдымен оны жеке адамдар, біртіндеп басқа адамдар жаңғырта жүріп өңдейді, өзгертеді. Ақырында әлеуметтік мәні, тарихи құны бар әрбір шығарма сынала, сырлана келе әрленеді. Сөйтіп барып, белгілі бір халықтың тұрмыс-салтына, тіршілік-тілегіне, ұғым-сеніміне үйлесіп қалыптасады да, билер арқылы бүкіл халықтық мұра сияқты ортақ рухани қазынаға айналады.

Би болса, ол – ежелгі заманнан бергі қауымның (рудың) басшысы, көсемі. Бірақ оның басшылығы төре тұқымы хан-сұлтандар сияқты тегіне немесе байлық ерекшелігіне емес, жеке басының қасиетіне, атап айтқанда, елдің тарихын, салт-санасын, әдет-ғұрпын жетік білу мен ойға жүйрік, тілге шешендігіне байланысты болған. Бұған жоғарыда айтқан Шоқан, Абай және Сәкеннің сөздері дәлел.

Сібірдегі бұратана халықтардың әдет-заңдарын зерттеген Д.Самоквасов бұдан тоқсан жылдай бұрын: «Би атағы халық санасында табиғи шешендік дарынымен бірге халықтың негізгі әдет-ғұрыптарын және елінің тарихы жайындағы аңыз-әңгімелерді жетік білетін бірен-саран адамдарға ғана тиіс», – дейді. Олай болса, қазақ биі билеуші ғана емес, сонымен қатар, білім мен өнер иесі, яғни өз заманының заңгері, әдебиетшісі болумен бірге, ол ең әуелі кәсіби тарихшы болған. Ендеше Абайды қазақ қоғамындағы ұлы билердің соңы болумен бірге даланың ауызша тарих дәстүрін жалғастырып, оны сөйлете білген тарихшы десек, оның несі айып?

Өз дәуірінде билерді қанаушы таптың өкіліне жатқызуға мәжбүр болған М.Әуезовтың пікіріне жүгінер болсақ, ол Абайдың би ретіндегі тұлғасын, яғни тарихшы ретіндегі бейнесін «Абай Құнанбайұлы» деген монографиялық еңбегінде оның қарасөздерін тілге тек ете келе, былай деп, астарлы түрде жеткізеді: «Қарасөздер» көркем прозаның өзінен бөлек, Абайдың өзі тапқан бір алуаны болып қалыптанады. Бұл сыншылық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді». Енді М.Әуезовтың осы пікірін талантты шығыс зерттеушісі В.П. Юдинның «Қара сөз» атауына байланысты айтқандарымен салыстырсақ, Абайдың Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білім үлгілерін жалғастырушы екендігіне тәнті боламыз. «Далалық ауызша тарихнаманы көрсететін шығармаларды, – дейді В.П. Юдин, – оның қайнар көзі деуге болады. Олар тарихи әңгіме жинақтарын – Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімінің» бөлімдерін көрсетеді. Бұл әңгіме-бастаулар арнайы «қара сөз» атауына ие болды, яғни «ескі сөз», «ежелгі сөз» дегені». Демек, М.Әуезов пен В.П. Юдин бір пікірдің адамдары. Олар «қара сөзді» тарихи білім ұғымына жатқызса, онда ол ұғымды баса-бастан, би дәрежесіне жеткен тарихшылар ғана биік шыңға шығара алады.

Сонымен, қанатты сөздерді кейде «қара сөз», «көне сөз», «қария сөз» дейтін болсақ, даланың ауызша тарих айту дәстүрі бойынша, ондай сөздердің тарихи мәндік ұғымы болған және ол жалпы тәрбиеде маңызды рөл атқарған. Бұл арада, Абайдың өзін сөйлетер болсақ, оның жер дауы туралы бітім-билігіне қарап, көпті көрген көзі қарақты, көкірегі шот, көңілі қазыға лайық нағыз тарихшы екенін байқаймыз. Інісі Оспанның жатақтарды қорлап, олардың егініне жылқысын жайған қылығына наразы болған Абай: «Жер ортақ, өсімінде менікі-сенікі жоқ» деуің жатақ елінің табанының етін, маңдайының терін бағаламау, ел дәстүрінің ата заңында бар ма? Білмесең, бар, ана Нұрсейіттен сұрап біл!...» деген екен. Немесе, Абайдың нағашысы Тонтай, Абайға: «Төрт түліктің қасиетін бір ауыз сөзге сиғызып, айтып бер!» дегенде, Абай: Асыл – мүлік болады – қойдың жүні, Шудалы түйе сұлу жаздың күні. Қымызы мен жақсы аттың желігі артық, Сиырдың күзде озады сүмесіні, – деп, жауап беріпті. Бұған қарап, Абайдың елдің ауызша тарих айту дәстүріндегі заң үрдістерін де, қазақ өмірінің негізгі тұтқасы болған мал шаруашылығының даму тарихын да терең білген адам екеніне күмәнданбаймыз.

Қазақ қоғамында кәсіби тарихшының рөлін билер атқарған заманда, әсіресе билердің соңғы тұяғы Абай өмір сүрген кезенде тұтастай бір тарихи дәуірді қазақтың ауызша тарих айту дәстүрінің бір тармағы

қазақы поэзия арқылы да бейнелеуге тура келді. Соның өзінде Абайдың поэзиялық творчествосы тек жарты ғасырды ғана қамтитын тарихи дәуірді танытады десек, бұл Абайға көзқарасымыздың әлі жұтаңдығын көрсетеді. Егер Абай заманында қазақтың ділі біржола қалыптасқанымен, оның даму түп-тамырының әріде жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы қоғамның дамуындағы өзі өмір сүрген кезеңді бейнелеу арқылы қазақ халқының тағдыры мен, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін оның өткен жолымен байланыстыра білген деп бағалауға әбден лайық. Міне, осы жағынан келгенде Абай, ұлттық тарихи білімді поэзия тілімен де дамыта білген ірі қоғам қайраткері. Оның бұл арадағы қайраткерлігі поэзияны өз заманының аддамдарының қабылдау түйсігіне сәйкестендіріп, халықтың күнделікті өмірінде жиі кездесетін тарихи құбылысты жеке адам тағдыры арқылы бере алу талантына байланысты. Ол өзінен бұрынғы халық жадында сақталған қаһармандық эпостардың сюжетін бұздайды, қайта оны жинақылап, нақтылап, оқиғаны реалистік тұрғыдан көрсетіп, тарихи білімді өз тұрғысынан дамыта білді.

Халық ауыз әдебиетінде жасы келген ауқатты адамдардың жас қызды әйелдікке алуы тақырыбындағы сюжеттік оқиға жиі кездессе, Абай бұл сюжеттегі оқиға желісінің дәстүрлі белгілерін сақтап, оны фольклорлық сарыннан бөліп, өмір мен тұрмыстың шындығына қарай бейімдеуге мән береді. Мұндайда ақынның гумандық дүнетанымы бой көрсетеді. Ақынның «Бір сұлу қыз...» өлеңін алайық. Абай:

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.
Деген сөз: «Бұқа буға, азбан дуға»,
Хан қарық боп, түсіп жүр айғай-шуға,
Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға...»

деп, бұрынғы эпостардағыдай ұзын сонарға бармай, кейіпкердің іс-қимылына деген көзқарасын ашық айтады. Сөйтіп ол, фольклорлық материалды көркемдеп баяндағанда, адамды басты идея етіп алады. Егер біз тарих дегеніміздің өзін өмір мен қоғам танудың, адам танудың негізгі мектебі деп түсінсек, Абайдың жаңағы әрекетінен оның тарихи білімді өз заманына бейімдеп дамытушы қоғам қайраткері екеніне тәнті боламыз. Оның адамды басты идея етіп алу шеберлігі шығыс фольклорының сюжеті мен дінмен бірге келген тарихи білімді тілге тиек ету арқылы жазылған үш поэмасында да кездеседі. («Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі»).

Өмірге ылғи да гуманистік тұрғыдан қарай білге Абай, «Ескендір» поэмасын жазбас бұрын тиісті тарихи материал жинақтап, олардың ішінен неғұрлым шындыққа жақын келетін сюжет түрін таңдай білген. Яғни, дүниеге өлгенде ғана тоясың деген идеяны басшылыққа алған Абай, Ескендірдің жағымсыз бейнесін дәл жеткізу үшін қазақ арасында сол жиһангез-қолбасшы жөнінде кең тараған шығармалар арасынан өз халқының менталитетіне (діліне) сәйкес келетін көне заманғы Талмудтың сюжетін пайдаланған. Дінге негізделген ол сюжеттің мазмұнына ислам дініндегі қазақтардың сенбесіне қоймайтынын Абай жақсы түсінген. Өйткені дәл Абай заманындағы халық ислам дінімен бірге келген тарихи білімнің жетегінде болатын. Аталмыш сюжет бойынша, Ескендір патша көп әскерімен басқа елде жорықта жүріп, жұмаққа келіп тіреледі де, оның ішіне қанша әуіреленсе де кіре алмайды. Жұмақтың шырақшысы оған адамның бас сүйегін сыйға тартады. Патшаның қасындағы кеңесші ұсынған сыйлықтың сырын ашып, мәнісін түсіндіреді.

Осыдан кейін барып пәтуаға келген әумесер патша қалың әскерін алып өз жұртына қайта кетеді. Абай бұл арада біріншіден, барды қанағат ете білу сияқты имандылыққа негізделген тарихи білімді ұсынса, екіншіден, атақты қолбасшы-жиһангер барынша дәріптелген бұрынғы жазылған шығармалар жетегінен өз халқын арашалап алуды мақсат еткен. Осы арада, академик С.Қасқабасовтың пікірі біздің ойымыздан шығады. Ол айтады: «Ел арасында айтылып жүрген хикаяттар мен жазба шығармалардағы данышпан патша, әулие, пайғамбар, алланың сүйікті адамы, Әжуд-Мәжудтерді тоқтатқан Ескендір Зұлқарнайынды әшкерелеу, оның қайда, қай уақытта өмір сүргенін айту, өмірде қандай адам болғанын көрсету, сөйтіп Ескендер есіміне байланысты қате пікірді жоққа шығару Абайдың басты мақсаты болған».

Абай «Масғұт» поэмасында да ислам дініндегі Қыдырды мүсәпір шал бейнесінде көрсетіп, мәселені қазақтардың сол дінмен бірге келген тарихи білім түсінігіне орайлас тілмен жазу жағын ескерген. Осы поэмадағы негізгі мақсат та «Ескендірдегі» сияқты өмірге демократтық-гуманистік көзқараспен қарап, тарихи білім негіздеріне реалистік тұрғыдағы позициясынан туған мұраттар еді.

Тарихи білімнің ауызша тарих айту дәстүрінің өмірге үйлесімді болуын қадағалай білген Абай өзінің жиырма тоғызынша сөзінде «Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл,

не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар» – деп кейіп, көптеген мақалдардың қолданыстағы түрінде сын айтса, бұл сол тарихи білімнің тазалығына деген қамқорлық болатын.

Тіпті ол, өзінің өлеңдерінде дәстүрлі мәтелдерді мақал дәрежесінен асырып, афоризмге дейін ұластырып, ауызша тарих айту дәстүрін заңғар биіктерден көрсете білген.

Афоризм – халық мақалы сияқты қысқа қайырымды сөздердің айшықты түрі. Немесе, қанатты сөздердің айшығы афоризм арқылы беріледі. Ал қанатты сөздерді кейде «қара сөз», «көне сөз» дейтін болсақ, даланың ауызша тарих айту дәстүрі бойынша, ондай сөздердің тарихи мәндік ұғымы болған, және ол жоғарыда айтқандай, жалпы тәрбиеде маңызды рөл атқарған. Қазақтар сөз қадірін терең білген сайын, өз тарихын да соғұрлым жадында сақтай білген. Егер, белгілі бір қанатты сөздер поэзия сатысына дейін көтерілсе, оның мағынасы бұрынғыдан да гөрі әрленіп, оған халықтың елігіп, құштарлануы артады. Сөйтіп, сөз қадірін білген адам поэзиялық тұрғыға көтерілген афоризмдерді жақсы қабылдап, өз ұрпағына жалғастырады. Ендеше, афоризмдік үлгімен тарихи қанатты сөздерді әрлендіріп, ұрпаққа қалдыруды Абай биік шыңға көтерген. Оны халық мақалдарымен салыстырып көрейік:

Халық мақалы	**Абай афоризмі**
«Екі кеме құрығын Ұстаған сұға кетер»	«Екі кеме құрығын Ұста, жетсін бұйрығың»
«Жаман сиыр өрешіл»	«Сиырша тойса мас болып, Өреге келіп, сүйкенер»
«Еңбек етсең, емерсің»	«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»

Осыған қарап, айтарымыз, қазақтың ауызша тарих айту дәстүрін ұрпақтарға жалғастырып, оны біздің дәуірімізде жазбаша тарихқа айналдырып кеткен билердің ең соңғы тұяғы Абай – ірі қоғам қайраткері.

Біз, Абайды «жазба әдебиетінің негізін салушы» дегенде, оның ауызша тарих айту дәстүрін дамыта отырып, оны жазбаша жолға салудағы еңбегіне де мән берсек, тарихи шындыққа жақын келеміз. Сондықтан, кеңес дәуіріндегі Абайға қатысты үйреншікті тұжырымдардан арыла отырып, жазба әдебиетінің Абайға дейін де қалыптасқанын қазір белгілі болып жатқан дәлелді деректермен айшықтап, Абайға көзқарасты ашық тұрғыдағы ұлттық мүдделермен ұштастыра білу керек. Ал осы мақаладағы Абайдың тарихшылдығын қарастырудағы мақсатымыз, кейбіреулер айтып жүргендей, мифопоэтикалық ыңғайдағы борпылдақ, балама тарих жасау емес, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы Жолдауында көрсетілгендей, «дәстүрді сақтап, түлету» ниетінде, қазақ тарихын дамыту үшін ауызша тарих айту дәстүріндегі Абай үлгілерін дерекке айналдыру.

«Өзі өмір сүрген заман шындығы, қоғам құрылысы Абайдың өлеңдеріне де, қарасөзіне де негіз болды» – деп көрсеткен зерттеуші Х.Ж. Сүйіншәлиев оның тарихшы ретіндегі бейнесін былай сүреттейді: «Көзіне көрінген өмір көріністерін Абай жалынды жырмен де, жай қарасөзбен де жетімді дәрежеде айтып берген. Олай болса, Елбасының бүгінгі талап-тілектеріндегі Абайдан үлгі алу мәселесінің өзегі дәстүрді түлету арқылы Абайды сөйлету болса керек.

Президент Н.Ә. Назарбаев 2006 жылдың жиырма төртінші наурызында «Қазақ әдебиетіне» берген сухбатында көпшілікке мынандай сауал тастады: «Біз үнемі» қазақ ауыз әдебиеті мұралары телегей-теңіз, аса бай» дегенді жиі айтамыз». «Бай» болса ол қайда? Бар болса неге шығармаймыз?». Біз айтар едік, ауыз әдебиеті ауызша тарих айту дәстүрін Абайға дейін сақтап келсе, Абай оны өз өлеңдері, поэмалары мен қара сөздері және мақалдары арқылы нақышына келтіріе отырып, жазбашаға айналдырған қазақ билерінің соңғы буыны. Олай болса, қазақ ауыз әдебиетін афоризмдік дәрежеге дейін көтерген Абайдың ауызша тарих айту шеберлігін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп бере алсақ, Ел басының сұрағына қайтарылатын жауаптарға жақындаймыз.

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959, – 208 б.

2. Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері (Ұжымдық монография). – Алматы. «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. – 202, 61 б.

3. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998, – 16 б.

4. Ол да сонда, – 268 бет.

5. Мырзахметов М. Абай ізімен, – 136 б.

6. Қазақстан Республикасы ҒА Хабарлары, Тіл, әдебиет сериясы, 1992 - №1, – 30 бет.

7. «Абай», - №1, 1992, – 42 бет.

8. Абай, 1993, - №5, – 42 бет.

9. Шәкәрім, түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі // Жұлдыз, - №1, 1991.

10. Абай, шығ. Жинағы, – Алматы, 1961, – 493 бет.

11. Шәкәрім, аталған еңбек, – 78 бет.
12. Алтынсарин Ы. Таңд. шығ., – Алматы, 1955, – 82, 87, 88, 123 бб.
13. Абай әңгімлері / ел аузынан алынған / ҚР Ұлттық ҒА-ның Орталық кітапханасының қолжазба қоры, 1950.
14. Утемиш-Хаджи, Чингиз-наме, – Алматы, 1992 – 65 бет.
15. Уәлиханов Ш. Мақалалар мен хаттар, – Алматы, 1949, – 56 бет.
16. Құнанбаев А. Шығ. толық жин., 2-т, 1945, – 157 бет.
17. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті, 1-кітап, 1932, – 14 бет.
18. Самоквасов Д. Сборник обычного права сибирских иногородцев, – Варшава, 1876, – стр. 46.
19. Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 1959, – 168 бет.
20. Юдин В.П. Чингиз-наме, – Алма-Ата, 1992, – 66 бет.
21. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер; 10 томдық. Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша, – Алматы: Жеті жарғы, 2004, – 171 бет.
22. Төреқұлұлы Н. Қазақтың 100 би шешендері, 1995, – 230-231 бб.
23. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы, Бірінші том. – Алматы: «Жазушы», 1986, – 263-267 беттер.
24. Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері (Ұжымдық монография). – Алматы: «Ғылым» 2002, – 75 бет.
25. Абай. Қара сөз. Поэмалар. «Ел». – Алматы, 1993, – 63 бет.
26. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздері (Афоризмдері), – Алматы, 1958, – 13 бет.
27. Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қарасөздері. – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы, 1956. – 52 б.

СТРУКТУРНО-СОДЕРЖАТЕЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

А.Е. Жумабаева – *д.п.н., проф.*,
Т.К. Оспанов – *к.п.н, проф.*,
А.А. Кдырбаева – *к.ф-м.н., проф.*,
А.Х. Сулейменова – *ст. преподаватель КазНПУ им. Абая,*
Д.К. Айджанова – *Общественный фонд «Step by Step»*

Одна из задач высшей педагогической школы – выработать у будущих педагогов-воспитателей устойчивую потребность в самовоспитании и самообразовании, являющихся основными компонентами творческой деятельности. Самообразование и самовоспитание способствуют формированию умений, навыков, способностей и личностных качеств студентов в период их обучения. Они играют важную роль в практической деятельности педагога как для его самосовершенствования, так и для организации самовоспитания ребенка и руководства им.

Современные социально-экономические условия ставят перед системой профессионального образования задачу подготовки компетентного, конкурентоспособного специалиста для работы в динамично меняющихся условиях, способного самостоятельно и творчески решать профессиональные задачи, готового к дальнейшему самообразованию и саморазвитию. Решение этой проблемы сосредоточено в построении нового образовательного пространства и реализации положений Болонской декларации.

В условиях инновационных преобразований образовательной сферы меняется стратегия подготовки специалистов, в том числе и будущих педагогов дошкольного образования. Особое внимание современных исследователей обращено на подготовку специалистов, способных творчески реализовывать свои педагогические умения в новых условиях жизни, в ситуациях быстрых перемен. В связи с этим в современной педагогике идут противоречивые процессы, связанные с изменением её содержательных характеристик. Одна из отличительных особенностей этих процессов заключается в том, что осуществляется пересмотр и переосмысление содержания профессиональной готовности выпускников педагогического вуза в целом и педагога дошкольного образования в частности.

Особо актуальной становится проблема обеспечения дошкольных образовательных учреждений профессионально компетентными педагогическими кадрами, способными к эффективному управлению образовательным процессом и содействию успешной социализации детей дошкольного возраста. Поэтому перед профессиональным образованием стоит важная задача сформировать у будущих педагогов дошкольного образования личностно и профессионально значимые компетентности, определяющие их профессиональную готовность к работе с детьми дошкольного возраста.

Предпосылками для решения этой проблемы послужили современные подходы и направления в профессиональной подготовке будущих специалистов: движение от понятия «квалификация» к понятию

«компетентность»; переход на многоуровневую систему высшего образования; качество образования как центральная задача формирования единого образовательного пространства, – направленные на поддержку высокого статуса и уровня профессиональной компетентности будущих специалистов.

Профессиональная деятельность педагога дошкольного профиля имеет свои специфические особенности. Многие исследования подчеркивают, что успешное развитие ребенка дошкольного возраста, его личностная активность и социальная состоятельность зависит от грамотного, целенаправленного руководства со стороны взрослого. Поэтому специфика профессионально-педагогической деятельности педагога дошкольного образования заключается в том, что инвариантные требования и характеристики обогащаются специфическими особенностями профессиональной деятельности: возрастные особенности детей дошкольного возраста, особенности организации деятельности, особенности взаимодействия между детьми и сотрудниками ДОУ. Структура деятельности педагога дошкольного профиля определяется его миссией, связанной с обеспечением организационно-управленческих условий для успешного образования и социализации ребенка в условиях ДОУ.

Так как образовательный процесс находится в поле профессиональной деятельности и организатора-методиста, и воспитателя дошкольного образовательного учреждения, это позволило нам в большей степени рассматривать объем педагогической деятельности, направленной на создание условий для успешного и гармоничного развития и образования ребенка.

Определяя структуру профессиональной деятельности педагога дошкольного образования, мы постарались выделить основные объекты его деятельности (схема 1).



Схема 1. Структура деятельности педагога дошкольного образования

Представленная структура деятельности педагога дошкольного образования включает в себя: перечень сфер и объектов профессиональной деятельности, раскрытие основных ее видов, и является основой для квалификационных характеристик будущего педагога. Следовательно, структура деятельности проецирует на процесс профессиональной подготовки будущего специалиста и становится образцом и аналогом его деятельности, а также задает содержание и формы соответствующей учебной деятельности студентов.

Таким образом, целостное представление о структуре педагогической деятельности специалиста дошкольного профиля, характеристика ее содержания позволили сформировать компетентностную модель будущего педагога дошкольного образования, которая рассматривается как сумма составляющих компетентности, формирующихся в процессе образовательной деятельности, и представляет собой обобщенное описание того, чего должна достигнуть личность в процессе образовательной деятельности для успешного функционирования в системе общественных отношений в роли компетентного специалиста.

Н.Ф. Талызина отмечает, что модель деятельности специалиста должна определять систему задач, которые встают перед специалистом после окончания обучения [3]. А.А. Калмыков определил модель специалиста как описание целей образования, сводящихся к системе осваиваемых в процессе образования способов, средств и ресурсов адаптации к профессиональной среде. Автор говорит о том, что, разрабатывая модель специалиста, необходимо включать следующие элементы: общие квалификационные требования к специалисту, описание профессиональной среды, общее назначение специалиста и основные виды его деятельности, структуру и содержание деятельности специалиста, личностные качества и качества специалиста [4].

Таким образом, модель специалиста определяет необходимые качества, свойства, знания, умения, особенности личности, необходимые для успешного овладения определенным родом деятельности. Она включает в себя характеристики профессиональной деятельности и профессиональные задачи, а также является нормативом планируемых профессиональных качеств выпускника.

Базой для создания компетентностной модели будущего педагога дошкольного образования выступили квалификационная характеристика, определенная государственным образовательным стандартом, модель деятельности педагога по ее осуществлению, а также исследования уровня подготовленности выпускников ВУЗа к дальнейшей профессиональной деятельности.

Таким образом, руководствуясь требованиями Государственного образовательного стандарта высшего профессионального образования по специальности 5В010100" Дошкольное обучение и воспитание" в области определения основных видов деятельности педагога-организатора дошкольного образования и научно-методическими разработками моделей компетентностей, нами была предпринята попытка создать компетентностную модель педагога дошкольного образования как структуру, состоящую из трех групп компетентностей (*схема 2*), выявить типологию универсальных и предметных компетенций будущего педагога, а также наполнить их содержательно.



Схема 2. Компетентностная модель специалиста дошкольного образования 5В010100 - Дошкольное обучение и воспитание

В качестве основных были выделены *универсальные и предметные* компетентности [2]. Универсальные компетентности являются базовой основой для профессионального становления специалиста любой области деятельности в условиях современной рыночной экономики, они обеспечивают нормальную жизнедеятельность человека в социуме. При характеристике универсальных компетентностей важным является учет основных потенциалов, которыми должна обладать личность: познавательный, морально-нравственный, творческий, коммуникативный потенциалы, определяющие направленность на самоопределение в системе общественных отношений. Отсюда следует, что универсальные компетентности представляют собой систему знаний, умений, качеств личности, способствующих успеху его профессиональной деятельности.

Значительная часть составляющих универсальной компетентности приобретается педагогами вне образовательной деятельности. Однако следует подчеркнуть, что некоторые социально значимые качества личности не являются постоянными категориями. С изменением социально-экономического устройства общества меняются и представления об оценке личностных качеств. Это означает, что отдельные социально значимые качества личности подвижны во времени и направления их трансформирования диктуются объективными социально-экономическими условиями. И это, в свою очередь, означает, что современный компетентный педагог обязан отслеживать эти процессы и быть готовым адекватно объективным условиям реагировать на возникающие инновации, грамотно использовать их как в личностном развитии, так и в решении педагогических проблем. Следовательно, профессиональная компетентность есть итог той внутренней работы самой личности педагога, в процессе которой внешнее, пройдя через субъективность личности, перерабатывается и осваивается ею, порождая порой четко не осознаваемое умение в конкретной педагогической ситуации разрешить конкретную педагогическую проблему.

Следующей составляющей компетентностной модели будущего педагога дошкольного профиля являются предметные компетентности, которыми должен обладать специалист педагогического профиля, и определяющие его успех в педагогической деятельности. Сформированность этих компетентностей способствует самореализации и конкурентоспособности педагога на рынке труда, делает процесс профессионального становления личности целостным и системным.

Учитывая тот факт, что специалист должен обладать как общими, так и частными компетентностями в рамках конкретной профессиональной деятельности, модель будущего педагога должна содержать и общепрофессиональные, и специальные компетентности. Поэтому, опираясь на квалификационную характеристику специалиста дошкольного образования, определенную государственным образовательным стандартом, мы сочли необходимым выделить специальные компетентности, характеризующие готовность специалиста в узкой области профессиональной деятельности, то есть деятельности в сфере дошкольного образования.

Все структурные компоненты профессиональной компетентности направлены на практическую деятельность педагога дошкольного образования в виде умений разрешать конкретные педагогические ситуации. Профессиональная готовность педагога, то есть его общая способность мобилизовать имеющиеся знания, опыт, личностные и социальные качества и ценности, которые приобретены в процессе образовательной деятельности и составляют профессиональную компетентность будущего педагога.

Итак, сформированная нами компетентностная модель демонстрирует специфику деятельности педагога дошкольного образования, обусловливающуюся созданием благоприятных условий для безопасного и творческого труда сотрудников ДОУ с целью укрепления здоровья детей, их образования и развития в соответствии с требованиями современного общества. Поэтому, формируя компетентностную модель будущего педагога дошкольного образования, мы попытались максимально возможно учесть специфику его профессиональной деятельности и сформулировать перечень специальных педагогических компетентностей, необходимых для успешного осуществления своей профессиональной деятельности в условиях дошкольного образования. С этой целью определили содержание специальных для него профессиональных компетентностей:

❖ **организационно-управленческие:**

- устанавливает профессиональный и личностный контакт с детьми дошкольного возраста;
- способствует созданию благоприятной среды для развития и образования дошкольника;
- устанавливает гуманные отношения между участниками педагогического процесса, основанные на диалогическом взаимодействии и эмоциональном контакте с детьми дошкольного возраста;
- мотивирует людей на совместную деятельность;
- координирует взаимодействие между сотрудниками ДОУ;
- устанавливает связи с общественностью;

• мотивирует родителей на взаимодействие с педагогами ДОУ; аргументировано и доступно раскрывает специфику развития и обучения дошкольника);

• осуществляет планирование деятельности ДОУ;

• осуществляет координацию и контроль педагогического процесса ДОУ;

• способствует формированию управленческой культуры администрации ДОУ;

• систематически повышает свою профессиональную квалификацию и квалификацию сотрудников ДОУ;

• обеспечивает охрану жизни и здоровья детей и сотрудников ДОУ;

• владеет способностью педагогического анализа;

• принимает участие в лицензировании, аттестации, аккредитации ДОУ;

• использует экспертные методы при оценке различных программ образовательного учреждения;

• применяет экспертную оценку работы педагогов и администрации ДОУ;

• организует экономическую деятельность ДОУ;

• составляет сметы финансирования и бюджетного нормирования расходов на ДОУ;

• составляет сметное планирование;

• работает с внебюджетными средствами ДОУ;

• составляет бизнес-план;

• анализирует развивающую среду и социально-технические условия ДОУ;

• моделирует образовательные и педагогические ситуации в ДОУ.

- использует требования к оснащению и оборудования помещений ДОУ;

• использует санитарные правила и нормы, правила техники безопасности и противопожарной защиты;

• осуществляет аналитическую и рекламную деятельность (проводит анкетирование, тестирование, опрос потребностей ребенка и общества; организовывает научно-методические выставки, ярмарки, занимается созданием сайта, PR-компании).

❖ **образовательные:**

• понимает значимость ребенка в системе общественных отношений;

• осуществляет образовательный процесс, направленный на развитие и образование ребенка в период дошкольного детства;

• владеет вариативным арсеналом воспитательных подходов и технологий;

• реализовывает личностно-ориентированный подход в работе с дошкольниками, т.е. владеет и может применить диагностические методики, направленные на изучение личности дошкольника;

• проектирует направления развития личности дошкольника, т.е., определяет основные тенденции и направления личностного развития ребенка, в соответствии с их возрастными и индивидуальными особенностями;

• отбирает содержание образования, т.е. опирается в отборе содержания на нормативные документы в области образования (государственный образовательный стандарт, программу);

• использует современные образовательные технологии;

• определяет критерии эффективности в применении образовательных и воспитательных технологий;

• способствует социализации детей;

• способствует формированию общей культуры личности детей и сотрудников ДОУ;

• конструирует различные формы психолого-педагогической деятельности;

• обладает способностями к рефлексии и саморефлексии деятельности.

❖ **научно-исследовательские:**

• строит программу своего профессионального самосовершенствования в области деятельности и в соответствии с инновационными направлениями в исследовании проблемы образования детей дошкольного возраста;

• участвует и организовывает деятельность методических объединений и другие виды методической работы.

Таким образом, на основе компетентностного подхода мы смоделировали образ современного педагога дошкольного образования, определили его профессиональную компетентность как уровень знаний и профессионализма, позволяющих принимать правильные решения в конкретной педагогической ситуации с целью содействия благополучного развития ребенка в условиях дошкольного образовательного

учреждения. А перечисленные выше компетентности составляют профессиональную направленность педагога дошкольного профиля, на основе которой он осуществляет свои педагогические функции и решает стоящие перед ним профессиональные задачи.

1. Байденко В.И. Компетентностный подход к проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования (методологические и методические вопросы): Метод. пособие. – М., 2005. – 285 с.

2. Болонский процесс: нарастающая динамика и многообразие / Под ред. В.И. Байденко. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2002. – 408 с.

3. Талызина Н.Ф. Пути разработки профиля специалиста. – Саратов: СГУ, 1987. – 176 с.

4. Калмыков А.А. Программно-методическое обеспечение переподготовки преподавателей ВУЗа (на примере преподавания Интернет). Дисс…канд. пед. наук. – М., 2002. – 192 с.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА СЕМЬИ В ПОДГОТОВКЕ РЕБЕНКА К ШКОЛЕ

А.С. Тотанова – *к.п.н., профессор КазНПУ им. Абая*

Түйін

Мақала баланы мектепке даярлауда отбасын педагогикалық қолдау мәселесіне арналған. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету баланың толыққанды дамуы мен білім алу құқығын жүзеге асыру мақсатында отбасына ұйымдастырылған кәсіби көмек ретінде көрсетілді.

Summary

Article is devoted to a problem of a pedagogical family support in preparation of the child for school. Pedagogical support of parents is carried out as the organized, professional help to a family for the purpose of realization of the rights of the child on full development and education.

Педагогическая поддержка как сложная, высокотехнологическая, специальная педагогическая деятельность, в основе которой лежит определенная парадигма. В идеале педагогическая поддержка родителей осуществляется как целенаправленная, организованная, профессиональная помощь семье с целью реализации прав ребенка на полноценное развитие и образование [1]. Семья является активной системой с имеющимися в ней резервами социальной активности и её собственным воспитательным потенциалом. Многие имеющиеся возможности семьи способны проявиться только в определенных стимулирующих условиях. И такие условия нужно создавать профессионально подготовленным специалистам. В настоящее время проблема подготовки ребенка к школе является наиболее актуальной, т.к. придя в школу, первоклассник должен иметь навыки чтения, письма и счета. Однако самое главное для любого человека, и для ребенка в частности, умение общаться, приспосабливаться, слушать, слышать и понимать.

Подготовка детей к школе является одним из наиболее важных вопросов педагогики. Именно школа является связующим звеном между детством и взрослостью. При этом посещение дошкольных учреждений не обязательно, а посещение школы строго обязательно. И дети, достигая школьного возраста, понимают, что школа открывает им путь к взрослой жизни. Отечественные исследователи считают, что готовность к обучению в школе – это многокомпонентное образование. Готовность к обучению в школе как многокомпонентное образование включает в себя такой уровень физического, психического и социального развития ребенка, который необходим для успешного усвоения школьной программы без ущерба для его здоровья. Все три составляющие школьной готовности тесно взаимосвязаны, недостатки в формировании любой из ее сторон, так или иначе, сказываются на успешности обучения в школе [2; 3].

Особое место в общей системе подготовки детей к школе необходимо отводить работе с семьей. От того, каковы семейные традиции, какое место занимает в ней ребенок – будущий школьник, какова по отношению к нему воспитательная линия членов семьи, зависит многое. Семья является главным институтом воспитания и играет важнейшую роль в подготовке ребенка к школе и ее влияние на эту готовность [4; 5]. Подготовка к школе – очень серьезное дело. В процессе подготовки ребенка к школе родители должны правильно организовать занятия будущего школьника, в игровые формы необходимо постепенно вносить элементы учебного процесса в школе для того, чтобы ребенок легче адаптировался в новой для него обстановке. Необходимо равномерно развивать умственные и физические способности ребенка, поддерживать его умственное и физическое состояние в хорошей форме для соблюдения общей гармонии развития. Процесс подготовки к школе должен иметь прогрессивный характер, направленный только вперед, к знаниям и новому статусу. В силах родителей создать в семье такую обстановку, которая не только подготовит ребенка к успешной учебе, но и позволит ему занять достойное место среди одноклассников, чувствовать себя в школе комфортно.

Основная задача родителей – это научить ребенка быть усидчивым, уметь слушать, быть внимательным, т.к. в школе ему придется проводит много времени за партой. Родители должны иметь максимум полезной информации о том, какие испытания предстоят их ребенку перед поступлением в школу, гимназию или лицей. Специальные тесты помогут оценить развитие малыша, прежде чем он переступит порог школы. Тестирование, которое применяют во многих школах, необходимо не только для того, чтобы попасть туда. Оно нужно родителям, т.к. именно они должны правильно оценить способности своего чада перед поступлением в учебное заведение. При недостатке этих способностей никакие ухищрения не смогут сделать ребенка успешным учеником. К поступлению в школу надо готовиться. Пройти тестирование при поступлении в некоторые учебные заведения не так просто, даже очень развитому ребенку. Поэтому необходима тренировка в форме домашнего тестирования, к проведению которого родители должны подойти серьезно. Родители должны знать, что нельзя проводить домашнее тестирование в официальной обстановке, не следует говорить ребенку об ответственности, необходимости сосредоточиться, т.к. это создает условия для стресса. Ребенок должен чувствовать себя свободно и комфортно, не бояться ответить неправильно. Он будет уверен, что за неправильный ответ его не будут ругать. В этом случае ребенок с удовольствием и интересом примет участие в беседе.

Для того чтобы домашнее тестирование прошло успешно, родителям необходимо знать правила его проведения. Родители должны создать спокойную доброжелательную обстановку и, выбрав момент, когда ребенок весел и доволен, предложить ему поиграть в вопросы и ответы. Время тестирования – не более 35 минут. В процессе тестирования необходимо сочетать тесты, относящиеся к различным областям деятельности. Не следует говорить ребенку о том, что его собираются проверять, т.к. это испугает и насторожит его. Ребенок может замкнуться в себе и вообще не ответить ни на один вопрос. Не следует торопить ребенка (пусть лучше подумает), но не надо позволять слишком долго молчать. Желательно спокойно предложить перейти к следующему вопросу, никак не комментируя молчание ребенка. Родители не должны показывать своего огорчения, если малыш отвечает неправильно, а должны подумать, чем могут быть вызваны неправильные ответы. Возможно, ребенок не понял вопрос или побоялся ошибиться, а может быть, его переполняют знания, но он не может собраться с мыслями [6].

При каждом правильном ответе следует хвалить ребенка, при ошибке или отсутствии ответа помогать ему, направив его мысли в нужном направлении. Не следует подсказывать ответ. Если ребенок растерялся или не собрался с мыслями, то помощь одного из родителей окажется эффективной. Если же малыш не знает ответа, то необходима подготовка по данной теме. Подобные тесты рассчитаны именно на то, чтобы обнаружить такие пробелы. Родители должны наблюдать за ребенком в процессе его размышления над вопросами. Если он устал или его раздражают вопросы, ответы на которые он не знает, следует прекратить тестирование, а в следующий раз предложить более легкий тест в форме занимательной игры, чтобы малыш не отказался. Начитать следует с самого легкого вопроса, чтобы он поверил в свои силы. За удачные ответы ребенка обязательно следует похвалить. Сложность вопросов должна постепенно увеличиваться. Даже если родители уверены в высоком интеллекте ребенка, необходимо дать ему возможность быстро и точно ответить на все вопросы и испытать чувство удовлетворенности от собственного успеха. Нельзя заставлять ребенка отвечать на вопросы, сравнивать своего ребенка с другими детьми (ни в его, ни в чужую пользу). Усвоив основные правила домашнего тестирования, можно приступать к процессу. Совместная работа родителей и ребенка должна быть веселой и увлекательной, ребенка постоянно нужно подбадривать, а родителям необходимо удивляться интересным вопросам. Некоторые тесты позволяют наблюдать за ребенком и делать выводы. Тестирование при общении включает наблюдение за малышом в процессе обычного повседневного общения. Родители могут найти подходящее время, когда ребенок чувствует себя хорошо, доволен и весел. Можно поговорить с ним во время прогулки (конечно, если рядом нет сверстников, с которыми малышу хочется поиграть) или дома после обеда, удобно расположившись на диване.

При поступлении в школу дошкольник должен иметь определенный уровень развития речи. Разговаривая с ребенком, можно выяснить, насколько разнообразна его речь, какие слова он использует, часто ли употребляет глаголы, прилагательные, деепричастия. Какими предложениями он говорит: простыми или сложными? Выразительна ли его речь? Можно спросить у малыша, кто изображен на иллюстрации (желательно, чтобы она была ему незнакома). Что он делает? Какой он? Почему он делает именно это? Почему именно он так поступает? Очень хорошо, если ответы ребенка не будут односложными, а речь будет грамотной и выразительной. Можно предложить ребенку посмотреть на любой сюжетный рисунок и рассказать, что на нем изображено. Например, на рисунке – два мальчика, идущие по улице. Один из них держит в руках мяч. Оба выглядят расстроенными. Пусть малыш попробует предположить, что

произошло с мальчиками. Следует помочь ребенку начать, если он затрудняется. Можно задать вопросы, на которые он должен ответить: Что произошло с мальчиками? Почему у одного из них мяч? Почему они такие расстроенные? Что происходит? О чем думает каждый из них, что хочет, что чувствует, что видит, что слышит? Что будет дальше? Данное задание рассчитано на пробуждение фантазии ребенка и его интереса. Все дети любят фантазировать и сочинять, а научиться грамотно выражать свои мысли сложнее. Однако, увлекшись, малыши охотно сочиняют целые истории. Следует наблюдать за речью ребенка и сделать выводы.

Можно предложить ребенку поиграть с числами, начиная с простых вопросов, постепенно переходя к более сложным. При неправильных ответах ребенка стимулируют к размышлению. Ребенку предлагают посчитать от 1 до 10; посчитать от 3 до 8; назвать число, которое стоит перед 5; назвать число, которое стоит после 4; назвать число, которое стоит между 5 и 7; сказать, из каких чисел состоит число 5 (например, 1 и 4); сказать, какое число на 1 больше числа 6; сказать, на сколько 5 больше 3. Затем переходят к задачам, предлагая решить сначала простейшие задачки: У Оли есть кукла, а у Саши машинка. Сколько всего игрушек у ребят? или Катя съела апельсин, грушу и яблоко. Сколько фруктов съела девочка? Далее задачи усложняются, родители придумывают условия сами, например, вопросы, направленные на развитие памяти: 1) Сколько медведей встретила в лесу Маша? 2) Сколько гномов встретила Белоснежка? 3) Сколько животных жило в рукавице? Такие вопросы можно придумывать и задавать их после прочтения сказки или просмотра мультфильма.

Следующие задачки не совсем математические, они на внимание и сообразительность: а) На дереве было три гнезда. В каждом гнезде по щенку. Сколько всего щенков сидело в гнездах? б) У одной вороны три крыла, а у другой на одно больше. Сколько крыльев у второй вороны? Для проверки логического мышления попросите ребенка назвать одним словом три понятия или явления (предварительно приведите пример: стул, стол, шкаф – мебель). Возможные варианты: белка, еж, медведь; январь, июль, июнь; автобус, машина, трамвай; черешня, груша, слива, яблоко. Следующее задание более сложное – найти лишнее слово: корова, лошадь, свинья, крокодил; стол, стул, шкаф, машина. Придумывать подобные задания можно бесконечно. Следует использовать новые слова, которые малыш только что узнал из общения с родителями или из книжек. Можно предложить еще одну группу вопросов, рассчитанную на детей 6-6,5 лет: Какое животное больше: лошадь или собака? Утром мы завтракаем, а днем…? Днем светло, а ночью…? Небо голубое, а трава…? Вопросы составляются в зависимости от уровня знаний ребенка.

После тестирования подсчитывается количество правильных и неправильных ответов. Если ребенок, верно, ответил не меньше чем на 80% вопросов, то это очень высокий результат, менее 20% – низкий уровень развития, 10% – очень низкий. Домашнее тестирование предусматривает тестирование не только детей, но и самих родителей, которые могут, например, проверить свое отношение к ребенку. Возможно, отношение к ребенку слишком предвзятое, и родителям необходимо снизить свои требования, чтобы не повредить самооценке малыша. Нельзя постоянно заставлять ребенка заниматься и требовать от него только хороших результатов. Иногда родители не замечают, как придирчиво относятся к своему чаду, желая видеть его вундеркиндом. Ребенок это прекрасно чувствует и стремится соответствовать вашему идеалу, что создаст ему большие проблемы в школе. Малейшая оплошность будет восприниматься им как трагедия. Кроме того, такая позиция родителей легко приводит к детской лжи. Ребенок начинает обманывать маму с папой из боязни разрушить тот идеальный образ, который они создали. Предлагаемый тест поможет родителям понять, правильно ли они готовят своего ребенка к школе. Главное – знать о своих ошибках и вовремя исправить их. В тесте приведены не только вопросы, но и правильные ответы, чтобы родители могли проверить, совпадают ли они с правильными.

1. Нравится ли вам ваш малыш? (Да. К ребенку надо хорошо относиться, независимо от его успехов, то есть оценивать результаты, а не его самого).
2. Слушаете ли вы то, что ребенок говорит? (Да. Ребенку необходимо уделять достаточно внимания, чтобы он чувствовал себя личностью).
3. Смотрите ли вы на малыша, когда он с вами говорит? (Да. Это говорит о вашей искренней заинтересованности).
4. Стараетесь ли вы создать у ребенка ощущение значимости того, о чем он рассказывает? (Нет. Совершенно не обязательно преувеличивать то, что для малыша является естественным и нормальным, иначе ребенок будет считать, что он – пуп земли).
5. Исправляете ли вы речь малыша? (Да. В корректной форме, не перебивая и не передразнивая).
6. Позволяете ли вы ребенку совершать ошибки? (Да. На ошибки имеет право любой человек).

7. Хвалите ли вы малыша, обнимаете ли его? (Да. Только тогда ребенок почувствует вашу любовь и внимание, которые ему необходимы).

8. Смеетесь ли вы вместе с ним? (Да. Общий смех сближает, помогает установить доверительные отношения с малышом).

9. Отводите ли вы каждый день время для чтения ребенку и для бесед с ним? (Да. Это самый лучший способ обучения).

10. Играете ли с малышом в какие-нибудь игры? (Да).

11. Поощряете ли вы интересы и увлечения ребенка? (Да. Малыш чувствует, что вам не безразлична его деятельность, это укрепляет его уверенность в своих силах).

12. Есть ли у малыша собственные книги? (Да, много. У ребенка должна быть своя библиотека, которую вы помогаете ему собирать, начиная с самого раннего возраста).

13. Есть ли у ребенка дома место, которое отведено только ему? (Да. У малыша обязательно должен быть хотя бы свой угол со столом и местом для игрушек, а лучше – отдельная комната).

14. Стараетесь ли вы подать малышу пример, читая газеты, журналы, книги, вообще интересуясь окружающими событиями? (Да. Личный пример больше всего влияет на успех обучения и стремление ребенка к знаниям).

15. Обсуждаете ли вы с малышом и со всей семьей что-то интересное из прочитанного или услышанного вами? (Да. Общение плюс личный пример – слагаемые успеха).

16. Стараетесь ли вы опередить малыша и сказать за него то, о чем его спрашивают посторонние люди, например врач или продавец в магазине? (Нет. Ребенка надо приучать к самостоятельности, лучше подождать, пока он справится с волнением, чем торопить или говорить за него).

17. Смотрите ли вы познавательные телепередачи вместе с ребенком? (Да. Так ребенок чувствует вашу поддержку и ваш интерес).

18. Задаете ли вы малышу вопросы о смысле увиденного по телевизору? (Да. Вы стимулируете его логическое мышление).

19. Ограничиваете ли вы возможности ребенка смотреть телевизор? (Да. Ребенок не должен смотреть все передачи без разбора, смотреть телевизор лучше не больше 30 минут в день).

20. Стараетесь ли вы ходить с малышом на прогулки? (Да. Во время прогулок можно многому научить малыша и много рассказать ему, да и наблюдение за ребенком в процессе игры со сверстниками дает вам возможность скорректировать его поведение путем мягкой ненавязчивой беседы или ролевой игры).

21. Ходите ли вы вместе с ребенком в театр, музей, зоопарк? (Да. Все это необходимо для разностороннего развития ребенка, повышения его эрудиции).

Чтобы ребенок хотел пойти в школу родители должны мотивировать его, рассказывая интересные истории из своего детства, читая книжки о школе. Информация должна быть позитивной, но и идеализировать школу не стоит. Можно поведать и о двойках, и о том, что у вас бывали трудности, но вы с ними справлялись, потому что вам хотелось быть успешным учеником. Рассказывая о своих любимых учителях и читая ребенку книжки, родители могут обращаться не только к сознанию малыша, но и к его чувствам. Проверить, насколько эффективны беседы родителей с детьми очень просто. Нужно выяснить, как ребенок относится к школе, учебе, учителям и самому себе. Ребенку предлагается нарисовать, какой ему представляется школа, учительница; задаются косвенные вопросы типа: «Если бы можно было учиться в детском саду или дома, ты пошел бы в школу?» Малыш может сказать, что его привлекает в школе красивая форма, ранец и другие аксессуары. Другой вариант: он хочет пойти в школу, потому что там уже учится его друг. Это не столь важные причины. Нужно, чтобы у ребенка было желание учиться: писать, читать, считать, решать задачи.

Семья для ребенка является одновременно и средой обитания, и воспитательной средой. Влияние семьи особенно в начальный период жизни ребенка намного превышает другие воспитательные воздействия. Чем лучше семья и чем лучше влияет она на воспитание, тем выше результаты физического, нравственного, трудового воспитания личности. Подготовка ребенка к обучению в школе это очень важный процесс, необходимый для формирования личности будущего школьника. В процессе подготовки ребенка к школе родители должны правильно организовать занятия будущего школьника, в игровые формы необходимо постепенно вносить элементы учебного процесса в школе для того, чтобы ребенок легче адаптировался в новой для него обстановке. Необходимо равномерно развивать умственные и физические способности ребенка, поддерживать его умственное и физическое состояние в хорошей форме для соблюдения общей гармонии развития.

1. Педагогическая поддержка ребенка в образовании / Под ред. В.А. Сластенина, И.А. Колесниковой. – М., 2006.
2. Венгер Л. Как дошкольник становится школьником? // Дошкольное воспитание. – 2005, - №8, – с. 66-74.
3. Безруких М.М. Ступеньки к школе. – М., 2002.
4. Гребенников И.В. Основы семейной жизни. – М., 1991.
5. Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. – М., 1999.
6. Волков Б.С., Волкова Н.В. Готовим ребенка к школе. – СПб., 2008.

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРҒА РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Ә.Ж. Тастанов – *п.ғ.к., профессор*

Резюме

В данной статье рассматриваются педагогическое условие формирования инновационной деятельности учителя.

Summary

In this article the pedagogical condition of formation of innovative activity of the teacher is considered.

Жаңа ғасырға аяқ басып отырған заманымызда қоғам мүдесіне лайықты, жан-жақты жетілген ертеңгі қоғам иелері болатындай азамат тәрбиелеп өсіру, отбасының, балабақшаның, мектептің, жоғары оқу орындарымен қоса барша қоғамның міндеті болып отыр.

Осыған байланысты еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Өйткені Республикамыздың тізгінін ұстап, халықтың қадір-қасиетін, жерінің байлығын, тілінің мұраттылығын, тарихы мен мәдениетінің асыл мұрасын қастерлеп, жалпы адамзаттың рухани терезесімен тең түсетін ұлттың лайықты перзентті бола алатын ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі болып саналады.

Адам тәрбиесі – жалпыға қатысты мәңгі категория. Қазіргідей рухани азғындық асқынып тұрған заманда бұл философиялық категория ерекше мәнге ие болып отыр.

Тәрбие түзелмесе, рухани азғындықтан құтылмасақ, жастарымыздың бойына отаншылдық пен ұлтжандылық қасиеттерді қалыптастыра алмасақ, онда ешқандай ертеңгі тұлға келешек болуы мүмкін емес.

«Адамзатқа ен бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» деп әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі категориясының бірі – тәрбие.

Жалпыадамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәттен бастап бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады.

Табиғат – адам тәрбиешісі. Адам болып туып, адам болып қалу үшін табиғат-ананың атқарар рөлі зор. Табиғат бөлшектері: жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі, өзен, сай, биік таулар, құлазыған небір шыңдар, сағым тербеген сары дала – бәрі адамдардың ақыл-ойына, санасына, денесіне күш, бойына қуат, өнеріне шабыт, көңіліне қанат береді.

В.А. Сухомлинскийдің пікірінше рухани тәрбие беру дегеніміз – баланы гулге су құюға немесе тазалыққа үйрету емес, ол – баланың санасына табиғаттың біртұтас жүйе екендігін, ол – адам мен табиғаттың бірлігінен құралатынын жеткізу.

«Ұлттық тәрбиенің негізгі – адамгершілік пен еңбек тәрбиесі» – дейді М.Жұмабаев. Адамгершілік тәрбиесін сәби шақтан озық түрде баулу керек.

Бала тәрбиесіндегі адамгершілік ұғымы қай кезде де назардан қалып көрген емес. Бүгінде балалардың рухани адамгершілік мәдениеті жоғары болуы маңызды мәселе ретінде саналады.

Осыған байланысты Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлу қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат» – деген ұлағатты пікірін мойындай отырып, жас ұрпақты білім нәрімен сусындату да педагогтың үлкен еңбегі екенін естен шығармағанымыз абзал.

Халықтың педагогикалық мәдениеті оның өмір сфераларымен тығыз байланысты. Белгілі кеңестік философ Г.Н. Волков: «Қазіргі қоғамды барлық өмірге қажетті құралдары мен құрылысынан, жолдарынан ойша түрде ажыратып көрейік. Қоғамды жабайы табиғатқа бірге-бір қойғанда не болады? Адамзат көптеген жеңілістерге ұшырап, дамуы бірнеше он жылдықтарға ғана құлдырап, ғылымның соңғы жетістіктеріне сай өркениеттің жаңа материалдық мәдениетін құрайды» – деген қызықты ой айтады.

Сондықтан өмірде әрбір адам неғұрлым ақылды, мейірімді болған сайын, соғұрлым өзгенің жақсылығын да бағалай алатын болады. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма? демекші, бүгінгі жас нәрестенің ертеңгі азамат екендігі де еш күмән тудырмайды. Сондықтан өз бойларына жоғары адамгершілік мәдениетін бүгіннен бастап сіңіре білу, адал болу, арлы болу әркімнің парызы.

Адам жақсылыққа жамандық істеу арқылы жете алмайды, қашанда қайырымдылық, ибалық қажет. Өйткені адамның асыл қасиеті – оның жасаған жақсылығы. Адам қоғамның, мүшесі десек, әрқайсымыз осы атқа лайық болуымыз керек.

Ұлы Абай атамыздың 19 қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады» – деп ақыл-естің, тәрбиенің жеңісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берген.

Әрбір жеке адамға адамзаттың рухани мәдениетінің жақындығы маңызды мағынаға ие. Жеке тұлға осы рухани құндылықтардан алыстаса, ол сезімдік және ойлау қабілеті төмен тұлғаға айналады. Адамзатпен рухани тығыз байланыста болған адамның қоғамдағы орны жоғарлайды.

Халықтық тәрбиенін мінез-құлқы жайында А.С. Макаренко қызықты бақылаулар жүргізді. Оның ойынша, бұл процесс өзара қатарласып жүруі тиіс. Бұған ол халықтың қоғамдық жұмысын, әртүрлі ырым түрлерін, ойыннын барлық формалары мен оның көріністерін жатқызады. Жазудың пайда болуына дейін педагогикалық білім басқа халықтардың білімінен сирек жеке-дара дамиды. Адам тәрбиелеп қана қоймай, өзі де өзін қоршаған қоғам мен заттар арқылы тәрбиеленеді және халықтық педагогикамен негізделеді. Мінез ерекшеліктерінің қалыптасуында биологиялық факторлардан гөрі тәрбиенің рөлі күшті. Бұл жөнінде академик И.П. Павлов: «Адамның мінез-құлқынын бейнесі нерв жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға да байланысты. Демек кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады» дейді.

Ерте кездегі ойшылдардың айтуы бойынша қалыптасқан мінез – адам мөрі. Шынында да, адам мінезі туа біткенде қандай болса, оның өміріндегі іс-әрекеті де сондай болады. Мінез негізінде адамның өмір тәжірбиесінде алған әсері нәтижесінде қалыптасатындығы бұрыннан айтылып келе жатыр. Бірақ адам барлық нәрсеге бірдей жауап бере алмайды. Өзіне керекті, қажетті нәрсеге айрықша қызыға қарап, олардың мазмұнын, мәнін терең қабылдайды. Ал өзіне керексіз нәрсеге мән бермейді. Демек, адамдарға өмір тәжірибиесінің қалыптасуы онын мұрат-мақсатына, арман-тілегіне, ниетіне байланысты екендігі айқын.

«Нәресте анасынан туғанда екі түрлі мінезде туады, біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам бұлар – тән құмары. Екіншісі – білсем, не көрсем, не ұстасам деп соларға талпынып... көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді, мұның бәрі жан құмарлығы». Абай атамыздың бұл тұжырымдамасы қазіргі ғалымдардың тұжырымды зерттеуімен тепе-тең деп бағалаймыз.

Осыған орай адамның мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеуде ең алдымен оның мақсатына байланысты туған қызығуын, қажеттілігін анықтап алған жөн.

Қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүделеріне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу – отбасының және жалпы білім беру ошақтары мен барша халықтың міндеті.

Өзіміздің өркениетті ел қатарына қосылу бағытындағы үлкен мәселелердің бірі – келешек ұрпақтың рухани дамуы. Ал бұл көзқарас Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында көрініс тапқан. Онда «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік интелектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі», – деп жазылған.

Қоғамдағы рухани құндылықтардың табиғаты, мәні және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеулердің адамгершілік пен рухани жағдай мәселесімен тікелей байланысты қарастырылып, осы кезге дейін күн тәртібінен түспеуі жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамытудың аса қажеттілігін байқатады.

Өзгеріп отырған дүниеде кез-келген мемлекет дамуының тарихи жолы, қазіргі кезеңдегі ерекшелігі, оның экономикалық саяси, әлеуметтік жағдайымен ғана емес, материалдық және рухани мәдениеттің деңгейімен де анықталады. Ал оның қазіргі қоғам дамуындағы алатын орны өлшеусіз.

Осы тұрғыдан алғанда мәдениет ұғымы өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Ал қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтумен қатар, мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойы асыл қазынасы, оның мінез-құлқы мен жан дүниесінің, бостандығы мен зердесінің мұрагері бола алатын салалардың бірі.

Құндылық әлемі мәні жағынан өте айқынды. Ал адамгершілік құндылық қоғамның жалпы адамзаттың құндылықтарын бағалауға, дүниені және өзін-өзі танып білуге, түсінуге, адамдармен адамгершілікті саналы қарым-қатынасқа үнемі ықпал жасайтын, адам бойындағы адами қасиеттерді үнемі дамытуға ынталандыратын күш.

Осыған орай біз адамгершілік құндылық идеясы өркениетке бет бұрған қоғам дамуының бағыты бола алады және адамның ішкі жан дүниесінің байлығын өмірге, адамға, табиғатқа шынайы адамгершілік,

парасаттылықпен адамның ар-намысын, ар-ожданын қадірлеу, ерікті ойлауды дамыту, адамдар арасындағы қарым-қатынас сүйіспеншілікке, қамқорлыққа негіздеу керек деп түйіндейміз.

Мәдениет пен адамгершілік өзінің тарихи дамуында әрі көпқырлылығымен, әрі саналылығымен айқындалады, олар бір-бірімен байланыса отырып, әлеуметтік өмірдің өз алдына ауқымды құбылысы болып есептеледі. Мәдениет адамгершілікпен қатар өзіне ғылымды, өнерді, дінді, құқық мәселелерін және рухани әлемнің т.б көптеген арналарын қамтиды. Түптеп келгенде, біздер бүгінгі талаптар тұрғысынан қоғамның мәдени-әлеуметтік мүмкіндіктерін жаңа өнерлі рухани адамгершілік құндылықтарға жұмылдыруда жаңа әлеуметтік-мәдени ортада адамдар арасында адамгершілік құндылық негізінде қарым-қатынаста болу қажеттілігін байқауға болады. Олар табиғатқа мәдени адалдық көзқарас саласы; әлеуметтік жүйедегі қарым-қатынас саласы; бүкіл әлемдік мәдениет пен қарым-қатынаста болу саласы; этнос аралық мәдени қарым-қатынас саласы болып ерекшеленеді. Аталған мәдени-рухани құндылықтар жаңа өмірлік өркениеттіліктің тіліне айналуы адамгершілік тәрбиесінің құнды бағытын көрсетеді.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесіен көрінеді. Қалыптасқан әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар және іскерлік қасиеттері жоғары, адамгершілік қасиеттері мен парасаттылық, адалдық, әділдік, адамды сыйлай білу арқылы тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды міндеттейді.

Сондықтан қазіргі кездегі тәрбиенің ерекшелігі – адамның, адамзаттың қасиетінің сынға түсуі еліміздегі әлеуметтік болмысымыздың жанаруына әкеледі. Бұны жасайтын – адам.

Ал біздің негізгі мақсатымыз – қазіргі жастарға рухани тәрбие беруде олардың тұлғасын дұрыс зерттеп, табиғи қасиеттерін дұрыс дамыту.

1. *әл-Фараби. Әлеуметтік-этникалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1995. – 210 б.*
2. *Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері – Алматы, 2006.*
3. *Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1998. – 521 б.*
4. *Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: ЕЛ, 1992. – 272 б.*
5. *Әділова З., Қалиева Қ. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы: Абылайхан атындағы ҚаЗХҚ, 2001.*

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨМІР САБАҒЫНА ТӘРБИЕЛЕУ

Б.Т. Умаргазинова – *п.ғ.к., доцент, Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасы*

Резюме

В данной статье рассматриваются проблема воспитания учащихся к психологическому уроку жизни посредством слов назидания Абая.

Summary

In this article the problem of education of pupils to a psychological lesson of life by means of words of edification of Abay is considered.

Абайдың қара сөздерінің басты ерекшеліктерінің бірі олар, көбіне, халық арасында кең тараған мақал-мәтелдерден басталады. Біздің ойымызша, мұның психологиялық астары – осы мақал-мәтелдерде. Абай қазақ мақал-мәтелдерінің мазмұнын талдап, олардың адамның өміріне пайдасы, әлде зияны бар ма деген сұрақ қойып, сол сұраққа өзінің жауабында халыққа ақыл-кеңесі арқылы егжей-тегжейлі түсіндіріп, өмір сабағын беріп отырады. Мысалы, ол үшінші сөзінде мынадай пікір айтады: «Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісінің амалшы, айлалығынан жетерсің деген сөз». Бұл мақалдың мазмұнын түсіндіре келіп, Абай оны сол уақыттағы қулық-сұмдықпен, бұзықшылықпен байланыстырады; бір мықтыға арқа сүйеп, кейбіреулер бақталастық, қаскүнемдік, жағымпаздық, жалқаулық жолдарына түсетінін қатты ескертеді. Демек, осындай өмір философиясының көрінісін қазіргі уақытта да кездестіреміз, ал халық шаруашылығының нарықты экономикаға көшуімен байланысты бұл философияны басшылыққа алатындардың санының көбею қаупі бар. Сондықтан да мектептегі оқу-тәрбие жұмысында оқушылардың өзіне деген сенімін, іс-әрекеттегі белсенділігін, кісілермен қарым-қатынастағы әділдігін дамытатын амал тәсілдер әрдайым ойластырылып отыруы керек.

Абай халықтың сол уақыттағы экономикалық тұрмысының біржақтылығын, тек малмен айналысуын, үлкен өкінішпен айтып, оның негізінде жеке адамдардың ой-санасында малжандылық пайда болып, сонымен тығыз байланысты жағымсыз қасиеттердің қалыптасатынын қатты күйінішпен ескертеді.

Осыған орай ол өзінің бесінші сөзінде мынадай бірнеше мақалдарды келтірді. «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал адамның бауыр еті», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» тағы басқалары. Бұл мақалдардан жеке адам басында қандай мақсат туады? «Мұның бәрі – дейді Абай өзінің үшінші сөзінде», – төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан. Ал осы мақсатты орындау үшін ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік тіпті әкесімен жауласуға дейін баратыны айтылады. Мұндай теріс мінез-құлықтың психологиялық астары адамның өз жеке басының қамын ойлаумен шектеліп, басқаларға рақымы жоқтығында. Олар оған, әрине, керек, тек мақсатқа жетудің шарты ретінде ғана. Қазіргі уақытта да осындай психологиясы бар адам жоқ деп айта алмаймыз. Олар жеңіл жолмен ақша тауып, жоғарыда көрсетілгендей, теріс мінез-қылыққа жақын тұрып, қылмыс жасауға дейін барады.

Әңгімені Абайдың қара сөздерінен өрбітсек, олар 45 сөзден тұрады. Соның бәрінің өзекті мәселесі – туған халқыңды сүйе біл, мұңайса бірге мұңай, қуанса бірге қуан, кемшіліктерінің мінін айтып, сынап, болдырмау жағын қарастыр, жақсылыққа бағыттап сүйре. Мұғалімдер үшін ұлы ақынның бұл өсиетінің маңызы орасан зор. Жақсы педагог болудың басты шарты – өзінің сабақ беретін пәнін біліп қана қоймай, оқытудағы шеберлікті меңгерумен шектелмей, ең алдымен, оқу-тәрбие жұмысын халықтың алқалы өмірінің негізінде жүргізуді ескеріп отыру. Дәйім көңілге түйетін бір жайт, Абайдың әрбір қара сөзі құрамы жағынан екі бөліктен тұрады. Бірінде сол уақыттағы өмірге байланысты кемшіліктерге, адамдардың жағымсыз мінез-құлықтарына сын айтылады да, екінші жағынан, сол кемшіліктерді болдырмау үшін ақыл-кеңес беріледі. Абайдың осы нақыл сөздеріне ой жүгіртсек, оның ірі педагог және психолог екенін аңғарамыз. Сондықтан бұл сөздердің педагогикалық және психологиялық астарын айыра білу мұғалімге өте пайдалы.

Абай адамның жарамсыз қасиеттерінің қалыптасуына жол бермеу үшін оның рухани қажеттіліктерін, соның ішінде, әсіресе, ғылым мен өнерге құмарлығын барынша дамытуды өсиет етеді. Осыған орай адамның ақылы мен еңбегінің мәніне тоқталып, оларды жеке бастың бақытының құдіреті деп түсіндіреді.

Бақпен асқан патшадан,
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

Қандай тамаша сөздер! Осы сөздердің негізінде мектеп оқушыларына адамгершілік қасиеттер, оның адам тағдырына жасайтын күшті ықпалы туралы бірнеше сатыдан тұратын этикалық әңгімелер өткізуді ойластыруға болады.

Абай өзінің жетінші сөзінде адамның білімге жанқұмарлығын өмірбойлық азық қылуды мақсаттайды. Ол балаға туа бітетін екі құмарлықты айырады. Бірі – тәннің құмары, яғни баланың – «ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұруы». Екіншісі – жан құмары, яғни, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген». Бұл екеуі тығыз байланысты.

Бірінші құмарлық жанқұмарлыққа жайлы жағдай жасайды. Сондықтан да ол құмарлықтың пайдасын мейлінше ескеріп, оны толық қанағаттандыру жағын барынша қарастырып отыру керек. Бұдан оқушы балаларды қамқорлыққа алу жөнінде мұғалімде тиісті ой туады деген пікірдеміз. Екінші білімге деген жанқұмарлықтың бала шақта күшті болатынын айтып, Абай адамның есейіп келіп, сол қасиеттен ада болатынына қатты қынжылады. «Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз...» – дейді ол. Бұдан мұғалімге оқушыларыңды тек көрсетіп үйретпей, сабақтарыңда жақсылап ой салып отыр деген пікір туа ма деген ойдамыз. Тек баста ой болса ғана көкіректе сәуле, білімге жанқұмарлық өмірбойлық болуға тиісті. Осыған орай Абайдың «Жан қуаты» туралы ойлары психологиядағы таным процестерінің өзара қызметінің сипатын көрсетеді. Ол: «Жан қуаты деген қуат – бек көп нәрсе» дейді де, соның ішінен ерекше үш түрін айырады. «Біреуі... Не көрдің, есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қармаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса көп білуге көп уақ оңды пайда да бермейді». Сөйтіп оқу процесінде керекті білімді бақылап, қабылдап, ұғып қана қоймай, оның алды, артын ойға салып түсініп отыру керек, тек сонда ғана оқу тиімді болады. Ал жан қуатының «екінші міндетін жаңалықты» қабылдау барысында ұқсағандарды тексеріп отыру қажеттілігін айтады. Яғни психология тілімен айтсақ, ойлау операциялары: салыстыруды, талдауды, құрастыруды, жүйелеуді, дәлелдеуді – барынша белсенді түрде қолдану керектігіне назар аударады. Жан қуаттың үшіншісі: «...Жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсемен кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айналасына анық раушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды. Бұл сөздердің психологиялық астары білімді

терең игеру үшін оның жолында жоғарыда көрсетілген жаман қасиеттерге бой бермей, барынша беріліп жұмыс жасау керектігі айтылады. Ал жан қуатының бәрінің басты күші талап» – дейді Абай. Ол қырық төртінші сөзінде «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» – дейді. Расында да тек талап болса ғана (өмірге деген қызығы, талғамы, құмарлығы, идеалы) адам ілгері басып, өніп-өсіп дамиды.

Абайдың отыз жетінші сөзінде тәрбие жұмысының психологиялық негізіне қатысы бар көптеген құнды пікірлер айтылған. Соның бірі біздің қазіргі өміріміздің сипатына айналған толып жатқан митингтер мен жиындардың мәніне түсінік беретін сияқты. Кейде осындай митингтердің арты тобыр психологиясының желігіне беріліп, жарамсыз, тіпті қылмысты іс-әрекеттерге соқтырып жүр. Осыған орай Абайдың мына сөздерін қалай еске алмасқа: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – Ол көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал». Яғни көпке еркіндік беріп қана қоймай, оның тобырға айналып кетпеу жағын ескеріп, басшылық жасап, ақылмен бағыттап отыру қажеттілігі орынды айтылады. Осыған орай мектепті саясатсыздандыру керек деген ұранның жалған екенін оқушылардың саясатқа араласпай тұрмайтынын ескеріп, демократияның, митингтердің, жиындардың әр түрлі сипатта болатынын, оның алды-арты неге соқтыратынын түсіндіріп отырған жөн дейміз. Абайдың қара сөздерінде мұғалімдерге, зерттеушілерге ой салатын ой-пікірлер көп-ақ. Бұлардың мәні мен астарын талдап, түсініп білу бағытында тиісті жұмыс жүргізілуі керек.

БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР РӨЛІ

К.А. Абдреимова – *п.ғ.к., аға оқытушы*

Резюме

В данной статье расскрываются сущность инновационных методов и технологий обучения.

Summary

In this article the essence of innovative methods and technologies of training reveals.

Соңғы он жылдықта Қазақстан Республикасының білім беру реформасы оның әлемдік білім кеңістігінде бірігуі мен әлемдік білім беру стандартына жуықтау мақсатында жүзеге асырылуда. Сондықтан білім беруді дамыту мәселелері білімнің сапасын қалыптасқан білім беру сипатында өткен тәжірибелерді саралап, әлемдегі озық үлгімен сабақтастыра, өзіміздің ұлттық болмысымызды ескере отырып жетілдіруді басты назарға алуда. Білім беру саласындағы реформалар бір жағынан, әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендетуге ұмтылса, екінші жағынан ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет бейнесін сақтауды көздейді.

Бұл кез келген мемлекеттің рухани да әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты болады. Себебі әлемдегі барлық ғажайып жаңалықтарды білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оны ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жаңаны табумен мүмкін болады.

Білім беру жүйесінің қайта құрылу үрдісінде педагогика теориясы мен оқу-тәрбиенің жағымды және жағымсыз сипаттамалары қатар бақыланады.

Соның ішінде жағымды бағыттарға жататындары:

– вариативтілік және білім беру мазмұнының түрлі деңгейлігі;

– жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуі;

– өзгермелі әлеуметтік-экономикалық шарттар талап ететін жаңа мүмкіндіктердің, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі;

– пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендердің жаңаруы;

– гуманитарлық білімге көңіл бөлуді күшейту және т.б.

Ал жағымсыз факторларға жататындар:

– мирас болып қалатын білім стандартының және педагогикалық білім беру бағдарламаларының пайда болуына ғылыми негізделген қатынастардың жетіспеушілігі;

– жаңа педагогикалық технологияларды енгізудегі және өңдеудегі қалыс қалу;

– педагогикалық білім жүйесіндегі ақпараттық орта мен мәдениеттің дамымауы;

– шағын кешенді және ауылдық мектептерде мамандардың жетіспеушілігі, ғылыми-әдістемелік жұмыстың өз деңгейінде ұйымдастырылмауы;

– педагогтың әлеуметтік статусының төмендеуі, жоғарғы деңгейі, мұғалім мамандығын таңдаған ЖОО

түлектері үлесінің қысқаруы, жоғары білікті мамандардың экономиканың жоғары төленетін салаларына ауысуы;

– білім беру модернизациясы негізіне жататын міндеттерге педагог кадрлардың аттестациясы мен бағалау жүйесінің сәйкессіздігі.

Соңғы жылдары елімізде мұғалімге қоғам тарапынан қойылатын талаптар көтерілді.

Оқытушы – педагогикалық дарынды және жаңаға ұмтылатын, кәсіпті дағдылар мен қорытынды жасауға қабілетті, рухани дамыған, шығармашыл тұлға.

Осыған байланысты 12 жылдық білімге көшу қазіргі мұғалімнен ойлау қабілетінің инновациялық, шығармашылық сипаттарын қажет етеді.

Сондай-ақ, қазіргі қоғамымызда әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді, әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер негізінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар мектептегі оқу-тәрбие жүйесі, мұғалім-оқушы арасындағы қарым-қатынас, жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында қазіргі мектептер:

1. практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуы;

2. қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру;

3. еліміздің материалдық - қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамыту;

4. орта білім беру жүйесін әрі қарай дамыту т.с.с міндеттерді көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көрсететін әдіс-тәсілдер мен олардың түрлерін көбінде жаңашыл, инновациялық деп атайды.

Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытатын алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелеуде.

Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің қарқындап өсуі кезінде өндірісті автоматтандыру, компьютерлендіру мәселесімен тығыз байланысты. Өркендеп отырған өтпелі кезеңде мектеп оқушыларына білімді ғылыми негізде меңгерту, білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудын мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік мәселе болып отыр. Бұл мәселелерді ойдағыдай шешу мектептің материалдық базасына, оқу-әдістемелік құралдардың ғылыми әдістемелік негізде жасалуына, мұғалімдердің ұстаздық еңбекті жаңа технологиялық тұрғыда ұйымдастыруына, сонымен бірге мектеп басшыларының педагогикалық білгірлігіне және оқу-тәрбие жүйесін бүгінгі күн талабына сай шебер ұйымдастыра білуіне байланысты болмақ.

«Қазақстан тағдыры, келешегі мол болуы мектептің қандай негізге құрылуына тіреледі. Мектебімізді дені сау, берік және өз жанымызға үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тайынбай серттесуге болады.

Ал сондай негізді құра алмасақ, келешегіміз күнгірт» – деп ұлы педагог Мағжан Жұмабаев айтқан. Сондықтан мектеп – мемлекеттің, қоғамның және жеке адамның білім беру саласына сұраныстарын қанағаттандыратын қоғамдық мемлекеттік жүйе. Өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінің дене және жан сұлулығын, интелектуалды әлеуметінің қамын ойлау – тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған ең маңызды мәселенің бірі.

Оқыту – қоғамдық құбылыс. Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі, мектепте арнайы пән оқыту. Екіншісі, өмірде оқыту, өмір сүруге үйрету. Тәрбиелеу мен оқыту – егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл – оқытудың маңызы. Оқыту – тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемдігін, әсерлілігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілдігін және т.б. айқындап толықтыруға болады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Сондықтан мектеп мұғалімдерінен бұл мәселені жан жақты үрдіс ретінде қабылдауын және инновациялық технологияны пайдалануға ықпал ететін көптеген шартты жағдайларды жақын білуі талап етіледі. Инновациялық технология оқытудын жалпы әдіснамалық талаптарын, салаларын, құрылымын, оның қолдану деңгейлері мен кезеңдерін саралай отырып, мектептегі пәндерді оқытуда пайдалануды, оның педагогикалық шарттарынын мәнін, әдістері мен іс-әрекетінің жүйелілігін көрсетеді.

Инновациялық үрдіс – бұл білім беру үрдісіне тұрақты, жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бірінші жағдайдан екінші жағдайға көшуіне алып баратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет. Білім беру

ұйымдарының жаңалықтар жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты қызметі. Инновация өзінен-өзі пайда болмайды.

«Инновация» ағылшын тілінен («innovation») сөзінен шыққан, «жаңаша серпімділік», «жаңашылдықты енгізу» деген мағынаны білдіреді. Инновациялық технологиялар қазіргі мектептің басты сипаты болып табылады. Жалпы білім беретін мектептердегі инновациялық іс-әрекеттер мен педагогикалық технологияның мәні жайлы көптеген анықтамалар бар:

Технология – қандай да болсын істе, өнерде қолданылатын тәсілдердің жиынтығы.

Технология – бұл өнер, шеберлік, ептілік, өңдеу тәсілдерінің жиынтығы қалыпты өзгерту.

Педагогикалық технология – оқу үрдісін іске асырудын мағыналы технологиясы.

Педагогикалық технология – оқытудың жоспарлы нәтижесі.

Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық жеке тұлғалық, құралдық, әдістемелік тәсілдерін жүйелі жиынтығы ретінде жұмыс істеу.

Бір технологияның өзі әр орындаушыда әртүрлі сипатта болуы мүмкін, өйткені шебердің құзіреттілігі, оқушылар контингенті сыныптағы психологиялық ахуал, көңіл-күй әртүрлі болуы мүмкін.

Педагогикалық технология педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық, дара инструменталдық және әдіснамалық құралдарды қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді.

Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырған үлгісі.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенін басты бөлігі – оқытудың мақсаты болып табылады.

Сондықтан танымдық іс-әрекет белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөлшектерінің де (әдіс, мазмұн, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді.

Қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық инновациялық технологияны пайдалану мұғалімдерді жаңаша жұмыс істеуге, оқушылардың дербес және логикалық ойлау қабілетін арттыруға, оларды шығармашылық жұмысқа тартуға ықпал етеді.

Қорыта келе, жалпы білім беретін мектептерде инновациялық педагогикалық технологияны тиімді пайдаланудың нәтижесі мол. Өйткені қоғам алға қарай дамыған сайын адамның өмірге деген құштарлығы арта түседі. Ал, білім берудің негізгі мақсаты – оқушы тұлғасын дұрыс зерттеп, табиғи қасиетін дұрыс дамыту.

1. Тоқсанбаев М.А. Педагогтың кәсіби құзырлығын қалыптастыру-жаңарған білім негізі. – Алматы, 2009 ж.

2. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасы.

3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002 ж.

4. Еркебаева Ғ.Ғ., Құрманбеков Ж.Ж. Дидактика курсы бойынша семинар сабақтарын өткізуге арналған әдістемелік құрал. – Алматы, 2008 ж. – 78 бет.

5. Кенжебаев Т.К., Көшімбетова С.А. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды ендіру жолдары. – Тараз, 2004 ж.

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

М.А. Асылханова – *психол.ғ.к., профессор «Жалпы педагогика және психология» кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ,*
К.К. Сулейменова – *магистр*

Түйін

Бұл мақалада оқу процесін меңгеру барысында оқушының психикасындағы өзгерістердің орын алуы менмінезқұлқында, санасында, психикасында өзгерістердің болуы, баланың даму кезеңінің мүмкіндіктеріне жол ашып, таным үрдістерін қалыптастырып дамытуға мүмкіндік беретіндігі қарастырылған.

Резюме

Примечание: 1. Для отрывки 1 км траншеи (хода сообщения) требуется 2 часа работы (ТМК) и 20 чел/час или 7 часов работы ПЗМ и 70 чел/час. 2. В скобках приведено время на оценку "удовлетворительно".

Глоссарий:

Фортификация – военная наука об искусственных закрытиях и преградах, усиливающих расположение войск во время боя и называемых поэтому фортификационными постройками (от фр. – укреплять, усилить).

Фортификационное сооружение – постройка, предназначенная для укрытого размещения и наиболее эффективного применения оружия, военной техники, пунктов управления, а также для защиты войск, населения и объектов тыла страны от воздействия средств поражения противника.

Фортификационные сооружения делятся на полевые и долговременные. Разработкой конструкций, способов возведения и использования полевых и долговременных фортификационных сооружений занимается фортификация.

1. *Инженерное обеспечение. Колибернов. – М., 1984 г.*
2. *Учебник сержанта пограничных войск. Авторский коллектив. – М.: Военное издательство. 1991.*
3. *Варенышев Б.В. Военно-инженерная подготовка. 1982 г.*
4. *Андрющенко В.А., Пирожков П.А. Военно-инженерная подготовка. Учебно-методическое пособие. – Тамбов: Издательство ТГТУ. 2004.*
5. *Дорофеев Ю.П., Шамшуров В.К. Инженерные мероприятия защиты от современных средств поражения. – М., 1974, – С. 54.*

КОММЕРЦИАЛИЗАЦИЯ СОВРЕМЕННОГО ФУТБОЛА

А.С. Якупов, С.А. Погорелов – *кафедра теории и методики физической культуры и спорта, КазНПУ им. Абая*

Түйін

Бұл мақалада қазіргі заман футболын коммерциялау сұрақтары қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы коммерциализации современного футбола.

Summary

In article are considered questions to commercialization of the modern football.

Такое явление, как коммерциализация футбола, не всегда находит понимание у специалистов физического культуры. Некоторые исследователи рассматривали коммерциализацию футбола как негативное явление, пагубно влияющее на воспитание человека и препятствующее гармоничному развитию личности. Однако современные реалии общественного развития убедительно свидетельствуют о необходимости развития рыночных отношений в области спорта и особенно спорта высших достижений.

В современных условиях представляется возможным и целесообразным с других позиций рассмотреть принципиальные социологические и социально-педагогические аспекты коммерциализации спорта, и футбола в частности и понять объективное влияние рынка на тенденции его дальнейшего развития.

Коммерциализация футбола включает в себя следующие составляющие:

- социальную;
- экономическую;
- финансовую;
- кадровую.

Социальная составляющая коммерциализации футбола имеет три ключевых компонента:

- выбор и продвижение работников (спортсменов, тренеров, судей) в соответствии с их деловыми качествами и компетентностью, с учетом других основных критериев: а) высокой квалификации; б) опыта общения и готовности к сотрудничеству, лояльности к организации, команде предприятию, фирме;
- заработная плата должна (обязана) быть справедливой и стимулирующей добросовестный и качественный труд;
- ликвидация барьеров (статусных, стратификационных, социально-психологических) между различными категориями работников, формирование «духа команды» и «общего дела».

Экономическая составляющая действий в рыночных условиях предполагает гарантированную ответственность организации, команды, фирмы (спортивной федерации, спортивного клуба) за свои действия, создание необходимых условий для планомерного и обеспеченного тренировочного процесса.

Кадровая составляющая включает разработку системы найма, которая учитывает: а) желание работника выдвинуться, что стимулируется рейтинговой системой оценки классификации спортсмена; б) наличие желания освоить им специфику своей деятельности; в) добиться существенных результатов в своей деятельности.

Кадровая политика предполагает соблюдение определенных правил работы с людьми:

- отношение к спортсмену должно быть не только как к штатному работнику, но и как к личности;
- заработная плата должна соответствовать уровню спортивной квалификации, усилиям и реальному вкладу в общее дело, а также стимулировать члена команды к еще лучшей работе;
- ясная и определенная возможность поступательной карьеры спортсмена должна строиться в зависимости от успешности его деятельности.

Все это напрямую относится к деятельности спортсмена, тренера, менеджера и руководителя (владель-

ца) команды. Все взаимоотношения между ними организуются на основе контракта, в котором оговариваются условия труда, выполнение заданий, заработная плата и штрафные санкции за невыполнение контрактных условий.

В практике важную роль играет выбор финансовой составляющей профессиональной команды, которая включает бюджет команды и некоторые другие вопросы.

В настоящее время формирование бюджета футбольной команды является одной из главных задач, которая обеспечивает полноценное участие спортсменов в соревнованиях и достижение существенных результатов.

Без денег в современном футболе не обойтись. Например, большой футбол называют «игрой миллионеров». В этой игре «бедняки» могут выиграть матч-другой на морально-волевых качествах, но не более. Для стабильного результата нужны серьезные кадры и серьезные стимулы, которые и определяются бюджетом команды. В то же время сами по себе деньги не могут решить всех задач, стоящих перед командой. Эффект от одних и тех же денежных средств может быть абсолютно разный и определяется не только их толковым распоряжением, но и чистотой намерений. Кто-то приобретает стоящих футболистов, приглашает квалифицированного тренера, вкладывает в собственную школу материальные средства и всерьез борется за лидерство. А кто-то занимается пополнением собственных карманов за счет разницы официальной и реальной цены игроков.

Важное значение в бюджете любой профессиональной команды играет заработная плата игроков.

В нашей стране сфера спорта высших достижений еще не имеет достаточно устойчивой системы финансирования. Следует отметить, что мировая практика использовала два направления финансирования спортивной деятельности. Первое направление характеризуется 100%-ным государственным финансированием спорта. Эта система была свойственна всем социалистическим странам, а в настоящее время – Китаю. Считается, что такая модель в рыночных условиях бесперспективна. В китайской модели большой спорт – часть государственной идеологии. Там побеждать на Олимпиаде значит доказывать преимущества политической системы. Причем каждая такая победа спортсмена конвертируется во славу.

Второе направление имеет смешанное финансирование физической культуры и спорта. Часть средств поступает из государственной казны (меньшая), значительная же часть средств происходит из внебюджетных источников. Например, в США большой спорт – часть общественного престижа и вид бизнеса. Там побеждать на Олимпиаде значит осуществлять «американскую мечту». Причем каждая такая победа конвертируется в деньги.

Проблема спорта высших достижений в Казахстане состоит в том, что он находится между двумя этими направлениями. С одной стороны, государство уже не в состоянии сделать из спорта большую политику, а с другой стороны – не в состоянии превратить большой спорт в престижный бизнес.

Варианты государственной поддержки футбола могут быть различными. Так, в некоторых странах принимаются законы, позволяющие существенно снизить налогообложение своей деятельности, направленной на развитие спорта (США). В других странах принимаются законы, регулирующие права Национальных олимпийских комитетов (НОК) на организацию спортивных лотерей и тотализатора, прибыть от которых идет спортивным федерациям, спортивным сооружениям и клубам (Италия, Франция).

В Бельгии спонсорские платежи, включая средства на обеспечение социальной жизни корпоративных служащих (например, посещение спортивных клубов, оздоровительных комплексов или соревнований), освобождаются от налога на прибыль как затраты спонсоров. В Финляндии платежи в спортивные ассоциации также относятся к корпоративным расходам и не облагаются налогом.

В современной развитой экономике распределение ограниченных ресурсов для удовлетворения разнообразных общественных потребностей делят между собой рынок и государство. Рынок сферы физической культуры и спорта на 70% – это рынок услуг.

В спорте и в футболе в частности преобладает производство услуг малых и средних предприятий, которым свойственна высокая чувствительность к рыночной конъюнктуре в связи с невозможностью, транспортировать и складировать эти услуги.

При формировании услуг в физкультурно-спортивной деятельности необходимо использовать опыт стран Запада, который предполагает учитывать теорию ограниченности рыночного механизма в данной сфере и формирование хозяйственных отношений на принципах смешанной экономики при значительной роли общественного сектора. Данное положение исходит из ограниченности рыночных отношений в сфере спорта, роли государства в производстве общественных благ, обеспечения гарантий в пользовании социально значимыми услугами всем членам общества, регулирования производства смешанно-общественных благ.

В соответствии с теорией частного и общественного блага услуги физической культуры и спорта могут являться чистым общественным благом, смешанным общественным, коллективным и частным благом. Поэтому организационный и экономический механизм функционирования инфраструктуры отрасли определяется развитием четырех секторов: государственного, смешанного (частного некоммерческого), общественного и частного коммерческого.

Роль государства в сфере физической культуры и спорта направлена на формирование государственной политики, в том числе разработку государственных программ отраслевого развития на федеральном и местных уровнях, программ в помощь олимпийскому движению в стране. С развитием рыночных отношений роль государства в регулировании рынка физкультурно-спортивных услуг становиться дифференцированной, что выражается в применении различных методов прямого и косвенного воздействия (ценовых, налоговых, кредитных).

Развитие спорта высших достижений – это не самоцель спортивных клубов и федераций. Оно определяется общественной потребностью в подготовке высококвалифицированных спортсменов с целью поддержания престижа страны на международной арене, проведения крупных спортивных соревнований и удовлетворения спроса населения на спортивно-зрелищные услуги. В связи с этим в организации и финансировании спорта высших достижений весьма важно значение государственной поддержки.

Одной из основных проблем коммерциализации футбола является проблема справедливого вознаграждения за достижения в соревнованиях. Фактически довольно незначительное количество спортсменов высокого класса получает фантастические суммы, в то время как большинство их коллег вообще не получают ничего или еле сводят концы с концами. Таким образом, в футболе, как и в других сферах деятельности, существует множество проблем, решение которых видится в совместных усилиях государственных, общественных и коммерческих организаций.

1. Железняк Ю.Д., Портнов Ю.М. Спортивные игры. 6-издание, – М.: «Академия», 2010.

2. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта. 8-издание, – М.: «Академия», 2010.

3. Годик М.А. Физическая подготовка футболистов. «Человек», 2009.

4. Адамбеков К.И. Теория и методика футбола. «ЕЛНУР», 2007.

5. Родионов А.В. Психология физической культуры и спорта – М.: «Академия», 2010.

6. Неверкович С.Д. Педагогика физической культуры и спорта. – М.: «Академия», 2010.

7. Лапшин О.Б. Теория и методика подготовки юных футболистов. – М.: «Человек», 2010.

8. Эра Лобановского. Дэви Аркадьев. – М.: «Аст», 2009.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТТАҒЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА

К.И. Ергазиева – *х.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан*

Түйін

Мақалада математикалық статистика әдістерін дене тәрбиесі және спортта қолдану қажеттігі және негізділігі қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются необходимость и обоснованность использования методов математической статистики в физической культуре и спорте.

Summary

The article discusses the need and reasonableness of use of methods of mathematical statistics in physical culture and sports.

Математикалық статистика – ғылыми және тәжірибелік мақсаттарда статистикалық мәліметтерді жинау, талдау және өңдеуге арналған математика бөлімі, ол көптеген объектілермен жұмыс жасайды және күрделі құбылыстарды талдайды.

Ғалым В.С. Фарфель былай деп айтқан: «Ғылым – бұл ең алдымен, нақты білу, айғақ жинау, қорытындыларды объективті негіздеу. Осының барлығы тәжірибелік қана емес, сондай-ақ ғылыми сипаттағы мәліметтерден құралған сандардан тұрады. Бірақ сандармен жұмыс істей білу керек және оларды қажет уақытында, әрі орынды қолдана білу керек».

Статистиканың кей жағдайда ғылыми мәліметтерді талдау кезінде қорытынды жасауда қауіпті құрал болатыны белгілі, себебі әр санның астарында спортшы көрсеткен жеке нәтиже жатыр және бұл көрсеткі-

шті жуықтау, қандай да бір үлгіге келтіру әрқашанда дұрыс және қажет бола бермейді. Дегенмен, математикалық статистика әдістерін қолданбай, тәжірибе барысында алынған мәліметтерді өңдеу, адам өмірінің түрлі салаларында, соның ішінде дене тәрбиесі және спорт саласында қолданбалы мәнге ие қорытындыларды тұжырымдау мүмкін емес.

Кез-келген шығармашылық жұмыспен шұғылданатын дене тәрбиесі маманы, мейлі ол курстық немесе дипломдық жұмыс жазып жүрген дене тәрбиесі факультетінің студенті, не ғылыми мәліметтерді талдаушы аспирант, докторант, ғылыми жұмыскер немесе дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, жаттықтырушы болсын, ол өз жұмысының барысында нақты тәжірибелік материал (алғашқы сандық массив) алады. Егер бұл мәліметтер математикалық статистика әдістерінің көмегімен өңделмесе, онда олардың жұмыстарының не теориялық, не практикалық мәні болмайды.

Математикалық статистиканың мәні туралы және осы арқылы дене тәрбиесі және спорт саласында шешілетін мәселелер туралы айту үшін, кейбір терминдерге анықтама бере кетейік: бас жиынтық – бастапқы жиынтық (жалпы барлық объектілердің саны), таңдама – бас жиынтықтан таңдалып алынған зерттеу объектілерінің бір бөлігі.

Барлық зерттеу объектілерінің оларды топтастыруға, бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік беретін кемінде бір ортақ белгісі болуы керек (жынысы, жас мөлшері, спорттық біліктілігі және т.б.). Бұл жағдайда бұл объектілерді статистикалық жиынтық деп атауға болады.

Нақты тәжірибелік материал ғылыми эксперимент барысында пайда болады. Оның дәстүрлі сұлбасы мынадай: әдетте сыналатын ғылыми зерттеуге қатысушылар оларды статистикалық жиынтық ретінде анықтауға мүмкіндік беретін белгілері маңызды болып табылатын бақылау және эксперименттік топтарға бөлінеді. Бұл белгілер сипаттамалары бойынша шамамен бірдей болуы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда, эксперименттің ғылыми мәні болмайды. Бақылау тобы дәстүрлі әдіс бойынша дайындалады, ал эксперименттік топ – жаңа әдісті қолданады. Экспериментке дейін және одан кейін бақылау сынақтары жүргізіледі және олардың нәтижелері бойынша жаңа әдістің тиімділігін талқылайды.

Бақылау және эксперименттік топқа бөлу кезеңінде-ақ зерттеуші топтың саны қанша болу керек, бұл топтарға кандидаттар қалай таңдалуы керек, экспериментке қатысушылардың дайындық деңгейі қандай, бір топ екінші топтан эксперимент үшін маңызды көрсеткіштер бойынша айтарлықтай ерекшеленеді ме деген сұрақтарға тап болады. Осы сұрақтардың барлығына тек математикалық статистика әдістерін пайдалану арқылы ғана жауап беруге болады.

Мысалы, таңдаманың бас жиынтыққа қарағанда сайлы екендігі туралы бір ауыздан айтуға мүмкіндік беретін әдістер бар. Бұл әдістерге мыналар жатады:

1) Объектілерді бас жиынтықтан таңдамаға іріктеу әдістері:

а) жеребе тастау; б) механикалық сұрыптау; в) типтік сұрыптау; г) сериялық сұрыптау.

2) Ізделініп отырған параметрлердің нақты мәндері жатуы ықтимал интервалдардың ең жақын мәндері мен шекараларын анықтауға мүмкіндік беретін нүктелік және интервалдық бағалау әдістері.

3) Бас жиынтықтың орта шамасын бақылау кесінділерін жүргізгеннен кейін берілген шамадан аспайтын қателікпен табуға мүмкіндік беретін таңдаманың ең аз көлемін анықтау әдістері.

4) Зерттеуші әдетте, ауқымды сандық мәліметтерден тұратын алғашқы сандық материалды алады. Бұл сандардың жиынына шолу жасау қиын және олар бойынша тікелей қандай да қорытынды жасау мүмкін емес. Мұнда сипаттамалық статистика әдістері қолданылады:

а) мәліметтерді топтастыру және олардың ішіндегі вариациялық қатарларды бөлу арқылы статистикалық кестелер түрінде көрсету.

б) эксперименттік мәліметтерді гистограмма және жиіліктер полигоны ретінде графикалық түрде көрсету.

5) Сандық есептік сипаттамалар туралы түсінік беретін әдістер:

а) жағдайдың сипаттамалары: орташа арифметикалық; медиана; мода.

б) шашырау сипаттамалары: дисперсия; стандартты ауытқу; вариациялық коэффициент.

в) эмпирикалық үлестірім асимметриясы сипаттамалары: асимметрия; эксцесс.

6) Эксперименттік мәліметтердің орташа шамалары мен үлестірім сипаттамаларын алғаннан кейін, зерттеуші бақылау және эксперименттік топтардағы көрсеткіштердің әр түрлі екенін көреді. Бұл айырмашылықтар қаншалықты дұрыс? Бұл жаңа әдістің нәтижесі ме әлде жай кездейсоқтық па деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға жауап беруге статистикалық гипотезаларды тексеру әдістері көмектеседі:

1. Қалыпты үлестірімге негізделген критерилер:

а) F – Фишер критериі; б) t – Стьюдент критериі; в) U – критерии.

2. Біріккен критерийлер:

а) χ2 критерий (хи-шаршы критериі); б) Шапиро-Уилки критериі.

3. Параметрлік емес критерийлер:

а) Вилкоксон критериі.

7) Зерттеудің мақсаты көбіне спорттық нәтиже мен анықталған жаттығушылық немесе даму көрсеткіші арасындағы, дене дайындығының белгілі бір көрсеткіштері арасындағы және т.б. байланыстың болуын және оның дәрежесін анықтау болып табылады, мұндай міндеттер корреляциялық және регрессивті талдау әдістерімен шешіледі.

8) Сонымен қатар, кей жағдайда зерттеуші бір көрсеткіштің, осы көрсеткішке ықпал ететін екі, үш, төрт және одан да көп аргументтермен өзара байланысының дәрежесін анықтағысы келеді. Мысалы, биомеханикалық ғылым саласында: жүгіріп келіп ұзындыққа секіру нәтижесіне келесі көрсеткіштер қандай дәрежеде ықпал етеді (жалпы пайыздық мөлшерде): алғашқы жүгіру жылдамдығы; секіруге дейін үш метр қалғандағы жүгіру жылдамдығы; секіру кезіндегі бүгілген аяқтың бұрыштық шамасы; тізе буынын бүгу бұрышы және секіру кезіндегі аяқ қозғалысының жылдамдығы, секіру кезіндегі жоғарыға көтерілу биіктігі және т.б. Бұл белгісіз шамалары көп мысал. Осы мысал сияқты теңдеулер көптік корреляция және регрессия әдістерінің көмегімен шешіледі. Бұдан да күрделі міндеттерді факторлы және басқа да талдау түрлері шешеді.

Осылайша, математикалық статистикада қолданылатын негізгі әдістердің бағытын атап көрсете отырып, біз бұл әдітердің дене тәрбиесі мен спортта қолдану қажеттігі және негізділігі туралы қорытындыға келеміз.

1. *Боровков А.А. Математическая статистика, Лань, 2010. – 704 с.*
2. *Денисова Л.В., Хмельницкая И.В., Харченко Л.А. Измерения и методы математической статистики в физическом воспитании и спорте. Учебное пособие для ВУЗов, Олимпийская литература, 2008. – 127 с.*
3. *Иванов В.С. Основы математической статистики, Физкультура и спорт 1990. – 177 с.*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ УАҚЫТТЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.С. Тазабекова – *аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Резюме

В статье рассматриваются особенности формирования временных представлений у детей дошкольного возраста. Автор описывает особенности распределение учебного материала по годам обучения.

Summary

In the following article are opened the features of formatting time part meanings by pre-school age children. The author says the features of separating teaching materials for academic years.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп көрсетілген [1]. Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз барлық әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, өзін таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Ендеше, мектеп жасына дейінгі балалардың дүние танымын кеңейтуге балаларда уақытқа бағдарлай алу ұғымын қалыптастыру белсенділігін арттырып, білім біліктерін арттырып жетілдірудің қоғамдық мәнісі зор.

Орыс тілінде время (уақыт) ежелгі орыстың *веремя* деген сөзінен шыққан, ол *айналу* деген мағынаны береді [2]. Өткен, келер және осы шақтар; олар алмаса алмайтындай болып, өзара байланысқан. Уақыттың қайтымсыз болу қасиеті, уақыттың бір бағытпен өтуі табиғат пен қоғамның жоғары өрлеу сызығы бойымен мәңгі даму, ескіден жаңаға өту белгісі.

Түйсіктік қабылдау деген уақытты қабылдаудың негізі болмақ. Алуан түрлі анализаторлар комплексі уақыттың баяу өтетіндігін түйсікпен қабылдауға септігін тигізеді, алайда И.М. Сеченов есіту және бұлшық еттер түйсіктеріне ерекше мән берген. «Тек дыбыс пен бұлшық еттер түйсігі ғана адамға уақыт жөнінде түсінік береді, онымен бірге өзінің бар мән-мағынасымен емес, бір жағынан ғана, дыбыстың созылыңқы және бұлшық еттер түйсігін И.М. Сеченов уақыт пен кеңістіктің жарым-жартылай анализаторы деп атаған. «Уақытты сезіну» дамудың әртүрлі басқыштарында болуы мүмкін. Ерте кезде уақыт өлшеуіштері болмаса да адамдар өмір тәжірибесіне сүйеніп уақытты бағдарлап, бағамдай алған. Ал жаңа туған нәресте жылай бастағанда оның қарнының ашқандығын, тамақтанатын уақыты болғандығын сезген. Ал нәресте қарнының ашқандығын уақытқа қатыссыз, қажеттіліктен сезінсе, ересектер оның

алдыңғы тамақтанған уақытының мөлшерін бағамдап барып анықтайды. Ал нәрестенің мазасыздана дыбыс беруінің арасы жиілеп кетсе оның қарны ашқандығынан емес басқа нәрсеге мазасызданып жатқандығын сезінеді. Нәрестенің тамағы тоқ болса, ол келесі қарны ашқанға дейін тыныш жата береді, ұйықтайды. Оның әзірше «уақытты сезінуі» жоқ, тек нақты әрекетпен байланысты ғана қалыптасқан, яғни оның қолданылу аясы аса тар.

«Уақытты сезіну» адамның практикалық іс-әрекетінде уақытты бағалау әдістерін игеру нәтижесінде дамиды әрі жетіледі. Мұндай жағдай да ол іс-әрекетті реттеуші ролін атқара бастайды.

Уақытты қабылдау, бір жағынан, сезім негізіне келіп тірелсе, екінші жағынан – уақытты бағалаудың көпшілік қабылдаған эталондарын игеруіне байланысты, уақытты сезіп қабылдауға септігін тигізетіндер органикалық өміріміздің қатаң периодты болып келетін барлық негізгі үдерістері болмақ.

Уақытты қабылдау негізі деп, басқа да қабылдау сияқты, бейне түзетін перспективтік амалдар системасын айтады (Б.Г. Ананьев). Уақыт болса, осы процестердің ритмімен темп бойынша, реті бойынша т.с. ерекше өту сипаты іспетті, ал бұл – көпшілік қауымдағы эталондар көмегімен өлшенеді.

Физиологиялық зерттеулердің көрсетуінше, ерте жастағы балаларда уақытқа деген шартты рефлекстерді тәрбиелеу жылдамдығы әр түрлі, ал мектеп жасына дейінгі балаларда үлкен қиындықтар туындайды және аса тұрақсыз қалыптасады. Балаларға уақыттың бірқалыпты өтіп жататындығын, оның қайта қайырылмайтындығын және периодтылығын қабылдау аса қиын, өйткені оның көзге көрінбейтіндігі. Балаларға уақыт қатынастарын белгілейтін сөздердің мәнін түсіну де қиынға соғады, өйткені ол салыстырмалы сипатта болады: мысалы, кеше-бүгін-ертең, немесе таңертең-түсте-кешке, я болмаса бағанақазір т.б. деген сөздер нені білдіреді, қандай айырмашылықтары бар? «Бұл уақыт белгілеулердің мәні теңбе-тең болғанда реалды нақтылы момент, олардың көрсетіп отырғаны, үздіксіз жылжып отырады. Бұл баланың бірден игере алмайтын қиындығы» – деп жазды С.Л. Рубинштейн. Сондықтан мектепке дейінгі балаларда уақыт арақатынасын бағамдауда көп шатасулар жиі болып тұратындығы белгілі. Кейде балалардың үлкендерден: «Ертең деген неше күннен соң, ертең болу үшін неше рет ұйықтап тұрамыз?» немесе «Ертең болғанда мен мектепке барамын ба?» деген сұрақтарды естіп қалып жатамыз. Жыл мезгілдеріне байланысты да «Жаз енді болмай ма? Енді ылғи суық боп тұра ма? Жаз қайтып келу үшін қанша уақыт керек?» деген сияқты сауалардыда жиі қойып жатады.

Ал ерте даму кезеңдерінде балалар уақытты сапалық белгілер негізінде бағдарлайды. Мысалы: 2-3 жасар баланы жатар алдында анасы жуынуын өтінеді, жуынып болған бала: анасына «қайырлы таң» деуі мүмкін, себебі оның түсінігінде жуынған соң «қайырлы таң» деу керек деп қалыптасқан. Ал анасы «Жоқ балам сен «қайырлы таң» деп таңертең ұйқыдан тұрғанда айтасың, ал қазір кеш болды, сен ұйқыға жатасың, сондықтан «қайырлы түн» деуің керек» – дейді. Анасы осы жерде балаға күн мен түннің айырмашылығы жөнінде нақты дәйектермен түсіндіріп кеткені дұрыс. Яғни, «таң немесе күн» дегенде даланың жарық болатындығын, адамдардың ұйқыдан тұрып жұмысқа, балалардың мектепке, балабақшаға баратындығын, ал «кеш немесе түн» дегенде даланың қараңғыланып, адамдардың жұмыстарынан, мектеп пен балабақшалардан үйлеріне оралып, кешкі астарын ішіп ұйқыға жататындығын баяндауы керек. Жалпы балалардың уақыт қатынастарына ерте бастан қызығушылықтары артатыны байқалады. Бүлдіршіндер уақыт терминдерін аса бір қиындықпен игерсе де, олардың сөз қорының дамуына қарай қазіргі, өткен және келер шақ етістіктің уақытқа байланысты айырмашылығын орынды пайдалана алатын болады.

Кіші топтағы балалар белгілі бір оқиғаларды уақыт жағынан айқындауға әрекеттенеді. Олар тәулік бөліктерін, өздерінің күнделікті әрекеттерімен байланыстырып, айыра біледі, ал өздеріне жақсы таныс ерекше қызықтыратын кейбір оқиғаларды белгілі бір уақыт мерзімімен байланыстыра алады. «Қар жауғанда яғни қыста – Аяз ата келеді, маған сыйлықтар береді» десе, «Күн жылығанда яғни, жаз келгенде суға түсугебаратындықтырымен» т.с.с. түсіндіреді. Ал төрт-бес жасар балалар белгілі бір уақыт аралықтарын дәл анықтай алады, мысалы, олар жексенбіден соң балабақшаға үшінші рет барғанда сурет немесе музыка сабағы болатынын біледі. Бірақ сабақтардың ұзақтығы туралы түсініктер оған беймәлім. Сабақ аяқталар мезгілде тәрбиешінің сабақ бітуге аз минуттар қалғандығын, алдарындағы тапсырмаларын тезірек аяқтауларын өтінгені оларды аса мазаландыра қоймайды, себебі олардың минут туралы, оның ұзақтығы жайындағы түсініктері қалыптаспаған, сондықтан олар өздеріне жұмбақтау көрінетін «минут» деген сөзге аса мән бере қоймайды. Ал осы арада тәрбиеші бір минуттың алпыс секундтан тұратындығын ескертпей-ақ, қоңыраулы сағатты белгілі бір уақытқа бағыттап, осы сағат қоңырауы шырылдағанда сабақтың аяқталатындығын ескертіп, уақыт өтіп сағат қоңырауы шырылдағанда сабақтың аяқталғандығын хабарлап алдарындағы жұмыстарын тапсыруларын өтінгенде, балалардың әлі жұмыстарын аяқтай алмағандығы, минут дегеннің тез өтіп кеткендігі біраз таңқалдыратыны анық. Әрине, мұндай кезде кейбір баланың жұмысының аяқталмай қалғандығына қынжылатыны тіпті өкпелеп қалатыны да белгілі, бірақ

санасында «минут» дегеннің өте аз мөлшер екендігі, келешекте апайы аз минут қалды дегенде асығуы, жылдам қимылдауы керектігі туралы ойлар қалыптасатыны сөзсіз. Бұл жерде балаға арнайы минут туралы түсінік қалыптастыру міндеті тұрмағанымен, оларға оның ұзақтығы жайында сезіндіру жеткілікті. Алайда кейбір балалардың жаңа терминге бірден қызығушылығы оянып, осы ұғымды әрі қарай өздігінен зерттеуге тырысады. Ол ата-анасынан, немесе өзінен ересек әпке-ағаларынан түсініктер ала бастайды. Олардың «минут» дегенді білетін-білмейтіндігін анықтауға тырысады, білетіндіктерін анықтап алған соңақ, осы туралы айтуларын, оны қалай анықтауға болатындығы жайлы бірнеше қайтара сұрап, ақыры олардан үйретулерін өтінеді. Оны өзі түсініп алған соң балабақшадағы құрбыларына өзінің әлінше түсіндіруге тырысады.

Ал ұзағырақ уақыт аралықтары жөніндегі түсінікке келсек, ересек балаларда да олар дәл емес. Өткен заман туралы олардың түсінігі тіпті де бұлыңғыр. Солай бола тұрса да, ертеде өткендерге балалар қызығады, алайда әр бала уақыт тұрғысынан әр түрлі пайымдайды, бұның бәрі үлкендердің балаларды уақыт қатынастарымен қалай таныстыруына, баламен белгілі бір оқиғаларды уақыт тұрғысынан пайымдау жөнінде әңгімелесе ме, жоқ паосыған байланысты. Дұрыс басшылық берілсе, бала көптеген нәрсені игере алатыны айдан анық.

«Балалар бақшасы бағдарламаларында» ересек топтағы балаларды кейбір тарихи оқиғалармен таныстырады, сондықтан осы жастан бастап-ақ балаларда уақыт жөнінде бағдарлай білуді қалыптастыру қажет екені даусыз. Оқиғалар уақыт бойынша өту ретін дәлірек жіктеу және түсіну қабілетін дамыта келе, осы оқиғалардың себептік тәуелдіктерін сандық қатынастарымен түсінуі мүмкін болады, оның негізгісі балаларда алуан түрлі уақыт эталондарын пайдалана білу іскерлігін дамыту, мұның өзі уақыт қатынастарын сан көрсеткіштері жағынан өрнектеп көрсетуге мүмкіндік береді [3].

С.Л. Рубинштейн: «Уақыт жөніндегі түсінік балаларда әдетте кеш дамитын болғанымен (әсіресе оны тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмеген жағдайда), оған баланың ой-жотасы жете бермейді деп қарауға болмайды» – деп жазады. Әрине бұл пікірдің жайдан-жай айтыла салмағандығы, нақты зерттеулер мен тәжірибелер нәтижелерінің қорытындыларын саралап талдау арқылы тұжырымдалғандығы белгілі. Шынымен де кейбір балалардың ерте жастан-ақ уақыт бірліктерін, айлар-жылдарды былай қойғанда минут-секундтарды ажырата алатындығына талай куә болып жүрміз. «Сен мұны қайдан білесің?» деген сұрақтарға, олар: «анам немесе әкем, атам немесе әжем, болмаса әпкем немесе ағам үйретті» деп жауап береді. Бұл жерде айтып кететін бір мәселе, бала өздігінен қызығушылық танытып білуге ұмтылмаса, үлкендердің «кел, мен саған уақыттың бірліктерін үйретейін немесе сен қайтсеңде осыларды білуің керек» деп қыстап үйретпейтіні анық.

Психология мен физиология балаларда «уақыт сезімін»дамыту қажеттігін атап айтады (Н.И. Красногорский т.б.). Уақыт ұзақтығын бағалауға үш фактор ықпал етеді деп көрсетілген: әрекет мазмұны, оған қызығушылық және баланың жасы. Көптеген қызғылықты оқиғаларға толы уақыт мазмұны жағынан бай да, әдетте білінбей өте береді және оның ұзақтығына берілетін баға ақиқаттан кемдеу келеді. Және керісінше, уақыт бір қалыпты өтетін болса, оның мазмұны да жадау болады, «созылыңқы» болып көрінеді және оған берілетін баға да ақиқаттан артықтау келеді (С.Л. Рубинштейн).

Кейде: «Балалар сағат, минут, күн, апта деген не? – деген сұрақтарға жауап бере алмайды, тіпті ересек балалардың өздері де сағат пен тәуліктің т.б. мәнісін түсіндіре алмайды» деген пікірлер кездесіп жатады. Балалардың көбісі сағат тілдерінің қозғалысын түсіне бермейтіні, ал қол сағатты сәндік бұйым деп ұғатындары да бар екені де рас. Алты-жеті жастағы балалардың арасында да аптакүндері мен ай атауларын ретімен дұрыс атай алмайтындары кездеседі, тіпті өздеріне таныс даталы күндерді олармен байланыстыра алмайтындары, сондай-ақ жыл мезгілдерімен олардың айларын,тіпті мезгілдік құбылыстардың (неліктен қыста қар, ал жазда жаңбыр жауатынын т.с.с) себептері мен олардың өзара байланыстарын да түсіндіре алмайтындары бар. Балалар қандай болмасын режимдік моменттердің ұзақтығын, сабақтардың ұзақтығын т.б. түсінбейді де [4]. Олар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің уақытын тек тәрбиешінің «сабақ басталды» немесе «сабақ аяқталды» деген сөздерінен ғана, сабақ уақытының басталғандығы немесе аяқталғандығын түсінеді. Мұның себебі мектеп жасына дейінгі балалардың уақыт туралы түсініктерін қалыптастырғанда апта күндерін, ай аттарын немесе жыл мезгілдерін тек ретімен жаттайтындықтарында: бұл балаларда уақыт жөнінде негізгі ұғымдарды қалыптастырмайды – олардың жаттайтындары уақыттың қайтымсыздығы, ритмі мен темпі сонымен қатаруақыттың периодтылығы мен алмасатыны жайында ғана. Балалардың кейбір уақыт белгілері жөнінде алған мағлұматтары баласанасынантыс қала береді, уақыт қатынастарының байыбына бармайды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға уақыт туралы түсініктер қалыптастыру үдерісінде әр терминді енгізу барысында оларға жан-жақты, жасына лайықты, ұғынықты тілде және күнделікті өмірмен байланыстырыла, сонымен қатар баланың іс-әрекетімен кіріктіріле беріліп отырсаолардың жаңа ұғымды қабылдауға қызығушылығының артпаса, кемімейтіні даусыз.

Уақыт ұғымын меңгеру барысында мектеп жасына дейінгі балалардың күнделікті өмірде кездесетін бүгін, ертең, кеше, таңертең, күндіз, түс, талтүс, түн, кеш т.б.ұғымдарыжайында түсініктері қалыптасады.

Уақыт аралығы жайында қарапайым түсінік. Минут, сағат, тәулік, апта, ай, жыл, мүшел, ғасыр және олардың арақатынасы. Мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктер қалыптастыру әдістемесінің тарихына үңілсек, осы мәселенің басында тұрған ғалымдарымыздың осы салаға баға жетпес үлес қосқандарының куәсі боламыз. Балалардың математикалық дамуы мәселесімен Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, В.И. Водовозов, Ф.Фребель, М.Монтессори, В.А. Кемниц, В.А. Лай, Д.В. Волковский, К.Ф. Лебединцевтердің айналысқанын білеміз. Балалар бақшасында математикалық түсініктерді оқыту мен қалыптастыру мәселелерімен Е.Н. Водовозова, Ж.Пиаже, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, П.Я. Гальперин, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Н.А. Менчинская, А.А. Люблинская, А.В.Запорожец, Л.А.Венгер, А.П Усова, Н.П. Сакулина, Н.А. Ветлугина, Е.А. Флерина, Е.Ф. Проскура, Э.Пилюгина, В.С. Мухина, З.М. Истомина, Н.Н. Подъяков, Р.С. Буре, Т.С. Комарова және басқалары айналысты. Балалар бақшасында мектеп жасына дейінгі балалардың математика алды даярлығының теориясы мен әдістемесіне кеңес кезеңіндегі ғалымдар Е.И. Тихеева, Л.В. Глаголева, Ф.Н. Блехер, А.М. Леушина, А.П. Усова, М.Ф. Чекмарев, Е.И. Удальцова, А.А. Столяр, Л.С. Метлина, Т.В. Тарунтаева, Ф.А. Михайлова, Н.Г. Бакст, Р.Чуднова және тағы басқа көптеген педагогтар, әдіскерлер мен зерттеушілер баға жетпес үлес қосты.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030" жолдауындағы «Балапан» бағдарламасы.

2. Орысша-қазақша түсіндірме жалпы сөздік: Көлік / профессор Е.Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006.

3. Сәтімбекова М. Балаларда қарапайым математикалық түсінік қалыптастыру тәсілдері.

4. Леушина А.М. Мектеп жасына дейінгі балаларда элементар математикалық түсініктерді қалыптастыру, – Алматы, 1982 ж.

5. Непомнящая Р.Л. Особенности понимания детьми 6-7 лет отнешений между измеряемой величиной, мерой и результатом измерения. «Ученые записки ЛГПИ им. Герцена», 1972 г.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

М.Қ. Ибраева, А.А. Абсатова – *Абай атындағы қазҰПУ*

Түйін

Бұл мақалада қазақ халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесінің педагогикалық негіздері қарастырылады. Қазақ халқының жас ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі тәжірибесі баяндалады. Әмбебап ғұлама ұлағатты ұстаздардың қазақ халық отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері жөніндегі өсиетері мен үлгі-өнегелері айтылады.

Резюме

В данной статье рассматриваются педагогические основы семейного воспитания казахской народной педагогики. Затрагиваются особенности семейного воспитания и опыта воспитания подрастающего поколения казахского народа. Приводятся назидания выдающихся личностей и великих педагогов об особенностях семейного воспитания казахского народа.

Summary

In the given clause is considered some problems of family education of kazakh national pedagogics. Mentioned features of family educaiton and experience of education of rising generation of the kazakh people and resulted edifications of outstanding persons and great teacher.

Халық педагогикасы халықтардың ғасыр бойы ұрпақ тәрбиелеу мәселесіне негізделген ғалымдардың бай тәжірибесінің жиынтығы. Қазақтың тәрбие мектебі – ақын-жазушылар мен билердің өсиеттері, халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтық осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізді, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды.

Халқымыздың болашағын ойлаған асыл ойлы ғұламаларымыз да кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған. Қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Ақиқатқа жүгінсек бүкіл әлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебеп ғұлама, ұлағатты ұстаз әл-Фараби бабамыздан бастап түркі тілдес халықтарға ортақ орта ғасыр ойшылдары: Баласағұн, Қашқари, Жүгінеки, Иассауи трактаттары. Алтын Орда дәуірінің ойшылдары: Хорезми, Саран, Дулати, Жалайыры, Әбілғазы т.б. еңбектерінің қазіргі ұрпақ

тәрбиесінен алар орны ерекше. Онан кейінгі Асан қайғы, Шалкиіз, Жиенбет, Ақтамберді, Бұхар, Шал, Дулат, Махамбет, Майлықожалардың әр түрлі өмір құбылыстары адам мен қоғам, жан мен тән, тыныстіршілік туралы терең толғауларының, ақыл-кеңес, өсиеттерінің қазіргі жастарымыз үшін, олардың тәрбиесі үшін берері аз емес. Қазақ халқының ұлттық даралығы ұрпақ тәрбиелеу тәсілдері мен салт-дәстүр ерекшелігінде. Қазақтың тәлім-тәрбиесі – теңдесі жоқ даналық, қасиетті мектеп десек, артық бағалағандық емес. Ертеңгі өркениетті қоғам мүшесі, өз ұлтының рухани байлығын, ізгі қасиеттерін бойына сіңірген, өз жері мен елін қорғай алатын ұлтжанды, жоғары мәдениетті адамды тәрбиелеудің негізі – халықтық тәлім-тәрбие.

Қазақстан Республикасының «*Білім туралы» заңында* [1] (18 қаңтар, 1992 ж.) ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдай жасау туралы айтылған. Осыған байланысты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді адамзат мәдениетімен үйлестіріп іске асыру әрбір отбасының негізгі міндеттерінің бірі. Себебі, ұлттық тәрбие отбасынан басталады. Отбасы тәрбиесі – көзделген нәтижеге жету мақсатында, ата-аналар мен жанұя мүшелерінің тарапынан жасалатын ықпал процестері. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Отбасы – бұл мектеп те, ақпарат көзі де, қоғамдық ұйымдар да, еңбек ұжымы да, досжарандары да және әдеп пен өнер кілті де. Сондықтан тұлғаның қалыптасуы ең алдымен отбасына тәуелді. Неғұрлым отбасы жақсы болып, оның тәрбиелік ықпалы жоғары болса, тұлғаның рухани-адамгершілік, еңбек тәрбиесінің көрсеткіші де жоғары. Қаншалықты отбасы болса, тәрбие ерекшеліктері де соншалықты мол. Мысалы, мейір мен сүйіспеншілік баланы билеудің басты құралы. «Әркім сүйгеннің құлы» деп атам қазақ бекер айтпаған. Балаңызды тәрбиелі көргіңіз келсе, оны аталық мейірім мен аналық махаббатқа бөлеңіз. Сонда әке, шеше тарапынан қолданылатын басқа ықпалдардың қажеті болмай қалады. Ата-ана әлпешімен баланың ғажайып ықпалға ие болатыны баршаға аян. Осы киелі ықпалды жалықпай пайдалануға күш салыңыз.

Отбасы – ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Отбасында балалардың мүмкіндіктерін барынша дамытып, оны өмірде қолдана білуге, еңбек етуге, шығармашылық әрекетке даярлыққа, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу қажет. Жеке бастың пайдасы мен ұжымдық пайданың үйлесімдігін табуға, іскерлікке, ізгілікке, өздігінен ізденуге, өзін-өзін жетілдіруге тәрбиелеудің мәні зор.

«Баланың құқығы жөніндегі конвенцияда» [2] (1989) отбасында баланың құқығын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсіністікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқы қорғалуы тиіс.

Халқымыздың салт-дәстүрінде «Әр перзент жарық дүниеге өз несібесімен келеді» деп санаған. «Дүние есігін қаққан бір сәбидің еншісіне бір қой артық қоздайды, сол жылы бір уыс шөп артық шығады», – дейді ата-бабамыз. Қазақ баладан қашпаған, бала тәрбиесі құрсақта басталып, нәрестенің дүниеге келуі биік марапатталған.

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – *бала.* Дүниеге келерінде де, келген соң да әке-шешесін бірден-ақ татулыққа, сыйластыққа, ынтымаққа шақыратын, ата-ана көңілін жақындастыра түсетін – бала. Белгілі педагог *А.С. Макаренко* «Ата-анаға арналған кітабында» [3] «...Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші роль атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде, тіпті сіз үйде болмаған кезде де іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, өзгелермен қалай сөйлесетініңіз, олар туралы не ойлайтыныңыз, қалай күлетініңіз, қалай газет оқығаныңыз, осы іс-әрекеттеріңіздің бәрі де балаңыз үшін маңызды. Тіпті дауыс екпінінің өзгеруін де бала сезінеді, сіздің барлық ойыңыз баланың көкейіне беймәлім жолмен жетіп жатады, сіз оны байқамайсыз да. Ал отбасында сіз дөрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеңіз, осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз...», – дейді.

Халқымыздың дана перзенті *Абайдың* әрбір шығармасы инабаттылыққа, парасаттылыққа, имандылық пен ізгілікке тәрбиелейді. Ұлы Абай өзінің шығармаларында халықтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін, салт-дәстүрлерін орынды пайдалана отырып, адам бойындағы надандық пен зұлымдыққа, жалқаулық пен менмендікке қарсы шыға білді. «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүнедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп адам білімді болады» [4] –дейді.

Абайдың 38-қара сөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал. Өмірді қалай өткіздің, не білімге, не дүниеге жарамды қылып өткізіпсің? Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – ерін-

шектік, үшіншісі – залымдық деп білесің. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердегі дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» [4], сондай-ақ:

Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыз.

Сорлы қазақ сол үшін, алтыбақан ала ауыз..., – деген өлең жолдарында адам баласының бойындағы ұнамды, ұнамсыз мінез-құлықтарды ашып бере отырып, жамандарын сынға алады, жақсыларын жастарға үлгі тұтады.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке қадам басқан бүгінгі таңда адамгершілігі мол, саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде Абай шығармаларын пайдаланудың берері мол.

Мектеп табалдырығындағы балаларын өздерінше ересек санап, оның оқуына, тәрбиесіне онша көңіл бөлмейтін, баласының жаман ортаға түсіп қалғанын да кеш байқап қалып, опық жейтін ата-аналар да кездеседі. Сөйтіп баланы қайта тәрбиелеу әрекеті басталады. Ал, қайта тәрбиелеу үлкен күшті, көп білімді, ұшан-теңіз төзімділікті қажет етеді. «Жаман тәрбие – бізге болашақ қайғы, көз жасымыз, бұл – басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы кінәміз» [3] – деген көрнекті педагог *А.С. Макаренко*. Рас, аз да болса біздің қоғамымызда ондай жат мінезді жастардың кездесіп қалатыны бар. Оған көпшілігінде – ата-аналар кінәлі.

Бала тәрбиесіндегі ең ауыр кезең 13-14 жастан басталады. Бұл жаста бала организмінде күрделі физиологиялық өзгерістер болады. Осыған байланысты мінез-құлқында да бұрын байқалмайтын көріністер сезіледі. Бала сезімі бұл кезде өте нәзік, сезгіш, ұшқыр, кейде сөз көтермейтін ашушаң, жақсыны да, жаманды да тез қабылдағыш келеді, өз пікірі, өмірге өзіндік көзқарасы қалыптасады. Бұл баланың есейе бастауының белгісі. Міне, дәл осы уақытта балаңызды аса сақтықпен, үлкен ұқыптылықпен бақылаңыз. Балаға қатты ұрыспай, өктемдік етпей, ақылдаса, сырласа отырып сөйлесіңіз. Баланың өз пікірімен санасып, дұрыс-бұрысын әбден біліп алып қана, бір қорытынды жасаған жөн. Тәрбиелеу ісіндегі барлық қиындықтар мен олқылықтар баланың, жасөспірімдердің күштері мен мүмкіндіктері еңбек етуді қатаң талап еткен кезін байқамай жіберіп алған уақыттан болады. Еңбек адамды жалпы тәртіпке келтіріп отырады. «Алтын – отта, адам – еңбекте сыналады», «Есіркеп берген тағамнан, еңбекпен қазған тас артық», «Сәтін күтпей, еңбегіңе сен», «Азаматты еңбегімен бағала», «Жаның сүймеген істің жемісі де жарымас», «Молшылық көзі еңбекте», «Ақылды өз ісін біледі, ақымақ сағымға сенеді», «Уақ-түйекті де үлкен істей атқар», «Арпа егіп, бидай күтпе»-деп халық даналығы айтқандай, жақсы сөздермен баланы баурап, жастайынан еңбекке араластыру керек.

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты – баланың, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбилеу. Аталған нысанаға жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді:

- отбасында баланың өсіп жетілінуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту. Тазалық дағдыларын қалыптастыру;
- еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу баланың күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру тұрмыстағы, үй шарушылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;
- отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- оқудың, білім алудың, мәдени мінез-құлықтың әдеп-дағдыларын қалыптастыру;
- отбасында баланың икемділігі мен қабілетін байқап, кәсіптік жағынан бағдарлау;
- өнерге, мәдениетке, ғылымға құштарлығын тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру;
- баланың ақылына, күшіне, біліміне сай берілген тапсырманы, талапты орындауға дайын болуға үйрету.

Сіз қандай ата-анасыз? (*Сауалнама*)

1. Кез келген ісіңізді тастай салып баламен айналыса аласыз ба?
2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өзіңіздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Балаңыз жасаған іс ашуландырған кезде өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма?
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
9. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып уәдеңізді орындайсыз ба?
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе, көңіл аудармайсыз ба?
13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

Жауабы:

1. Әрқашан жасаймын, келісемін – 3 бал.
2. Кейде ғана келісемін – 2 бал.
3. Келіспеймін – 1 бал.

Сауалнаманы бағалау өлшемдері:

0-16 Бала тәрбиесі – сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз.

16-30 Балаға қамқорлық жасау бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиешілік қабілет бар, бірақ тәжірибеде әрқашан бір қалыпты бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек.

30-39 Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз [5].

Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.

Абай

Баланың жақсысы – әке-шешенің ары, ата-ананың абыройы;
Жаманы – қайғысы, азап-соры.

В.А. Сухомлинский

Адамның қалыптасуы бала кезден басталады. Жақсылық та адам бойына нақ сол бала кезде егіледі. Ол жылдар өте келе, өніп шығады. Жақсылық ұрығының өніп шыққаны немесе оны жамандықтың арамшөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады.

С.В. Михалков

...Ана жүрегін сезе біл, оның жанарындағы шапағат пен тыныштықты, бақыт пен қуанышты, алаңдаушылық пен мазасыздықты, абыржу мен реніштi көре біл. Егер сен бала кезіңнен анаңнаң көзінен оның жан дүниесін көре білуді үйренбесең, адамгершілік жағынан өмір бойы тәрбиесіз болып қаласың.

В.А. Сухомлинский

Кімде-кімнің үйінде қартайып отырған әке-шешесі немесе атасы мен әжесі секілді қымбатты «қонағы» болса, ол – үйіне олардан артық құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса, ата-анасы оның отбасының құты болып табылады.

Платон

1. *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (18 қаңтар, 1992 ж.).*
2. *«Баланың құқығы жөніндегі конвенцияда» (1989).*
3. *Макаренко А.С. Сочинение, 5-том (орыс тілінде). – М., 1951.*
4. *Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.-Т.1.*
5. *Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана. – Алматы, 2006.*

МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Г.Б. Қамза – *аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

“Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында” орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру деп көрсетеді. Осындай күрделі мақсаттың жүзеге асуы білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету жағдайына байланыстылығын да көрсетті. Осыған орай, мектепте оқушыларды тек сабақта немесе сыныпта ғана тәрбиелеп және қалыптастырып қана қоймай, сыныптан тыс жұмыстарда да тәрбиелеу қажеттілігі маңызды болып отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының ерекше қасиеттерінің бірі – үздіксіз дамуға бейімділігі мен жаңалыққа жаны құмарлығы. Осы кезеңдердегі қолайлы сәттерді тиімді пайдаланып қалу үшін сабақтан тыс, мектептен тыс жүргізілетін үйірмелер мен тәрбие жұмыстарының ерекше маңызы бар. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді.

Бүгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде жастар арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі. Сондықтан бұл өте өзекті мәселеге айналуда.

Бала бойындағы көркемдік талғам мен шығармашылық ізденіс дағдыларын дамытуда, талантын ұштауда жалпыға бірдей білім беретін мектептердегі көркемөнерпаздар үйірмесі мен музыкалық көпшілік жұмыстардың тәлім-тәрбиелік маңызы ерекше, үйірмелерде оқушылар музыка сабағында алған білімін кеңейтіп, орындау дағдыларын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мақсат және міндеттері тұтас педагогикалық процестің қызметіне ерекше сипат береді – білімділік, тәрбиелік және дамытушылық.

Мектептегі музыка мұғалімі өз сабағында білім берумен шектелетін білікті маман ғана емес, ол тәрбиелік маңызы бар музыкалық-тағылым жұмыстарды ұйымдастырушы, мерекелік кештерді, түрлі үйірмелерді жүргізуші, тәжірибелі ұстаз тек осындай тұлға ғана оқушылардың әдеміліктен, көркемөнерден, әдебиеттен, мәдениеттен, музыкадан ләззат ала отырып, білім-ғылымға талпындырып, бойындағы қасиет қабілеттерін дамытады.

Жалпы білім беретін мектептердегі өнер пәнінің бірі музыка сабағы мектеп оқушыларына жалпы музыкалық білім мен мәдениетін қалыптастырады. Мектеп оқушылары музыка өнерінің түрлі жанрлары мен танысып ән орындау, музыкалық шығарманы тыңдауға баулынады.

Мектептегі бір сағаттық музыка сабағы оқушылардың музыкалық бейімділігін жете дамыта алмайды. Сондықтан сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстарға қатысуы арқылы олардың қабілетін дамытуға мүмкіндік туады. Бұл жұмыстардың қай түрі болсын, оқушының музыка сабағынан алған білімін толықтыруы тиіс. Музыка сабағында уақыттың тығыздығынан қол жете бермейтін, орындау дағдыларын терең меңгертуге, яғни музыканың көркемдік құралдарының шығарма мазмұнын жасаудағы ролін өз орындаулары арқылы түсінуге мүмкіндік жасалады.

Музыка сабақтарының тақырыптары егеменді еліміздің музыка өнерінің түрлі бағыттағы дамыған бай мұрасын оқушыға үйретуге бағытталған. Қазақ халқының халықтық музыкасы яғни аспаптық музыкасы, әні мен күйі туралы алғашқы мағлұматтар мен білімдерін, оқушылар мектеп музыка сабағында үйренеді.

Музыка сабағы мектеп оқушыларын өз халқының музыкасын сүйюге, мақтаныш етуге, сол арқылы оқушыны ұлтжандылыққа, отан сүйгіштікке тәрбиелейді. Музыка сабағында оқушылар қазақ аспаптық музыкасымен таныса отыра домбыра аспабының қазақ халқының өміріндегі ерекше орны туралы танылып біледі. Ал мектептегі сабақтан тыс уақытта домбыра аспабын үйренгісі келетін оқушыларға арнайы домбыра үйрету үйірмесін ұйымдастырып жүргізудің, мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі маңызды ролін байқаймыз.

Музыка пәні мұғалімінің сыныптан тыс музыкалық тәрбиелік жұмысты ұйымдастыруы, балалардың шығармашылық қызметке өз қалауларына лайықты қатысуын қамтамасыз етеді. Ал мұның өзі жан-жақты музыкалық тәрбие беруге, көркем шығармашылықтың түрлі салаларында білімді, шеберліктер мен дағдылары жетілдіруге сабақтан тыс кезде балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға, қазақ халқының музыкалық-эстетикалық мәдениетінің таңдаулы үлгілеріне оларды тартуға жәрдемдеседі. Үйірмелерде өткізілетін сабақтар балалардың мақсаткерлігін тәрбиелеп, білімін тереңдетіп, достығын нығайтады, олардың танымдық ой-өрісін кеңейтуге жәрдемдеседі, мектеп оқушыларын түрлі жастағы біртұтас ұжымға біріктіруге мүмкіндік береді.

Мектептегі музыкалық үйірмелік жұмыстарды жүргізуде, мектеп музыка пәнінің мұғалімінің аспаптық, теориялық, музыкалық-педагогикалық дайындығы асқан біліктілікті талап етеді. Өйткені мектеп оқушысы әр жастағы, әр түрлі музыкалық дамуы мүмкіндіктері бар оқушылар болып табылады. Музыкант-педагог оқушыны музыка өнерінің әлеміне түрлі формада өткізілетін, асқан шеберлікпен жоспарлап, дайындықтан өткен іс-шаралар арқылы алып келеді. Біздің қоғамымызда болып жатқан түрлі жағдайлардың барлығы музыканың байланысуымен өтеді десек қателеспейміз.

Әр оқушының өзінің сүйіп тыңдайтын музыкасы болады, яғни сол оқушының талғамына қарай, музыка сабағында оқушы әлемдік музыканы, классикалық музыканы, халық музыкасын, эстрадалық музыкасын, қазіргі заман музыкасының үлгілерімен танысады, мектеп әндерін айтуды үйренеді, белгілі бір музыкалық дағды іс-тәжірибесі қалыптасады. Музыкалық тәрбие берудегі негізгі міндет оқушыға қазіргі музыканың осындай деңгейге жетуіне ықпал жасаған классикалық музыка немесе жоғары деңгейдегі озық үлгілі музыка оның ішінде халықтық, аспаптық, вокалдық музыканың кіретінін үйретіп, көз жеткізуіміз міндетті болып табылады.

Мектепте түрлі музыкалық үйірмелердің түрі өте көп. Мектеп музыка пәнінің музыкалық біліктілігіне лайықты, яғни қандай аспаптарда ойнай алады, немесе үйірменің қай түрін жүргізгені мектеп тәрбие жұмыстарының деңгейін көтеру мақсатында жүргізіледі. Қазіргі мектептердегі негізінен жүргізілетін музыкалық үйірмелік жұмыстарға хор, оркестр, жеке аспаптар және вокал жатады. Мектепте музыкалық үйірмелік жұмыстары оқушының музыкалық тәжірибесін, шеберлігін, ұжымдағы өз жауапкершілігі мен

белсенділігі, музыка өнеріне деген қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізіледі. Үйірмеге қатысу арқылы оқушының болашақтағы өнер жолына деген кәсіптік бағдарды да, мамандық таңдауына да септігін тигізеді.

Халық аспаптар оркестрі қазақ халқының музыкалық аспаптарына баулу, ұжым болып ойнауға, өз халқының аспабына деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Халық аспаптар оркестрін құру музыка маманынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мектепте музыкалық үйірмелерінің ішіндегі тағы бір түрі ол жеке аспапта ойнауға баулу болып табылады. Музыкалық жеке аспап түрлері орасан зор. Соның ішінде халқымыздың төл аспабы домбыра, қобыз, сырнай, әлемдік аспапқа айналған күйсандық, домбыра аспаптарына үйрену мектеп оқушысы үшін жоғары өнер деп тәрбиелегеніміз қазіргі заман талабына сай дәл келетін сияқты. Мектеп оқушылары көптеген музыка аспаптарын ұнатып, қалайды, сол қалаулары арқылы сабақтан бос уақыттарында осы аспаптарды тартып үйренгілері келеді, міне осы жағдайларды мақсат ете отыра домбыра аспабына ойнау үйірмесін ұйымдастырудың заман талабы екендігіне көзімізді жеткіземіз. Үйірмелік жұмыстарды жүргізу, ұйымдастыру, талапқа сай оқушыны шеберлікке баулу, тәрбиелеу мектеп музыка ұстазынан үлкен жауапкершілік талап етеді.

Мектеп үйірме жұмыстары оқушының сабақтан тыс бос уақытын дұрыс, тиімді пайдалануға мүмкіндік жасай отыра, жас буынның қоғам алдындағы жауапкершілігі, жеке тұлғалық борышын сезіндіруге өнерлік, музыкалық тәрбиелік құралға айналады.

Бала зердесіне сыныптағы үйірмелердің өзіндік ерекшелігі, оның әдіс-тәсілдері мен амал-жолдары бүгінгі күнде жалпы білім беретін мектептердің ән-күй сабағы тәрбие жұмыстарында мұғалімдердің мақсатты, жүйелі басшылығымен жүзеге асатындығы анық. Бұл үйірмелерге қатысушыларға ұлттық музыкаға деген тәрбие берудің толық құндылығы оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына тікелей байланысты екені дау туғызбаса керек. Олар бірқатар жалпы педагогикалық және дидактикалық талаптарға сай келуге тиіс. Атап айтқанда: бүкіл оқу үрдісінің нысаналы жүргізілуі; оның жүйелілігі, түсініктілігі, дәйектілігі, көрнекілігі, өмірмен байланыстылығы, оқыту мен тәрбиедегі сабақтастығы, әрбір адамды терең құрметтей отырып, ұжымның барлық мүшелеріне қойылатын талаптардың бірлігі, шығармашылық ізденіс, өзін-өзі көрсету үшін оңтайлы жағдайлар жасау және ұжымның, оның жетекшісінің талаптарына міндетті түрде бағыну. Оқытушының музыка сыныбындағы жұмысын ұйымдастыру балалардың шығармашылық қызметке өз қалауларына сай жаппай қатысуын қамтамасыз етеді. Ал мұның өзі жан-жақты музыкалық тәрбие беруге, көркем шығармашылықтың түрлі салаларында білімді шеберліктермен дағдыларды жетілдіруге, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға, қазақ халқының музыкалық-эстетикалық мәдениетінің таңдаулы үлгілеріне оларды тартуға жәрдемдеседі. Сабақта балалардың мақсаткерлігін тәрбиелеу, білімін тереңдету, достығын нығайту, олардың танымдық ой-өрісін кеңейтуге жәрдемдеседі, мектеп оқушыларын түрлі жастағы біртұтас ұжымға біріктіруге мүмкіндік береді.

Мектептерде мынадай үйірмелер болуы шарт: хор, оркестр, жеке аспаптар, әншілер, би үйірмелері, фольклорлық, музыка театры және т.б. Бұлардың бәрі қазақтың ұлттық музыкалық өнеріне, мәдениетіне деген қызығушылықты дамытуды және музыка сабағында алған білімдерін толықтырып, оларды әрі қарай өнер биігіне жетелеуді қажет етеді.

Кез келген орта білім беретін мектептерде халық аспаптар оркестрі болуы шарт. Оркестрдің негізгі міндеті қатысушы балалардың эстетикалық талғамын музыкаға жоғарғы деңгейде тәрбиелеу. Оркестр жетекшісі оқу тәрбие жұмысын сапалы жүргізу үшін жоспар құрып, алдын ала репертуарын тағайындайды. Орындалатын музыкалық шығармалар: ән (халық әндері, кәсіпқой сазгерлердің әндері), күйлер (халық, тарихи, аңыз, сазгерлердің) оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктелуі керек.

Оқушының музыкалық шығармалар әлеміне терең бойлап, оның нәрінен сусындауы оңтайлы ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекетке тәуелді. Бұл мектеп оқушыларының музыкаға ынта-ықыласын белсендіріп, мақсатты түрде музыкалық тәрбие беру мәселесін қарастыруды талап етеді.

Қазіргі жалпы мектептерде ұсынылған музыка пәнінің бағдарламасына сай сабақтарды өткізуге мол мүмкіндік бар. Сол мүмкіндікті тиімді пайдалана отырып сабақтың түрін, формасын ауыстыра отыра, әр түрлі әдістерді қолданып, музыка сабағын мағыналы етіп өткізуі - оқытушының міндеті.

1. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстан-2030: Ел прзидентінің Қазақстан халқына жолдауы" Егемен Қазақстан - №194, 1994.

2. Жұбанов А.Қ. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым.

3. Момынұлы П. Музыкалы-эстетикалық тәрбие, – Алматы.

4. Дүйсембінова Р.Қ. «Музыкалық білім беру педагогикасы» – Талдықорған.

5. Тастанов Х. «Домбырадан сабақ беру әдістемесі» – Алматы.

ҚИЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

И.М. Мамбеталиева – *«Жанұя» кешенінің тәрбиешісі*

Түйін

Мақалада қиын оқушыларды азаматтық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің жолдары қарастырылған.

Резюме

В статье раскрываются проблемы воспитания трудных учащихся в аспекте общечеловеческих ценностей.

Summary

This article deals with the educational ways of difficult pupils' through human value.

Жас ұрпақтың тәрбиесіне қойылатын заманауи талаптар – адамгершілік құндылықтарды қастерлейтін, өз Отанын сүйіп және құрметтейтін, кез келген жағдайда өзара қарым-қатынас жасай алатын тұлға тәрбиелеу. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесіндегі тәрбиеге, соның ішінде азаматтық құндылықтар жүйесін қалыптастыруға баса назар аударылуда. Азаматтық құндылықтар дегеніміз не? Азаматтық құндылықтар жүйесіне қоғамда қалыптасқан адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақталған рухани және материалдық құндылықтар жатады. Сол себепті жеке тұлғаны азаматтық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде төмендегідей ерекшеліктерге мән берген ұтымды:

- оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Демек, бүгінгі таңда жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерді негізге алу арқылы оқушыларды тәрбиелеу «қиын» оқушы мәселесінің туындауына тосқауыл болады. Бүгінде жалпы білім беретін орта мектептердегі оқу-тәрбие жүйесінде «қиын» оқушы деген ұғым қалыптасты. «Қиын» оқушы дегеніміз кім? «Қиын» оқушы деген ұғымның қалыптасуы қайдан пайда болды? «Қиын» оқушының болуы мүмкін бе деген сұрақтар туындайды.

«Қиын» оқушы ұғымына ғылыми әдебиеттерде бірнеше анықтама берілген: «өмірі ауыр жағдайдағы балалар», «ата-анасының қарауынсыз қалған балалар», «қауіпті әлеуметтік жағдайдағы балалар», «мемлекеттік көмекті қажет ететін балалар», «қоғамдық тәрбиені қажет ететін балалар» және т.б.

«Қиын» оқушыны тәрбиелеуде азаматтық құндылықтар жүйесін негізге ала отырып, тәрбиелеудің маңызы зор. Ол ерекшеліктер төмендегідей:

1) Оқушылардың жағымсыз қылығына қарай емес, сол қылықтардың алдын алуға, таралмауына ықпал ететін әдістерді іріктеп қолдану.

2) Әрбір тәрбиелік іс шараның, әр қадамның баланың психологиялық тәрбиелік даму ықпалына әсерін бақылау;

3) Тәрбие жүйесі моделін негізге ала отырып, сауатты, нақты, өміршең, мақсатты, бірізді жоспарлар жобасын құру керек.

«Бала тәрбиесінің ортақтастығына байланысты ата-аналар мен мұғалімдер арасында шынайы байланыс орнату керек. Бұл байланыстың орнықты болмауынан ата-аналар мен мұғалімдер арасында өзара түсінбеушіліктен «қиын оқушы» тағдыры күрделене түседі. «Сөз жоқ, «қиын оқушы» тәрбиесі ата-анаға да, мұғалімге де ортақ. «Менікі», «сенікі» деп бөлу әбестік. Қиын оқушымен жұмыс істеу де қиын. Амал қанша, бәрін де шыдамдылық қажет, білімділік пен біліктілік керек, олармен жұмыс жүргізгенде, ең алдымен, олардың жағымсыз мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін тізбектеп қана қоймай, жақсы, жағымды істерін де ескертіп, марапаттаудың тәрбиелік мәні бар» [1, 17].

«Қиын» топтағы балалар, әр түрлі әлеуметтік жағдайлардан болатыны белгілі болды. Сондықтан осы топтағы балаларға жекелей жұмыс, педагогикалық әдістемелер қажет [2]. Ол үшін әр баланы тәрбиелеуді, оған білім беруді азаматтық құндылықтар жүйесі негізінде іске асыра отырып, әлеуметтік педагогтың қызметіне ерекше мән беру қажет:

■Әлеуметтік педагог пен оқушы арасындағы өзара түсінушілік, сенімділік атмосферасының қалыптасуы;

■ Мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау және оқушының балалық шағын қорғауға үлкен мән беру;

■Оқушының отбасымен үнемі тығыз байланыста болу;

■ Үнемі азаматтық құнылықтар жүйесі тұрғысынан тәрбиелеу туралы ақпараттармен, құжаттармен танысу.

Әлеуметтік педагог өз жұмысында төменде көрсетілгендей педагогикалық-психологиялық әдістерді қолдана алады. Ең белгілі әдістердің бірі – бақылау әдісі. Баланың іс-қимылын, сөзін әр түрлі іс-шаралардан байқау. Жүйелі және нәтижелі жұмыс арқылы ол баланың мінезінде ауытқушылықтар болса, сөзінде береке болмаса, ол баламен жеке жұмыс ұйымдастыру керек. Бақылауды қалыпты жағдайларда жүргізу өте тиімді: ойын кезінде, сабақта, әр түрлі іс-шараларда үнемі көңіл аударып, жүйелі жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді.

Сырласу әдісі – бұл баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу, түсіну және оны шешуге бағыт-бағдар сілтеу.

Сауалнама жазу арқылы бала туралы ақпарат жинау. Ақпаратта оқушының ойы, мінезі, әлеуметтік жағдайы, қызығушылығы қамтылуы тиіс.

Ой бөлісу әдісі – алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап алу. Бұл әдісте мына жағдайларды есте ұстаған абзал: баланың үнемі болатын ортасымен сұхбаттасу; жауап беру мүмкіндігін ескеру; үшінші адамның көмегінсіз әңгімелесу.

Тестілеу әдісі – белгілі бір талап деңгейіндегі тапсырмалар арқылы зерттеу. Ол орындалатын тапсырмалар дамыту, графикалық, ассоциациялық тестер болуы мүмкін. Сол себепті де жауаптарды белгілі бір жүйе арқылы сараптау, талдау қажет.

Оқушының жеке басына қатысты құжаттарды сараптау әдісі – бұл әдісті үнемі қолдануға болады. Құжаттар мынандай түрде кездеседі:

■ жеке, отбасылық не сыныптық т.б.

■ алғашқы (бақылау не әңгімелесу кезінде алынған жауап), соңғы (сараптаудан өткен нәтиже);

■ ресми және ресми емес.

Бұл әдісті қолдану бала туралы ақпараттарды тез арада жинауға кемектеседі, бірақ ақпараттың кейбір түрлері белгілі бір уақытқа ғана жарамды болады, оны жаңартып отыру қажеттігі туындайды.

Қорыта келгенде, әлеуметтік педагог әрбір «қиын» оқушыны тәрбиелеуді азаматтық құндылықтар жүйесіне негіздей отырып, төмендегідей ерекшеліктерге мән бергені дұрыс:

1. Әлеуметтік педагог әрбір отбасының психологиялық атмосферасын, айналысатын іс әрекетін біліп отыруы қажет;
2. «Қиын» оқушы тәрбиеленіп отырған отбасының әлеуметтік ортадағы осы өзара қарым-қатынастардың сақталуына жағдай жасалу керек;
3. «Қиын» оқушы отбасының өзіне деген жылы қарым-қатынасын, жауапкершілігін сезінуі тиіс.

1. Мұхитдинова Г.М. Қиын оқушыны тәрбиелеу қиын ба? / Әлеуметтік педагог журналы, - №2, 2010. – 17 б.

2. Керімов Л.К. «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. – Алматы, 1991.

ИНТЕЛЛЕКТТІҢ БАСҚАРУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

З.Н. Бекбаева – *п.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Резюме

В статье рассматриваются интеллект руководителя в деятельности управления, интеллект и эффективность деятельности управления, своеобразие интеллектуальной характеристики.

Summary

In article the intelligence and efficiency of activity of management, an originality of the intellectual characteristic are considered intelligence of the head in management activity.

Интеллект (латынша intellectus – таным, түсіну) – бұл қорытылған когнитивтік білім, оның құрамына түйсіну, ес, зейін, еліктеу, ұғыну жатады. Ол сондай-ақ жекеленген когнитивтік процестерді зерттеу кезінде байқалмайтын, бірақ тұлғаның бүкіл танымдық саласының қорытынды құбылыстары болып табылатын қасиеттерге ие. Сонымен қатар интеллект субъектінің тұлғалық ерекшеліктеріне тәуелді болады.

Интеллектің басқарумен байланысы айқын және мағыналылығы жағынан бірінші дәрежеде. «Жетекші интеллекті» тақырыбы жеткіліксіз, тек теориялық формада ғана қарастырылған. Басқару іс-әрекетімен байланыстағы практикалық интеллект ұзақ уақыт зерттеу ауқымынан тыс қалып, зейін аударарлық емес, әлдеқайдайда қарапайым, төменгі тип болып есептелінді. Оны ғылыми әдістермен зерттеу қиынырақ, өйткені олар зертханаларда емес, кәсіби іс-әрекеттің табиғи жағдайларында қолданылуға тиіс.

Түбірімен қате бұл көзқарас Б.М. Тепловтың «Ум полководца» классикалық еңбегінің арқасында өзгерді, онда практикалық интеллект ұлы қолбасшылар мен мемлекеттік қайраткерлер іс-әрекетінің материалдарында қарастырылады. Теплов оқымыстының ақыл-ой жұмысы саясаткердің немесе қолбасшының ақыл-ой еңбегіне қарағанда айқынырақ және байсалдырақ (міндетті түрде жеңіл емес) дегенді айтады [1].

Практикалық интеллект бірқатар аспектілерде теориялыққа қарағанда байырақ және кешендірек, бірақ өзіндік ерекшеліктерге ие.

Кең ауқымда алғанда интеллект – адамның барлық танымдық ерекшеліктерінің жиынтығы. Танымдық процестер өзара байланысқан және біртұтас жүйе түзеді. Психологияда жеке (арнайы) және жалпы ерекшеліктерді атап көрсетеді. Жалпы ерекшеліктер бастапқы болады, өйткені үлкен дәрежеде арнайыларға қарағанда генетикалық айқындалған. Интеллект психологиясының даму тарихы, сондай-ақ оның негізгі модельдері жеке және жалпы танымдық функциялардың, зерделік ерекшеліктер қатынасы туралы мәселе маңында шоғырланады.

Интеллектің алғашқы моделінің авторы К.Спирмен танымдық процестердің (зейіннің, естің, қабылдаудың т.б.) даму деңгейлерінің өзара байланыстығын анықтады. Ол интеллекте жалпы фактордың екі негізгі факторы (general factor, G – фактор) және әрбір танымдық функция үшін өзіндік фактор (S – фактор) бар деп болжанады. Бұл модель «интеллектің қос факторлы теориясы» деп аталады. Оның құрылымдық принципі – иерархиялық, қатарлас бағыныңқы екі деңгейі (G – және S – факторлар) бар. К.Спирмен G факторды «жалпы ақыл-ой энергиясы», интеллектің өзі ретінде анықтайды.

Л.Терстоунның көпфакторлы моделінде G – фактордың болуы жоққа шығарылады, оның мәні интеллектің көптеген бастапқы ақыл-ойлық ерекшеліктерден тұратынында. Л.Терстоун олардың жетеуін атап көрсетеді: 1) «S» – кеңістіктік фактор, 2) «P» – қабылдау, 3) «N» – есептеу, 4) «V» – вербалдық, 5) «F» – тіл жылдамдығы, 6) «M»– ес, 7) «R» – логикалы саналау.

Дж. Гилфорд моделі де көпфакторлық болып табылады, бірақ онда 120 тар мамандандырылған және бір-біріне тәуелсіз танымдық ерекшеліктер атап көрсетіледі. Олар интеллектуалдық іс-әрекеттің негізгі үш көрсеткішіне: мазмұнға (4 типті), интеллектуалдық операциялар сипатына (5 типті) және олардың мақсаттарына (6 түрлі) тәуелді болады. 4×5×6=120 арнайы ерекшеліктер (интеллектінің Гилфордтық кубтық моделі).

Гилфордтың негізгі еңбегі – ойлаудың екі: дивергенттік және конвергенттік типін атап көрсеткенінде. Біріншісі – бұл шығармашылық бастау көрсеткіші, ал екіншісі логикалы ойлау индикаторы бола отырып, жалғыз ғана оң шешім табуға бағытталған.

Р.Кеттел өз моделінде, жалпы және жеке (парциалды) факторлардың болатынын жоққа шығармай, яғни кристалданған (байланыстағы) және ағымдық (еркін) типтерін көрсетеді. Біріншісі адамның өзі тиесілі қоғам мәдениетін игеруінің өлшемі болып табылады, екіншісі индивидтің жүйке жүйесінің биологиялық мүмкіндіктерін сипаттайды. Кристалданған тип вербалды интеллекпен көбірек байланысқан.

Соңынан Л.Хамфрейс интеллектің осы екі типінің бір-бірімен байланыста екенін және интеллектуалдық-түзілімдік деп аталатын жалпы факторға кіретінін дәлелдеді, бұл осы модельді К.Спирмен моделімен жақындастырады. Интеллектің әртүрлі жақтарын зерттеу кезіндегі жалпы психологиялық заңдылық – G фактордың айқын бөлінуі, бұл жалпы интеллектің даусыз психологиялық нақтылық ретінде болуын айтады [2].

Интеллект құрылымы өте күрделі, ол жалпы факторға негізделгенімен, бірақ оған жақындаспайды. Интеллектіні түсінуге қазіргі күнгі қорытушы тәсілдердің бірі оны адамның «менталдық» (ақыл-ойлық) тәжірибесінің және оның жинақталуын, өңделуі мен қолданылуын қамтамасыз ететін тұтастай жүйесі ретінде қарастырады. Интеллекте (менталдық тәжірибеде) үш деңгей атап көрсетіледі.

1. Когнитивтік тәжірибе – ақпаратты сақтауды, жүйелеуді және қолдануды қамтамасыз ететін құрылымдар, олардың негізгі мақсаты – ағымдағы ақпаратты жедел қайта өңдеу.

2. Метакогнитивті тәжірибе – адамға өзінің интеллектуалдық белсенділігінің өзін реттеуін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құрылымдар, олардың мақсаты – интеллектуалдық ресурстарды бақылау.

3. Интенционалдық тәжірибе – жеке интеллектуалдық қабілеттер негізінде жатқан құрылымдар, олардың мақсаты – белгілі бір саланың субъективті басымдығы және шешімдерді іздеуге бағыттау.

Жетекшінің интеллектуалдық іс-әрекетінің өзіндік байқалуы интеллект психологиясының келесі ұғымдарымен сипатталады.

Метакогнитивті хабарлану (ақпараттану) – өзінің интеллектуалдық сапаларын білу және оларды бағалай алу, өзінің интеллектуалдық резервтерін күрделі проблемаларды шешу үшін жұмылдыру қабілеті.

Ашық танымдық көзқарас – болмыс құбылысына жеңіл, көңіл-күйлік оң сезімталдықтың болуы.

Интеллектуалдық стильдер арасынан басқару іс-әрекетінен әлдеқайда нақты байқалатын негізгі үшеуі ерекшеленеді:

Атқарушылық стиль – ережелер және жалпы қабылданған нормалар бойынша іс-әрекет.

Заңнамалық стиль – проблемаларды шешуге жаңа жолдар жасау.

Бағалаулық стиль – «тәртіпке келтіретін» дайын жүйелермен жұмыс. Бұл типтегі адамдар проблеманы талдайды, сынайды және жетілдіреді.

Интеллектуалдық қабілеттердің жоғары байқалуларының арасынан интеллектуалды дарындық типтері атап көрсетіледі.

Саналаушылар – интеллект коэффициенті 135 баллдан жоғары (Д.Векслер шкаласы бойынша норма – 100-115 балл).

Керемет оқушылар – оқу жетістіктерінің жоғары көрсеткіштері бар адамдар.

Креативтер – шығармашылық, айрықша идеяларды көп мөлшерде туғызатын және күрделі проблемаларды шешуде қажеттілікке мұқтаж адамдар.

Біліктілер – кәсіби білімдердің үлкен көлемі және практикалық жұмыс тәжірибесі бар адамдар.

Таланттылар – қоғамдық мәнді формаларда танымға ие болған аса интеллектуалды жетістіктері бар адамдар.

Ақылдылар – «күнделікті» өмірді талдау мен болжауға байланысты айрықша интеллектуалдық мүмкіндіктері бар адамдар.

Интеллект табиғаты мен құрылымын сипаттау қорытындысында психологиядағы интеллектуалдық қабілеттер тұтастай алғанда тұлғаның жалпы қабілеттерінің бірі ретінде айтылатынын атап көрсету керек. Бірақ бұл санатқа басқа да, тұлға қабілеттерінің «ранг бойынша» қорытылу дәрежесіне ұқсас креативтік, оқуға бейімділік, рефлексивтілік кіреді. Іс-әрекетте олар интеллекпен, интеллектуалдық іс-әрекеттің жаңа ерекшеліктері негіз құра отырып, ажырамас байланыста болады. Басқарулық іс-әрекет үшін жалпы қабілеттердің түзілу кешенділігі әлдеқайда мәнді. Интеллект жалпы қабілеттердің бірі болып табылатындықтан, соңғылары оған ықпал етеді, мұны жетекшінің практикалық интеллектісін сипаттау кезінде ескеру қажет.

60 жылдардың басында басқару іс-әрекеті мен интелектіні байланыстыратын негізгі және бастапқы заңдылық анықталды. Американдық психолог Е.Гизелли тура емес (ұзақ уақыт бойы солай есептелінген және осы саладағы зерттеулерді құрсаулаған) қисық сызықты тәуелділік бар екенін байқады. Өте жоғары интеллект бар жетекшілер емес, оның байқалуының қандай да бір оңтайлы дәрежесі бар жетекшілердің іс-әрекеті әлдеқайда табысты болып есептеледі. Бұл нәтижелердің кенеттігі осы саладағы жаңа зерттеулерді ынталандырды. Олар қазіргі кезде хрестоматиялық болған айқындалған тәуелділікті растады.

Дегенмен бұл нәтижелер олардың көптігіне және сенімділігіне қарамастан, «жақсы жетекші – бұл өте ақылды жетекші» деген күнделікті ұғыммен сәйкес келе бермейді. Ғылыми және эмпирикалық мәліметтердің қарама-қайшылық себептерін айқындау интеллект басқару іс-әрекетінің тиімділігімен байланысының мәнін, олардың өзара әсерлесуінің күрделілігін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Ф.Фидлер мен А.Лейстердің *«аралық факторлар»* тұжырымдамасында осы себептердің кейбіреулері сипатталған. Ол, интеллектің басқару іс-әрекеті табыстылығымен тура емес, көбінесе орталанған болып табылатынына негізделеді. Іс-әрекет тиімділігіне интеллект ғана емес, көптеген себептер ықпал етеді, ал интеллект оған көптеген аралық айнымалылар, яғни жетекшінің мотивация деңгейі, оның тәжірибесі, басшылармен және өзі басқаратын топпен арақатынасы арқылы әсер етеді.

Интеллектуалдық қабілеттер диагностикаланатын тестілердің барлығы дерлік теориялық, абстрактілік негізде құрылады. Менеджердің интеллектуалдық функцияларына қойылатын талаптарды қолданыстағы тестілер жасалған талаптармен салыстыруға болмайды. Сондықтан да нәтижелер қарама-қайшы.

Басқару іс-әрекеті тиімділігінің интеллект деңгейіне қисық сызықты тәуелділігі соңғы уақытта анықталған басқа да себептермен түсіндіріледі, мысалы:

1) интеллект деңгейі мен басқару іс-әрекетінің өтілі арасындағы кері байланыстың болуы;

2) басқару іс-әрекетінің өтілі салыстырмалы түрде аз адамдарда жоғары интеллектің болуы.

Интеллектуалдық көрсеткіштердің өтіл өсуі кезіндегі төмендеуінің екі негізгі себебі бар: психофизиологиялық функциялардың, соның ішінде интеллектің табиғи жас ерекшелік инволюциясы және интеллектуалдық тестілердің көпшілігі негізделген академиялық білімдер мен машықтардың «ұмтылуы». Жетекшінің интеллекті көп дәрежеде теориялыққа қарағанда практикалық бола түседі. Басқару іс-әрекетінің жалпы тиімділігіне интеллектің өзі емес, өтіл мен оның туындысы кәсіби және өмірлік тәжірибе көбірек ықпал етеді [3].

Жалпы адами оң сапалардың барлығы, соның ішінде интеллектуалдық та, жетекші іс-әрекеті үшін пайдалы. Олардың қайсысы басқару іс-әрекеті үшін әлдеқайда ерекше? Бұл сұраққа жауап когнитивтік процесс құрылымы және интеллект түзілуі туралы қазіргі түсініктермен анықталады.

«Интеллект» ұғымы адамның жеке және жалпытанымдық қабілеттерінің барлығының интеграциясы ретінде анықталады. Жеке танымдық қабілеттер нақты психикалық процестермен: қабылдаумен, еспен, ойлаумен т.б. байланысқан, ал жалпы қабілеттер бұл процестердің тұтастай қызметтерін сипаттайды. Интеллектуалдық қабілеттер өздерінің кешенді байқалуында басқа жалпы қабілеттермен, яғни креативтілікпен, оқуға бейімділікпен, өзін реттеумен, белсенділікпен ажырамастай байланыста болады.

Жетекшінің интеллектуалдық іс-әрекеті соның тақырыбы бойынша өзіндік жағдайларында («әлеуметтік объектілер» жиынтығы) және қатаңдық дәрежесі – жауапкершілік, талаптар режимі т.б. бойынша ашылады. Бұл жетекші көзқарасының бастапқы прагматикалылығын анықтайды; алдыңғы бірінші қатарға интеллектінің практикалық компоненттері шығарылады.

Жетекшінің объект және іс-әрекет жағдайлары ықпалында болатын интеллектінің практикалық-әлеуметтік сипаты бар, сондықтан оның жеке және жалпы қасиеттері белгілі бір өзіндік ерекшелік алады.

Жекеленген психикалық процестердің өзіне тән ерекшеліктері бір мезгілде жетекші интеллектінің жеке танымдық қабілеттері тұрғысындағы өзіндік сипаттамалары болып табылады. Сондықтан олар жетекшінің интеллектуалдық сапаларының санаттары ретінде болады. Әрбір процесс басқару іс-әрекеті үшін өзіндік сипат пен психологиялық ерекшеліктерге ие болады.

Қабылдаудың басты ерекшелігі, оның басқару іс-әрекетіндегі жетекші типі – әлеуметтік перцепция, тұлғааралық қабылдау процестері. Олар бағалаулық, өзін бағалаулық, рефлексивтік, түсіндірме-интерпретациялық, экспрессивтік операцияларға қанықкан, сондықтан қабылдау шеңберінен алысқа кетеді. Тұлғааралық қабылдау машықтарын жетілдіру негізінде жетекшінің өзіндік тұлғалық сапалары, оның интеллектуалдық қабілеті – психологиялық сезімталдық жетіледі. Ол басқару іс-әрекеті үшін аса маңызды.

Ес процесінде табысты басқаруды қамтамасыз етуде оның екі негізгі типіне – оперативті және ұзақ мерзімдік еске айрықша орын беріледі. Оперативті ес процесінен басқару іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі олардың айрықша сапасын – жұмылдыру дайындығының қасиеттерін талап етеді. Ұзақ мерзімдік ес ресурстарын қолдана отырып, басқару іс-әрекеті жетекшінің кәсіби тәжірибесін қалыптастырады. Оның толықтығы, байлығы – бұлар да интеллектуалдық іс-әрекеттің өзіне тән реттеуіші және жетекшінің маңызды сапасы болып табылады. Осыған ұқсас заңдылық ойлау процесі үшін де бар. Басқару іс-әрекеті өзгешелігінің ықпалымен оның жалпы ерекшеліктері практикалық ойлау формасында болады.

Практикалық ойлау процесінің кез келген ерекшелігінің негізінде қандай-да бір интеллектуалдық қабілет, яғни болжамдық, рефлексивтілік, жүйелілік, айрықшалық т.б. бар.

Жетекші интеллекті жеке танымдық қабілеттермен қатар, жинақталған қасиеттер мен байқалымдарға ие, бұлар оның арнайы және жеке қабілеттерінің деңгейін анықтайды.

Практикалық-әлеуметтік интеллект құрылымында вербальдық интеллект үстем орын алады. Ол жинақталған қасиеттерге және оған тән байқалымдарға ие. Интеллектің абстрактілік, бейресми материалдармен жұмыс істеуіне вербальдық құраушының бағытталу сипаты оның вербальдық интеллектіге қатысты бағыныңқы орнын шарттандырады.

Жетекші іс-әрекетінде осыған ұқсас себептермен салыстырмалы түрде үлкен жүктеме конвергенттік ойлануға түседі (Дж. Гилфорд), өйткені бұл тип дивергенттік қабілеттерді талап ететін теориялыққа қарағанда, практикалық міндеттерге көбірек сай келеді.

Басқару іс-әрекетіне қатысты «байланған» интеллект факторы «еркінге» қарағанда әлдеқайда маңызды болып көрінеді, өйткені ол жетекшінің кәсіби тәжірибесі мен оның қалыптасуының негізі ретінде тікелей қатынаста болады.

Басқару іс-әрекетін ұйымдастыруда метакогнитивтік хабарланудың (ақпараттанудың) интеллектуалдық қасиетінің мәні зор, ол өзін қабылдаудан және өз интеллектінің күшті жақтарын пайдаланудан, сондай-ақ оның әлсіз жақтарын жасыра білу шеберлігінен тұрады. Бұл – жоғары өнімді интеллектуалдық іс-әрекеттің негізгі механизмі. Ол дегенмен жетекші іс-әрекетіне қатысты айрықша болады.

1. Ол жетекші интеллектінің күшті және әлсіз жақтарын байқататын басқару іс-әрекетінің күрделі әрі қатаң шарттарына байланысты әлдеқайда айқын бола түседі.

2. Өзінің «плюстері» мен «минустарын» есепке алу тұлғалық ерекшеліктерге сай келетін іс-әрекет стилі қалыптасуының басты себебі болып табылады.

3. Жетекшінің басты «шаруасы» – оның имиджі, беделі. Сондықтан да метакогнитивтік ақпараттану жетекшінің сыртқы мінезінің реттеуіші бола түседі: қол астындағыларға әсер етудің «күшті жақтарға» сүйенетін және оларды атап көрсететін әдістері таңдап алынады.

Ашық танымдық көзқарас (позиция) – жетекші іс-әрекеті үшін өзіне тән болатын тағы бір жинақталған интеллектуалдық сапа. Соған оның мінез-құлқының негізгі ерекшеліктері және «жаңаға деген сезімталдық», «көзқарасын өзгертуге дайындық», т.с.с. сапалар негізделеді. Бұл сапалар – жетекші іс-әрекетіндегі креативтілік пен өзін-өзі оқытушылықтың байқалуы үшін қажетті шарт.

Сондай-ақ басқару іс-әрекетіндегі интеллектуалдық стильдің байқалуы да өзіндік болады. Негізгі стильдер – атқарушылық, заңнамалық, бағалаушылық – жетекші іс-әрекетінің кешенді сипатына толық жауап бермейді. Құрама интеллектуалдық стиль ол үшін ең оңтайлы болып табылады.

Негізгі интеллектуалдық дарындылық типтері арасынан екеуі – «біліктілер» және «ақылдылар» барынша айқын көрінеді, олар басқару іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігіне көбірек сай келеді.

Интеллект тұлғаның жалпы қабілеттерінің тұтастық құрылымына, өзіне олардың әсерін сезіне және іс-әрекетте байқалу ерекшелігін ала отырып кіретіндіктен, оның оқытымдылық сияқты жалпы қабілетпен байланысы өте маңызды [4].

Жетекшінің интеллектуалдық іс-әрекетінде креативтілік сияқты жалпы қабілеттің байқалуы көптүрлі және өзіне тән ерекшелігі бар. Бұл «іске шығармашылық қатынас», «басқарудың күнделікті психологиясы» ұғымдарында көрініс тапты. Психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл қабілеттің басқару іс-әрекетіне ықпалының бірқатар негізгі бағыттары бар:

1. Креативтілікке жетекшінің «проблеманы көре білу шеберлігі» сияқты маңызды сапасы негізделеді, бұл тиімді басқарудың аса маңызды факторы болып табылады.

2. Креативтілік рөлі қол астындағылар алдында жаңа мәселелерді тұжырымдау функциясын іске асыруда әлдеқайда айқындала түседі.

3. Креативтілік қазір бар проблеманы шешу кезінде де байқалады. Жетекші проблеманы шешудің дәстүрлі емес түрін ұсына білуге тиіс, бұл оның кәсіби және әлеуметтік беделін арттырады.

4. Креативтілік басқару іс-әрекетінде негізгілердің бірі болып табылатын инновациялық функцияны іске асыру үшін ерекше мәнге ие.

5. Креативтілік сараптық-консультативтік функцияны іске асыру үшін де қажет.

Басқару іс-әрекетін ұйымдастыруда өзін реттеуге деген қабілеттілік осыған ұқсас рөл атқарады. Бұл жалпы қабілет басқарудың басты функцияларының іске асуына ықпал ететін әлдеқайда жеке тұлғалық қасиеттердің белгілі бір симптомды кешені үшін негіз болады.

1. Еркін өзіндік реттелу практикалық ойлаудың негізгі операциялары мен қасиеттерінен (жоспарлау, болжау, бақылау, бағалау) көрінеді.

2. Өзіндік реттелу ойлаудың сынамдылығын – жетекшінің интеллектуалдық іс-әрекетінің маңызды сапасын қамтамасыз етеді.

3. Өзіндік реттелуге қабілеттілік өзінің интеллектуалдық және басқа да ресурстарын ең жоғары түрде басқаруға мүмкіндік береді.

4. Өзіндік реттелу негізінде өзінің күйін басқаруға және оны бақылауға болады, бұл жетекші жұмысында өте маңызды. Бұл қасиет сондай-ақ сыртқы теріс әсерлерге стрестік тұрақтылық факторларының бірі болып табылады.

Рефлексивтілік тұлғаның жалпы қабілеті ретінде жетекшінің іс-әрекетінде спецификалық түрде байқалады. Ол интеллектуалдық функциялар өзіндік түр береді.

Бұл қабілеттер – рефлексивтік басқару механизмдері үшін психологиялық негіз. «Басқарушы» «басқарылатынның» белгілі жағдайда өзін оның өзі сияқты, яғни дұрыс алып жүреді деп есептейді.

Психологияда, нәтижесінде, мінез-құлыққа жаңа интеллектуалдық операциялар қосылатын «рефлексивтік үзіліс» ұғымы бар. Интеллектуалдық жетілудің маңызды дәлелі – үзіліс сақтай білу шеберлігі.

Басқару іс-әрекеті жетекшінің интеллектуалдық қабілеттеріне қарама-қарсы талаптар да – ақпаратты қайта өңдеу жылдамдығының, оның өзектілігін арттырудың, оқиғаға әсер ету және шешім қабылдау жылдамдығының қажеттілігін де ұсынады.

«Жылдамдық факторына» тағы да бір жалпы қасиет – жалпы белсенділік те байланысты. Оның психологиялық негізі – жүйке жүйесінің, мидың нейрофизиологиялық құрылымының және бүкіл ағзаның тұтастай ерекшеліктеріне тәуелді жалпы белсенділігінің белгілі бір деңгейі. Интеллектуалдық белсенділікке басқарудың тілдесулік, доминанттық, іскерлік, жетістікке деген ұмтылыс т.с.с. маңызды қасиеттерінің даму деңгейі байланысты болады. Басқару психологиясында «қоғамдық энергиялылық» ұғымымен жетекшінің белсенділігінің жалпы қасиетінің туындысы, сапаларының симптомдық кешенін белгілейді.

Жетекші үшін маңызды қасиет – айқынсыздыққа төзімділік (толеранттылық). Оның психологиялық құрылымы күрделі және негізгі үш компоненттен тұрады:

1. Айқынсыздықты когнитивтік өтеу қабілеті (жетіспейтін ақпаратты толықтыру).

2. Айқынсыздық жағдайын психологиялық жарақаттау емес, қиын болса да қатардағы ретінде қабылдау.

3. Жеке тұлғалық сапалар кешені: экстраваганттылық, көңіл-күй тұрақтылығы, интернальдік т.б.

Тұрақтылық және айқынсыздыққа бейімділік қасиеттері бір-біріне тәуелсіз. Бұл қасиеттердің көрініс табу шамаларының сабақтасуына қарай жетекші тұлғасының типологиясы қалыптасады.

1. Ревская Н.Е. Психология менеджмента. Конспект лекций. – СПб.: Альфа, 2001. – 240 с.
2. Урбанович А.А. Психология управления: Учебное пособие. – Минск: Харвест, 2004. – 640 с. (Библиотека практической психологии).
3. Морозов А.В. Управленческая психология: Учебник. 3-е изд. – М.: академический Проект, 2006. – 288 с. («Gaudeamus»).
4. Столяренко Л.Д. Психология делового общения и управления. Учебник-Ростов н/Д: Феникс, 2005.-416 с.-(СПО).

ТІЛ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТ – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Б.З. Иманмолдаева – *аға оқытушы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Алматы қ.*

Резюме

В статье рассматриваются политика государственного языка и вопросы духовной культуры как укрепляющие факторы преемственности поколений.

Summary

The article deals with the politics of the State language and cultural issues like strengthening the intergenerational factors.

«Өз отанының патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұялату. Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді нышандардың бірі. Сонымен қатар, ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс», – деген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тұжырымы мемлекеттік тілдің мемлекетке деген сүйіспеншіліктің басты факторларының бірі екенін нақтылайды [1]. Мемлекеттік тіл кез келген қоғам үшін басты шартты дүние. Олардың тағдыры да, бүгіні мен болашағы, игілігі мен гүлденіп көркеюі мемлекеттілікке байланысты болмақ. Бүгінгі таңда Қазақстанның алдында өз мемлекеттілігін нығайту мен жетілдіру міндеті тұр. Осы орайда Қазақстан мемлекеттілігін сақтаудың, дамытудың құрамдас бөлігі ретінде қазақ тілін дамыту басты мақсат. Тұрақты даму барған сайын қазіргі әлемдегі қоғамдық процестердің ұтымды жүруінің негізгі өлшеміне айналып келеді. Ал тұрақты дамудың шарттарының бірі – ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы болып табылады. Қазақстан Республикасы барлық параметрлері жағынан көпқұрамды мемлекет қатарына жатады. Көпұлтты мемлекетте этностардың жарасты өмір сүруіне, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімнің сақталуына тіл саясаты ықпал етуі тиіс.

Ұрпақ жалғастығы механизмінде тіл мен мәдениет үлкен де негізгі рөл атқарады. К.Д. Ушинский: «Тіл – өткен мен болашақты жалғастырушы күш» деп жазды [2]. Өйткені тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа адамдардың алған іс-тәжірибелері, ғылыми тұжырымдары, адами, көркемдік, философиялық және т.б. идеялары келесі ұрпаққа беріліп отырады.

Әрбір ұлттың өзіндік болмысын, табиғи бітімін, мінез-құлқын, шаруашылық кәсібін, рухани қазынасынан алақанға салғандай ашып көрсететін бірден бір белгі – оның тілі мен рухани дүниесі. Біз тілді, әдетте, «қатынас құралы, өзара түсінісіп, пікір алысудың тәсілі, эстетикалық ләззат алудың бұлағы, рухани мұратымызды атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырудың «алтын көпірі» деп дәріптейміз. Дегенмен адам өміріндегі тілдің мәні мен қызметі, міндеті мен мүмкіншілігі бұлармен ғана шектелмейді. Тілсіз адамзат қоғамының, адамзат қоғамынсыз тілдің де болмайтыны рас. Ата-бабадан ұрпаққа аманат болып қалған бай рухани, мәдени мұрамызды өз бойына сіңіріп, жалғастыру арқылы тіл қауымын аман алып келе жатқан ерекше құбылыс екенін мойындау қажет. Сондықтан тіл мәселесі, оның дамуы, қоғамда алатын рөлі әрқашанда мемлекеттің, ел зиялыларының, тілші ғалымдардың назарынан тыс қалмайтын көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстандық қоғамда қазақ тілін дамыту мақсатында игі іс-шаралар жүргізілуде. Бұл ретте «демографиялық өсім арқылы құралатын тілдік орта өз қалпына түпкілікті қайтып келмей, ана тіліміздің мәртебесін көтере алмаймыз. Ана тіліміздің тағдыры үшін зардапты қиын күрестің ең шешуші майданы демографиялық үрдістер болып табылады» – деп демограф-ғалым М.Б. Тәтімовтың айтқаны шындыққа саяды [3]. Тіл саясаты мемлекеттік саясаттың әрқашанда маңызды бір бөлігі. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын дамыту, кеңінен насихаттау мемлекеттік және өкілетті органдарда ғана емес, басқа салаларда да (шағын және орта бизнесте, қызмет көрсетуде, өндірісте, өнеркәсіпте т.б.) міндетті болуы қажет.

Қазақ тілі де тәуелсіздік дәмін енді ғана татқан қазақ халқы сияқты талай аласапыран замандардан, жанкешті асулардан асып XXI ғасырдың табалдырығына басқа тілдермен терезесі тең дәрежеде бай,

шұрайлы қалпын сақтап келіп отыр. Мемлекеттік тілдің Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен сақтаудағы, дамытудағы рөлінің орнықты болуы ел болашағына деген сенімділікті арттыра түспек. Мемлекеттік тіл саясатына талдау жасап, оның көп ұлтты Қазақстандағы даму құбылыстарына, болашақ даму жолдарына байланысты «Қазақстандағы тіл саясаты» атты құжаттар да бар.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты кеңестік кезеңнен кейінгі ТМД елдерінің тіл саясатына ұқсамайды. Қазақстандағы тіл саясаты «өзгені өкпелетпей, өз тіліңе деген құрметің артсын» деген қағиданы ұстанады. Бізде тіл таңдау мен мемлекеттік тілді оқытуға көптеген жеңілдіктер жасалған. Елімізде өмір сүретін барлық ұлттарға өз тілдерінде сөйлесуге, мемлекеттік органдарда, жеке кәсіпте сыртқы көрнекі ақпараттарды ресімдеу, телехабарды барлық тілде тарату Қазақстан Республикасының тіл Заңында көрсетілген.

Қазірде Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы түрлі ұлттардың мұқтажын өтеуде. Сондықтан мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді барлық азаматтардың арнайы белгіленген көлемде меңгеруі үшін жағдай туғызады. Осы мақсатта халық топтарының этникалық, демографиялық, кәсіби ерекшеліктеріне сәйкес мемлекеттік тілді міндетті және ақысыз оқыту орталықтары жұмыс жасауда. Мемлекеттік ақпарат құралдары: теледидар, радио, газеттер арқылы мемлекеттік тілді үйрену жөнінде бағдарламалар, сабақтар жүргізуге, жаңа айдарлар енгізілуде.

Өткенді білмей, бүгінгіні білу мүмкін емес. «Қазақтың табан тірейтін ұлттық тұтастануы үшін табан тірейтін негізгі идеялық тұғыр біршама айқындалуда. Бұл – дербес мемлекетті сақтау және дамыту мәселелері болмақ. Бұл мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту және оны нақтылы әрекетке ұластыру. Бұл – Қазақстанның аумақтық тұтастығын сақтау, яғни бүгінгі күн тәртібіндегі маңызды мәселе.

Тіл мен дін әлеуметтік-мәдени ерекше құбылыс бола отырып, бір-бірімен тығыз байланыста болады. Бұл өзара байланыс адамзат негіздеріне қатысты болғандықтан тамыры тереңде жатыр. Өзінің мазмұнының сипатына қарай тіл мен дін қоғамдық сананың басқа түрлерінің қатарындағы қарама-қайшы ұғым. Тіл әлем көрінісінің өте қарапайым мәніне ие болса, дін оның ең күрделісі, сонымен қатар дін мазмұнына психикалық табиғаттың (сезу-көру, қисын, әсер алу, трансцеденттік) құрамдас бөліктері кіреді. Тіл қоғамдық сананың алғышарты, әмбебап түрі, қоғамдық сананың басқа түрлерінің сыртқы беті ретінде жүреді де, ал дін әмбебап мазмұнды, қоғамдық сананың түгелдей мазмұны дамып шыққан рухани мәдениеттің қайнар көзі. Тіл қатынастың құралы мен тәсілі, ал дін – қатынаста тасымалданатын әмбебап мағыналар, адам мен қоғамға ең ардақты мағыналарға ие. Дегенмен, мемлекеттің пайда болуы мен дамуы көп жағдайда діни факторға емес, ұлттық факторға тәуелді болып келеді.

Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір азамат өз тағдырын өзі шешуге, қалаған діни нанымын қабылдауға құқылы, сонымен қатар өз ұлтының мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне сай дамытуда мүмкіндігі зор. Осы және басқа да демократиялық бастаулар Конституциямыздың арнайы баптарында бекітіліп, өмірде қолданылуда. Қазақстан Республикасының 1995 ж. 30 тамызында қабылдаған Конституциясының 19-бабының 1-тармағында: «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын көрсету-көрсетпеуге хақылы» – деп көрсетілген [4]. Ал, Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабында: «Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ, басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы, дінге деген құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып үйренуге қатысуға немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандай да бір күштеп мәжбүр етуге болмайды» – делінген [5]. Сонымен, еліміздің құжаттық актілері әркімнің діни наным және діни көзқарастарын жариялау немесе жария етпеу бостандығына кепілдік береді. Бұдан мынадай қорытынды тумақ – республикадағы бірде бір жеке адам өз еркінен тыс діни сенімді насихаттауға тартылмайды. Қандай да бір дінді қабылдағаны немесе қабылдамағаны үшін ешкім де жауапкершілікке тартылмайды. Демократиялық, құқықтық, зайырлы, біртұтас және әлеуметтік мемлекет жолына түскен еліміздің азаматтары діни нанымын өзінің жеке басының ісі деп таниды делінген.

Негізінен, дін – миллиондаған азаматтарымыздың ұрпақтан ұрпаққа берілген рухани өмірі мен мәдениетінің саясаттағы маңызды факторы болып табылады. Діннің саясаттағы өз орны ерекше. Тіпті дін мен саясат егіз десек те артық айтқандық емес. Олар өмірде жиі тоғысып қалады. Көп ұлтты Қазақстан мемлекеті үшін саяси келісіммен қатар, діни келісімнің болуы маңызды шарт болып табылады. Себебі, бұл тек қана заман талабына сәйкес емес, өркениеттілік талабына сәйкес болып келеді. Жер бетіндегі жанжалдардың түп-төркініне үңілсек, көп этностық тұтастықтың бөлшегі болып табылатын ұлттық (тілдік) және діни азшылықтардың мойындалмауында жатқанын көреміз. Еліміздегі діни ұйымдар қызметіне байланысты мемлекеттік саясат оларды бөліп-жармай, бәріне бірдей қарау негізінде жүзеге асырылып отырғаны шындық. Мемлекеттік жиындарды өзге басшылармен бірге Қазақстан дін басылары да

қатысып, өз ой-пікірлерімен бөліседі. Олардың қазақстандық қоғамымыздың бірлігін, тыныштығын нығайтуда орасан зор қызмет атқарып жүр. Ел ішіндегі халықтың баршаға ортақ, жалпыұлттық идеяға бірігуіне сыртқы факторлардың ықпал етуі әлемдік саяси үрдіске айналып отыр. Бұған түрлі халықаралық ресми ұйымдар немесе Діни-экстремистік, террористік және белгілі бір шет мемлекет тарапынан болу жағдайлары да байқалады. Дегенмен, ешбір дінге сенбеу керек деген ұғым тумаса керек.

Адам сенім артатын бір ұстанымы болуы шарт. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтарының діни сәйкестілігі болуы қажет, сенімге апаратын жол әр алуан болуы мүмкін. Әрбір адам өзіне жақын діни нанымды ұстануға құқылы деп тұжырымдап, қазақстандық қоғамдағы ұлттық идеяның ұстанымдарының бірі ретінде – діни факторды атап көрсетті [6].

Бұл мәселе туралы академик Ғарифолла Есімнің: «Дін мәселесіне Қазақстан жағдайында либералдық мемлекеттік көзқарас керек» деуі шындыққа саяды [7]. Ол исламдық әдет-ғұрыптардың аса маңыздыларын мемлекеттік жұмыс тәртібіне енгізуді ұсынады. Мысалы, намаз уақытында үзіліс жариялау, құрбан айт күнінде демалыс беру т.т. шараларды айтқан болатын.

Қазір әлемде саяси исламның «экспансиясы» туралы жиі жазылып жүр. Біреулер ислам әлсіз деушілер де кездеседі. Жас ғалым Е.Әбдірайымов: «Оңтүстік Қазақстан аймағында діни жаңғырту түбегейлі саяси-әлеуметтік факторға айналып отыр. Бұл бір жағынан діни экстремистік қозғалыстар жиі бой көрсетіп жүрген Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан сияқты елдердің жақын орналасқанымен де байқалады. Әсіресе, талибтер мен вахаббистердің елдің саяси орнықтылығына тигізетін әсерін жасыру мүмкін емес» деп тұжырымдайды [8]. Осылайша осы заманғы үрдістерде де, жастардың қалыптасуы мен оның өмірінде де дін өзіндік мәнге ие. Дегенмен діни фанатизм – қауіпті іс екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Халықты фанатизмге бастау – оның болашағына балта шабумен тең.

Сонымен, жастар өзіндік әлеуметтік топтарға, жіктерге бөлінеді де, өмірлік таным-түсінігі әрқилы болып келетіні белгілі. Дегенмен, өзімізді қоршаған қоғам өмір тек әлеуметтік-экономикалық емес, сонымен бірге мәдени-өркениет қабаттарынан тұратындығы өмір шындығы.

Мемлекеттік тіл кез келген қоғамдағы түрлі ұрпақ өкілдері үшін елдің мемлекеттілігінің негізі болып табылады. Олардың тағдыры да, бүгіні мен болашағы, игілігі мен гүлденіп көркеюі мемлекеттілікке байланысты болмақ.

Дегенмен қазір Еуропа мен Америка елдері жалпы Орталық Азия елдеріне тілдік, діни-идеологиялық, рухани-этникалық сан қилы тәсілдер арқылы ендірумен барлық түркі тілдестерді мәдени тұрғыдан жаулап алу саясатын жүргізуде. Мемлекет тарапынан осындай залалдарды алдын алу мақсатында саяси реформалар негізінде дамуда. Мұнда адамдарды қарсы қою үшін емес, керісінше жақындастыратын бастамаларды іздестіру жолдары қарастырылуда.

Бүгінгі таңда Еуропа мен Америка елдері жалпы Орталық Азия елдеріне діни-идеологиялық, рухани-этникалық сан қилы тәсілдер арқылы ендірумен барлық түркі тілдестерді мәдени тұрғыдан жаулап алу саясатын жүргізуде. Оған тосқауыл бола алатын қазақ қауымы өзінің дербес бағытымен, дәстүрлі стилімен ғана қарсы тұра алуы мүмкін.

1. Егемен Қазақстан, 2006. 25 қазан. - №260-263(25516).

2. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. – М. 1945, – С. 206.

3. Татимов М. Влияние демографических и миграционных процессов на внутриполитическую стабильность Республики Казахстан // Саясат. 1995. - №5. – С. 18-23.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 96 б.

5. Қазақстан Республикасының Заңы: Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 3 б.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. – Астана, 2007 жылғы, 28 ақпан.

7. Есім Ғ. Кейінгі буыннан үйрену керек. Жетісу: – Алматы, 28.05.2005.

8. Әбдірайымов Е. Оқу-тәрбие процесіндегі студенттердің саяси бағдарларының қалыптасу ерекшеліктері // Саяси ғыл. канд. ғыл. дәр. алу үшін дайынд. автореф. – Алматы, 2000, – 5 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Р.М. Кантарбаева – *аға оқытушы*,
Н.М. Ильясова – *оқытушы*

Резюме

В статье рассмотрено формирование информационно-коммуникативной компетенции в процессе подготовки преподавателей начальных классов. Использование на практике информационно-коммуникативной компетенции и ее формирования в процессе подготовки преподавателей начальных классов повышает эффективность обучения в образовательном учреждении.

Summary

The article describes the formation of information-communicative competence in training teachers of primary classes. In practice, the use of information-communicative competence and its formation in preparation for primary school teacher training improves the efficiency of the educational institution.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жоғары мәдениетті қарым-қатынасқа түсе алатын тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасында білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу деп көрсетілген. Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр.

Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Психология ғылымында «құзыреттілік» ұғымына қатысты нақты түсініктер қалыптасқан. Сонымен қатар бұл ұғым іс-әрекетті жүзеге асыруда білім, білік, дағдыны қамтиды (А.Н. Журавльев, Н.Ф. Талызина, Р.К. Шакурова және т.б.). Бұл тұрғыдағы көзқарасты Б.Д. Эльконин өз еңбегінде былай көрсетеді: «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды; құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті; құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы; құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады.

Олай болса психология ғылымында «құзыреттілік» танымдық (когнитивтік), пәндік-практикалық және жеке өзіндік тәжірибелер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Ақпараттық құзыреттілік – бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және талқылау (интерпретациялау) білігі. Әдебиеттерде «ақпараттық құзырлық», «компьютерлік құзырлық» терминдері жиі кездеседі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның жеделдетіп дамуына байланысты «ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық» деген терминді қолдану тиімді. Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық – бұл адамдардың кез келген проблема мен міндеттерді компьютермен, ақпараттық құрылғылармен және телекоммуникациямен шешу қабілеті.

Қоғамды ақпараттандырудың басты мақсаты – білім беру саласы арқылы ақпараттық үдерістерді, құбылыстарды, олардың арасындағы өзара байланыстарды модельдеу негізінде қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау және болжау, оқу мен практикалық міндеттерді шешудің стратегиясын жасау, мамандардың педагогикалық кәсіптік біліктілігін қалыптастыру, олардың жеке және альтернативті ойлау қабі-

леттерін дамыту, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану әдістерін меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес. Бүгінгі күні ақпараттық технология өндірісте, кәсіпорындарда, құжат өңдеу іс-әрекеттерінде кеңінен қолданылуда, оның қамтитын іс-әрекет саласы зор қарқынмен өріс алуда.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;
- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);
- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;
- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің жаңа ақпараттық технологияны меңгерту саласы бойынша біліктілігін көтерудің даярлау міндеттерін шешуде институт көлемінде осы сала бағытында өткізілетін курстарды сабақтастыру процесі жүзеге асырылуда.

Бастауыш сынып оқытушыларын ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда келесі қағидалар негізге алынған:

- *вариативтілік* – әрбір білім беру қызметкерлерінің жасақтаған материалдарына сәйкес біліктілікті көтеру жүйесін бағыттайды;
- *болашаққа негізделген* – күтілетін нәтижені анықтайтын кезеңдік бағдарламалардың бағытын орнықтырады және жеке тұлғаға бағытталған курстың жалпылама мақсатын анықтайды;
- *рефлексивті-креативті* – жаңа ақпараттық технологияларды меңгерту білімдерін ұйымдастыруда курстың бағыты даралық-шығармашылық негізге бағытталуы қажет;
- *эргономикалық* – нақтылы мәселелерді үйренуге қажетті уақыт мөлшері талап етіледі;
- *ізгіліктілік* – бейімделген оқыту жүйесін құруды талап етеді, біліктілікті көтеру жүйесінің құрылымы мен нақтылы нәтижесін анықтау;
- *тәжірибеге бағытталған* – оқыту көздерінің бірі ретінде оқытушылардың тәжірибесі қолдану идеясы жүзеге асырылады және нақтылы іс-әрекеттер бойынша тыңдаушылардың танымдық процестерінің өзара байланыстылығы мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу деңгейі анықталады;
- *жекелеген консультация беру* – тыңдаушыларға консультация беру ұсынылады. Ол мына бағытта жүргізіледі: әрбір тыңдаушының өзіндік ерекшелігін ескере отырып қойылған нәтижелерге жетуге байланысты игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.

Ғылыми-техникалық прогрестің қарқындап дамуы қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналдыруға мүмкіндік берді.Ақпараттық технологияның жеделдеп дамуы барысында қоғамның экономикалық жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Ақпараттық технологияның қарқындап дамуы кез-келген жеке тұлғаның әлемдік ақпараттық кеңістікке енуіне мүмкіндік береді.

Ақпараттық қоғам жағдайында бастауыш сынып оқытушыларының ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру көрсеткіштері төмендегідей:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын қалыптастыру;
- ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;
- ақпараттық ортада өзара байланыс қызметтерін қалыптастыру;
- ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;
- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.

Қазіргі заман болашақ мамандарынан тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, психологиялық-педагогикалық, технологиялық тұрғыдан сауатты және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық сауаттылығы, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі қалыптасқан маман болуы талап етілуде. Жоғарыда аталған жайларды меңгерген маман оқушылардан осы білімдерді талап ете алады.

1. *Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы.*
2. *Зинина С.М. Роль педагога-психолога в развитии коммуникативной компетенции детей дошкольного возраста // Актуальные проблемы психологии образования: Материалы научно-практической конференции 3-4 ноября 1999 г. – Н.Новгородский гуманитарный центр, 1999. – С. 35-37.*
3. *Құдайбергенова К. «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) – Алматы, 2008.*
4. *«Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл.*

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

А.А. Махметова., А.Д. Нұрланбекова – *«Арнайы педагогика» кафедрасы,*
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушылары

Резюме

В статье рассматриваются вопросы развития речи детей с нарушениями слуха дошкольного возраста.

Summary

The article deals with the development of speech-hearing children of preschool age.

Естуінде кемістігі бар бала туғаннан бастап сурдопедагог-дефектологтың арнайы оқытуынсыз сөздерді тілмен меңгеруі мүмкін емес. Сақталған интеллект пен барлық қалған анализаторларға сүйене отырып, (естуден басқа) ол жестті сөйлеу тілі негізінде дамуға қабілеттенеді. Алайда жестті сөйлеу тілі ауызша сөйлеу тілінің орнын басуға қабілетті емес. Сондықтан, нашар еститін баланың ойы нақты әрекетті бейнелеу деңгейінде көрнекі-образды сипатқа ие. Нашар еститін бала ағзасындағы компенсаторлы күштің дамуы өте шектеулі. Нашар еститін бала тілсіз мылқау немесе нашар сөйлейтін болып қалады. Есту қабілеті зақымдалған балалардың ауызша сөйлеу тілдерінің мәселелерінің ерекшеліктерін зерттегендер: И.Г. Багрова, К.А. Волкова, Е.П. Кузьмичева, Ф.Ф. Рау, Н.Ф. Слезина, Е.З. Яхнина және т.б. Бұл балаларда дауыстың түрлі бұзылыстары байқалады: дауыстың жай шығуы, шамадан тыс жоғары немесе төмен болуы, қырыл, жіңішке болуы, дауыстың ащы болуы, мұрыннан сөйлеуі, шыңқылдаған және т.б. Р.М. Боскис есту қабілеті зақымдалған балалардың бір сөзді басқа мағынамен алмстыратының, яғни бір заттың белгісін басқа бір заттың атауымен алмастыратынын көрсетті (мысалы, «күртіше» сөзінің орнына «жылы» сөзін қолдану); бір заттың бір бөлігін түгел заттың атауымен алмастырады (мысалы, «ағаш» сөзінің орнына «бұтақ» сөзін қолданады); бір затты қолдануына немесе сипатына байланысты басқа сөзбен алмастырады; бір затпен байланысты іс-әрекетті атайды (мысалы, «су» сөзінің орнына «ішу» сөзін қолдану) және т.б. [1].

Л.Г. Парамонованың пікірінше, «Нашар еститін балалардың естіп қабылдауы бұзылғандықтан, олар өздеріне айтылған сөзді түсінбейді». Нашар еститін бала кейбір дыбыс жиіліктерін тіпті естіп қабылдамайды, сондықтан ол қоршаған ортадағы адамдардың сөйлеу тілдерін ажырата алмайды. Л.Г. Парамонованың зерттеуі бойынша, дұрыс естіп қабылдау үшін, біріншіден, сөздік қарым-қатынастың белгілі – бір ситуациясын есепке алу (нашар еститін бала сөйлеушінің өз сөйлеуінде қандай сөздер қолданғанын аңғаруы). Екіншіден, нашар еститін бала кейбір жеке сөздерді қабылдай алмағандықтан, мағынасы ұқсас айтылған сөзді есепке алу. Үшіншіден, мағынасы жақын сөздердің грамматикалық жағын есепке алу. Төртіншіден, сөздің мағынасын түсінуде маңызды рөлге ие артикуляциялық дыбыстарды көру арқылы қабылдауға сүйену. Л.Г. Парамонованың пікірінше, мұндай дұрыс естіп қабылдау әдістерін еститін адамдар да қолданады. Нашар еститін тұлғалар әрдайым «қиындықпен қабылдау» ситуациясында болады [2].

Сөйлеудің қандай түрлері болса да, сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Пікір алысудың нақтылы мақсаты мен жеке жағдайларына қарай сөйлеу түрлі ерекшеліктерімен көрінеді. Осы айтылғандар тұрғысынан сөйлеу бірнеше түрлерге бөлінеді. Алдымен ішкі және сыртқы сөйлеу болып үлкен екі топқа жіктеледі. Есту қабілеті зақымдалған балаларға тән қасиет сыртқы сөйлеу (ауызша, ыммен,

дактильді пайдаланып, көріп-естіп т.б.) тілін көбірек пайдаланады. Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің негізгі бір түрі – диалогтік сөйлеу. Естімейтін балалардың сөйлеу тілі дағдыларының қалыптасуына диалогті сөйлеу тілінің әсері мол. Диалог сөз бөгелмей еркін айтылады, сұрақ-жауап ретінде келетін диалогты сөздің есту қабілеті зақымдалған баланың сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыруда маңызы зор. Үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады. Диалог сөз ым-ишаралармен, бет, қол, көздегі мәнерлі қозғалыстармен (қолдың, ауыздың, көздің, қабақтың қозғалысы т.б.) толықтырылады.

Монологтік сөйлеу дегеніміз бір адамның сөзі, яғни баяндамашының немесе өзі оқыған мәтін бойынша оқушының өзбетінше оқыған мәтінін айтуы. Монолог сөз белгілі жоспарға сәйкес құрылады, бұл алдын-ала даярлықты тілейді. Монолог сөз мәнерлі, адамға әсер ететін моменттерді көбірек қажет етеді. Диалог пен монолог сөздер көбінесе бет мимикасының өзгеруімен, ымдау сипатындағы түрлі қозғалыстармен қосарланып отырады. Бұл естімейтін балалардың сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру үшін де аса ыңғайлы. Бала ым-ишараны көмекші құрал ретінде пайдаланады [2].

Сөйлеудің ерекше бір түрі-жазбаша сөйлеу. Жазбаша сөз сөйлеуден кейін пайда болады. Адамзат мәдениеті дамуының алғашқы кездерінің өзінде-ақ адамдар белгілі бір оқиғалар туралы деректерді ұзақ мерзімге сақтау қажеттігін сезіне бастаған. Жазбаша сөз сөйлеудің алғашқы қадамы болған оқиғаны сурет арқылы беру амалынан басталады. Жазу-сызу дамуының бұл кезеңі идеографиялық сөз сөйлеу деген атқа ие болды. Психологиялық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда идеографиялық сөз, сөйлеу білім беруден гөрі, айтпақ ой жайында еске салу ғана болып табылады. Жазбаша сөйлеу адам баласы хат танырлықтай дәрежеге жеткенде, ауызша сөйлеудің біршама дамыған кезінде ғана пайда бола бастайды. Жазбаша сөйлеудің кейбір ерекшеліктері:

1. Жазатын адамның қасында сөйлесетін адам болмағандықтан, мұнда ешбір ым-ишара қолданылмайды.

2. Жазбаша сөйлеудің логикалық жағына аса қатаң талап қойылады.

Мәселен, белгілі тақырыпқа шығарма жазған кезде адам осындай талаптарды орындауға тырысады, көп ойланып, тоғанады. Өйтпейінше бұдан нәтиже шығару қиын.

3. Жазуда грамматиканың ережелері де қатты ескеріледі.

4. Жазу кезінде адам қатты зейін қойып, әр сөзін ойлап құрастырады, мағыналы сөз іздейді. Бұл үлкен ой жұмысын қажет етеді. Мәселен, адам өзінің туыстарына, таныстарына хат арқылы ойын білдіргенде осы жағдай байқалады.

Ал, есту қабілеті зақымдалған балаларға жазбаша сөйлеу тілін қалыптастырудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Естімейтін бала жазбаша сөйлеу тілін пайдалану үшін, алдымен дыбыстар қойылып буында, сөзде, сөз тіркестерінде дағдыландырылуы керек. Әрі қарай балаға грамматикалық тіл құрылымын қалыптастыру қажет. Сонымен қатар балаға дұрыс бағдар беру үшін мұғалім көмегі аса қажет. Естімейтін балаға грамматикалық тіл құрылымы қалыптастырылған соң ғана жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыруға болады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көп кездесетін маңызды тапсырмалардың бірі – сөйлеу тілін дамыту болып табылады. Естудің төмендеуі әлеуметтік қарым-қатынасты шектетеді. Есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытудың келесі бір жүйесінде 4 негізгі кезең ерекшеленеді: [1].

Бірінші кезеңге негізінен мектепке дейінгі және бала-бақшадағы арнайы оқыту жатады. Келесі кезең есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған кіші сынып. Үшінші кезең орта жасты қамтиды. Жоғарғы сыныпта есту қабілеті зақымдалған балаларды тілге оқыту төртінші кезеңге жатады. Есту қабілеті зақымдалған баланың – сөйлеумен, тыңдаумен, оқумен, жазумен, дактильмен, көріп-естіп қабылдаумен танысуы таза практикалық негізде барлық сөйлеу тілінің түрлерімен танысуы бірінші кезеңде өтеді. Мұғалім-дефектолог, тәрбиеші, осы салада жұмыс істейтін адамдар бір-бірімен жасалатын тілдік қарым-қатынасын балаларға әрдайым көрсетуі керек. Балалар әрдайым сөйлейтін адамдарды көруі тиіс. Сурдопедагог баланың сөйлеу қозғалысын меңгеруіне көмектеседі [2].

Адамдардың арасында қатынас құралы ретінде тілдің қызмет атқаруы, оның негізгі қызметі. Тіл, сондай-ақ, адам сана сезімінің, психологиясының көрсеткіші. Тіл адамды қимыл әрекетке де итермелейді. Бұл оның атқаратын екінші қызметі.

Тілдің бұл екі қызметі өзара тығыз байланыста болады. Олар үнемі қатарласа, бірі екіншісін демеп, кейде қарама-қарсы бағытта жүріп отырады. Әрбір адам кішкентай кезінен бастап айналасындағы адамдармен сөйлеседі, өзінің күнбе-күнгі сөйлеу тәжірибесінде тілдің мағыналық жағын меңгереді, біртіндеп сөздік қоры молайып отырады. Алғашқы кезде бала көптеген дыбыстарды, жеке сөздерді үлкендерге еліктеу арқылы үйренеді. Осы кездегі сөздері көбінесе жеке, нақтылы болып келеді. Өсе келе

өз ана тілінің ішкі заңдылықтарын үйренеді, кейін есейе келе тілдің дамуы қоғам дамуының кезеңдеріне сай қалыптасып отырады.

Қазіргі заманда диалог адамның өмір сүруі үшін өте қажетті ауызша қарым-қатынастың жолы, сонымен қатар, ауызша сөйлеу тілінің маңызды бір түрі болып табылады. Диалогтық мәдениет – жеке тұлғаның қалыпты және толық дамуына жағдай жасауға, қоршаған ортада бейімделуге мүмкіндік береді. Адам диалогқа түсуі үшін, өз ойын білдіру үшін, оған вербальді қатынас формасын, сонымен қатар, вербальді емес қатынас формасын қолдана білуі керек. Вербальді қарым-қатынас қабілеттілігі өздігінен дамып келе жатқан жеке бастың даралық ерекшелігін мінездейді. Өз ойын анық, түсінікті етіп жеткізе білу, қарым-қатынасқа оңай түсе білу қабілеттілігі, өз ұстанымының болуы және сол ұстанымды білдіре білу – адамның жеке, ақыл-ой және жалпы дамуын көрсетеді. Бұл баланың қоршаған ортада әлеуметтенуі үшін өте маңызды. Бұл құндылықтар есту қабілеті зақымдалған балалар үшін ерекше маңызды. Оқушылар монологты жазбаша және ауызша сөйлеу тілі дағдыларына ие бола алады. Сонымен қатар, диалогты ауызша сөйлеу тілі де дами бастап, оқушылар қоршаған орта адамдарымен қарым-қатынсқа түсе бастайды. Диалогтың дидактикалық мүмкіндіктері шексіз. Диалогта жалпы ойлау дамиды, адам мен әлемді түсінудің нақтылы түрі жинақталады, өзінің позициясы қалыптасады. Диалогты психологиялық тұрғыдан қарастырайық. Жалпы психологиялық әдебиеттерде қарым-қатынас үрдісін, диалогты қарым-қатынасты сипаттау үшін көбінесе «қарым-қатынас» термині қолданылады. «Қарым-қатынас» дегеніміз – «адамдар арасында ақпарат алмасу, олардың өзара қарым-қатынасы». Қарым-қатынстың өзінің мазмұны, мақсаты және құралдары бар. Жануарларға қарағанда адамдарда қарым-қатынстың мазмұны өте ауқымды. Адамдар әр түрлі ақпараттармен, өмірлік тәжірибелермен, білік пен дағдыларымен, мүмкіндіктерімен алмасады. Р.С. Немова бойынша қарым-қатынас құралы ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынас барысында алмасып жатқан ақпаратты кодтау, алмасу, шифрды шешу, өңдеу әдістері арқылы анықталады. Диалогты қарым-қатынасты түсіну, тек ақпарат алмасумен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар оның қатысушыларының өзара әрекеттесулері де жатады. Бұл мәселені көптеген психолгтар (К.Г. Митрофанов, Л.А. Петровская, К.Роджерс, А.С. Спиваковскаая және т.б.) зерттеген. Мағынасы бойынша жақын болып А.А. Ухтомскийдің көзқарасы табылады. Психологияда диалог ойлаудың бірлескен шешімі ретінде қарастырылады. К.Г. Кучинский диалогты ойлаудың бірлескен шешімі ретінде қарастыру үшін кейбір талаптар қойды.

Әлеуметтік психологияда тұлғааралық қарым-қатынас зерттелінеді. Дилогты қарым-қатынас мәселелерін зерттеуші әлеуметтік психология өкілдерінің пікірінше, «Қарым-қатынаста біз өзара тануды, өзара әрекеттесуді (еліктеу, сенім, сендіру) үйрнеміз. Сонымен қатар, сөздік қарым-қатынас кейбір кезде тіпті қолданылмайды. Сол себепті сөйлеу тілі–қарым–қатынастың негізгі нәтижесі».Көптеген жұмыстарда диалог драматургиялық құрал ретінде қарстырылды.Сонымен қатар диалог тірі сөйлеу тілі ретінде де қарастырылды. Н.Ю. Шведованың ойынша, диалог «ауызша сөйлеу тілінің тек бір қыры» болып табылады. Ауызша диалог монологпен қарама – қайшы болып келді [3].

Диалог пен монолог арасындағы қарама-қайшылық қарым-қатынас үрдісін салыстыру арқылы расталады. Монологтың кейбір бөліктері диалог болып табылады, ал диологтың кейбір бөліктері монолог болып табылады. Ауызша қарым-қатынастың ерекшеліктерін зерттей отырып, зерттеушілер оларды сөздік қарым-қатынастың белгілі-бір бірліктерінің кездесу жиілігімен байланыстырады. Диалогтың бірлігі ретінде Н.Ю. Шведова диалогтық бірлестікті анықтады. Бұл түсінік диалогтың теориясына нық кірді. Диалог барысында реакция сипатына үлкен мән беріледі. Осыған байланысты қайшылықтар-репликалары, келісімдер, қосымшалар, тақырыпты бір жазықтықтан екінші жазықтыққа көшіретін репликалар белгіленіп шығады. Реакция сипатына байланысты диалогтың әр түрі анықталады. Содан диалог-қайшылық және диалог-жинақтау бөлініп шығады. Ал, А.К. Соловьева оған тағы диалог-дауды, диалог-жеке түсіндіруді, диалог-эмоционалды дауды (ұрыс), диалог-үндесті қосты. Автордың пікірінше, диалог-дауда көбінесе экспресивті-эмоционалды сөздер айтылып, сонымен қатар монологты сөздер көп қолданылады. Дауыс тоны өзіне сенімді-байсалды болуы мүмкін, сонымен қатар ашулы да болуы мүмкін. Диалогтың келесі бір – түрі диалог-жеке түсіндіру. Диалогтың бұл түрінде бір тұлға екінші тұлғаға қызықты және өзіне маңызды бір нәрсе білу мақсатында көптеген сұрақтар қояды. Диалог-ұрыс әдетте қарым-қатынасқа түсушілердің бір-біріне қатты сөздерімен, тез темпте сөйлеуімен сипатталады. Н.Д. Арутюнованың және А.Р. Балаянның жұмыстарында диалогтың функционалды, қарым-қатынас сипаттамалары кеңінен қарастырылған. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздің қабылдаудың өзі оны ұғынуды қажет етеді. Қабылдау мен ұғыну, бір мезгілде жүріп отырады, бірінсіз-бірі іске аспайды. Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Онысыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі – сөйлеудің

мазмұндылығы, екіншісі-мәнерлігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындылығы. Ал есту қабілеті зақымдалған баланың дыбыстарды қадағаламауына байланысты сөзі таза болмайды, сондықтан да түзетіп, таза сөйлеуді талап етіп отыру аса қажет [2, 3].

Сөйлеу әрекеті үлкен ми сыңарларының анализдік, синтездік қызметінің нәтижесі. Бұл біріншіден, сөйлеу мүшелеріндегі қозғалыстарды, жазылған әріптердің түрлерін, тілдегі дыбыстарды нәзік талдаудан; екіншіде сөздік сигналдардың бөлшектенген элементтерін байланыстырудан көрінеді.

Физиологиялық тұрғыдан сөздің мәнін И.П. Павлов былай түсіндіреді: «Егер айналадағы дүниеден алынатын біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз шындықтың бірінші сигналдары болып табылатын болса, онда тіл ең әуелі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын кинестезиялық тітіркенулер, екінші сигналдар-сигналдардың сигналы болып табылады. Олар шындықтан дерексіздену болып табылады да, жалпылауға мүмкіншілік береді, ал бұл соңғы бізге ғана тән ең жоғары ойлауды құрайды».

Жас баланың алғашқы кезде дыбыстарға қайтаратын жауап реакциясы жалпылама түрде, яғни генерализация сипатында болады. Балаға «сағат» деген сөзді айтқанда немесе сағатқа қарап сөйлегенде, сол сағатқа ұқсас дыбыстардың жиынтығына назар аударады да, дыбыстың қалай шығып жатқанын дұрыс айыра алмайды. Бұл жағдай баланың ми қабығының анализдік, синтездік жұмысы әлі жөнді жетілмегендігін, яғни онда сөзді дұрыс қабылдау, түсіну әлі мардымсыз екендігін көрсетеді. Сөзді жалпылай алу – адам ойлауы мен сөйлеуінің ең басты ерекшелігі. Бала мұндай қабілетке тілі шығып, жүре бастағаннан кейін біртіндеп ие болып отырады. Ал, естімейтін балаларда есту кемістігіне байланысты сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру арнайы түзету жұмыстарының іске асырылуына және де жүйелі түрде коррекциялық жұмыс түрлерінің жүргізілуіне байланысты болады: «Сөйлеу», «тіл», «қарым-қатынас» ұғымдарының мән-мағынасын жақын болғанымен, ғылыми тұрғыдан бұлар бір-бірінен ажыратылады. Қарым-қатынас адам іс-әрекетінің ауқымды саласы, ол өмір сүрудің тыныс-тіршіліктің негізгі арқауы. Адам тек сөйлеу арқылы ғана қарым-қатынас жасамайды. Ол айналасындағылармен түрлі ым-ишара (жест) белгі таңба (морзе әліппесі,стенографиялық жазу) арқылы да бір-біріне ақпарат бере алады. Есту қабілеті зақымдалған балаларда ыммен сөйлесу секілді толып жатқан атрибуттар да қарым-қатынастық қызмет атқарады [4].

Есту қабілеті зақымдалған балаға жалпы сөз, сөз құрамының, оның грамматикалық тіл құрылымының қалыптасуын игеруді түзету әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде жүргізу арқылы ғана іске асыруға болады. Айналадағы қоршаған табиғатта болып жатқан құбылыстарды, заттарды, сол заттың мағынасын, неге қажеттігін, қандай қызметтер атқаратынын байланыстырып сөйлеу тілі арқылы жете түсінуге болады. Р.М. Боскистің зерттеуі бойынша естімейтін балаларда сөз, байланыстырып сөйлеу тілінің қалыптасуының алғашқы сатысында жеке сөздерді ғана пайдалана алатынын, сол сөзге байланысты іс-әрекетті де бір сөзбен ғана айта алатынын дәлелдеген мысалы: «сәбіз» деп айтып , оны тазалау сөзімен байланыстырып көрсету арқылы айтады. Сол сияқты балтамен шаптым дегенді айту үшін «балта» деп айтып іс-әрекетті ыммен көрсету арқылы айта алады. Р.М. Боскиспен қатар басқа да ғалымдардың зерттеулері бойынша да осылай жест тілін пайдалана отырып зат пен іс-әрекетті байланыстырып айтатыны дәлелденген [4].

1. Носкова Л.П. Методика развития речи детей с нарушениями слуха. Л.П. Носкова, Л.А. Головчиц. – М.: Гуманитар. 2004.

2. Шалданова Л.Ж., Юсупова Ш.К. Мектепке дейінгі мекемелерде сөйлеу тілін дамытуға арналған ойындарды қолдану.

3. Янн А.П. Воспитание и обучение глухого ребенка: сурдопедагогика как наука/ пер.с нем. – М., 2003.

4. Речицкая Е.Г., Пархалина Е.В. Готовность слабослышащих детей дошкольного возраста к обучению в школе. – М., 2000 – 192 б.

САН ЕСІМ

Ж.Е. Жумаш – *оқытушы, магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Резюме

Статья посвящена вопросам подготовки и проведения уроков для малокомплектных школ в режиме он-лайн. На основе обобщения педагогического опыта, а также собственной практической деятельности автором представлен план-конспект урока по предмету «Қазақ тілі» по теме "Имя числительное". Данная разработка была апробирована в ходе реализации телепроекта школа "Он-лайн" на канале "Білім" АО "Хабар".

Summary

The Article is devoted to the issues of preparation and conduction of on-line lessons at ungraded schools.

The author presented the Kazakh language lesson plan on theme “The numeral” on the basis of educational and personal experience.

This plan was implemented in TV project “On-line school” at the channel “Білім" of JSC Khabar.

Мақсаты: оқушыларды сан есімнің түрлерімен таныстыру, мәтіннен сан есімдерді тауып, олардың түрлерін ажыратуға үйрету.

Сабақтың барысы:

І.Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен сәлемдесу, назарын сабаққа аудару.

Мен бақытты баламын,
Күннен шуақ аламын.
Жан-жағыма қарап алып,
Аздап күліп аламын.

ІІ. Жаңа сабаққа дайындық

- Балалар біз бүгін сендермен сандар әлеміне саяхат жасаймыз. Айтындаршы, сандар не үшін керек?
- Апта, ай, күн, жыл, жасымыз, туған күніміз, уақыт бәрі санға байланысты. Сандар болмаса біз өлшемді, бағаны, уақытты біле алмаймыз.
- Балалар, алдарыңыздағы текшелерге қарандаршы. Не берілген?
- Сандар.
- Енді осы сандардан сөйлем құрап көріңдер.
- 1-3-сынып оқушысы

1

- 2- 3-сынып оқушысы

30

- 3-3-сынып оқушысы

3

- 4-4-сынып оқушысы

5

- 5-4-сынып оқушысы

16

- 6-4 -сынып оқушысы

7

- Сандар туралы сөз табының бір түрін не деп атаймыз?
- Сан есім
- Сан есім дегеніміз не? Заттың санын білдіретін сөздер.
- Сұрақтарын кім айтады? Қанша? Неше?
- Ал, енді 3-сынып оқушылары 1-тапсырмаға назар аударыңдар. Тапсырманы орындауға кірісеміз.
- 4-сынып оқушылары сендер сан есімнің тағы қандай түрлерін білесіңдер? Есептік, Реттік
- Ал кім айтады, есептік сан есім дегеніміз не?
- Есептік сан есім «қанша?», «неше?»д сұраққа жауап береді, мысалы: бір, жиырма, отыз төрт
- Реттік сан есім «нешінші?» деген сұраққа жауап беріп, -ыншы,-інші,-ншы,-нші жұрнақтары арқылы жасалады, мысалы: отыз бесінші, алтыншы.
- Жарайсыңдар!

ІІІ. Жаңа материалмен жұмыс

- Балалар бес деген қандай сөз табы?
- Сан есім?
- Ал жүз елу алты ше?
- Сан есім.
- 5 және 156 сандарының айрмашылығы неде?
- Жазылуында айырмашылық бар. Бес 1 сөзден, жүз елу алты 3 сөзден тұрады.
- Яғни, бес саны қандай сан есім?
- Бір саннан тұратын сан есімді ДАРА САН ЕСІМ дейміз.
- Ал, жүз елу алты саны?
- Екі немесе одан да көп саннан тұратын сан есімді КҮРДЕЛІ САН ЕСІМ дейміз.
- Жақсы. 4-сынып оқушылары 2-тапсырманы орындаймыз.
- 3-сынып оқушысыларының тапсырмасын тексерейік. Кім оқиды?

Тапсырмалар: 1. Сан есімдердің қасына тиісті зат есімдерді қойып жаз.

Төрт, алты, тоғыз, он жеті, жиырма төрт.

2. Жазған сан есім мен зат есімдерді қатыстырып, сөйлем құра.

4-сынып оқушылары дайын болсақ, дауыстап тапсырманы оқимыз.

1. Мәтінді көшіріп жаз, сан есімдерді тап.

Стансы ауылдан жиырма шақырым жерде. Пойыз сағат бесте жүреді. Әділ стансыға екінші автобуспен келді. Ол – үшінші курс студенті. Жазғы демалыстан соң оқуға бара жатыр.

2. Сан есімдерге сұрақ қойып, қайсысы реттік, қайсысы есептік сан есім екенін дәлелде.

- Балалар, қазақ халқы кейбір сандарды киелі деп айтады. Сол сандарды білесіңдер ме?
- 3, 7, 9.
- Үш деген санға байланысты қандай ұлағатты ұлттық ұғымдарды білесіңдер?

1-оқушы: ҮШ БАЙЛЫҚ:
БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ;
ЕКІНШІ БАЙЛЫҚ – АҚЖАУЛЫҚ;
ҮШІНШІ БАЙЛЫҚ ҚОРАДАҒЫ – БЕС САУЛЫҚ.

2-оқушы: ҮШ БИ:
ТӨЛЕ БИ.
ҚАЗЫБЕК БИ.
ӘЙТЕКЕ БИ

- Жарайсыңдар! Ал төрт санына байланысты қандай ұғымдар бар?

3-оқушы: ТӨРТ ТҮЛІК:
ТҮЙЕ ПІРІ – ОЙСЫЛ ҚАРА.
ЖЫЛҚЫ ПІРІ – ҚАМБАР АТА.
СИЫР ПІРІ – ЗЕҢГІ БАБА.
ҚОЙ ПІРІ – ШОПАН АТА.

4- оқушы: ТӨРТ МАУСЫМ:
КӨКТЕМ.
ЖАЗ.
КҮЗ.
ҚЫС.

- Енді бес санына байланысты ұғымдарды атайықшы

5-оқушы: Бес қару:
1. САДАҚ. 2. МЫЛТЫҚ. 3. НАЙЗА. 4. ҚЫЛЫШ. 5. АЙБАЛТА

- Балалар, тағы қандай сандарды киелі деп санаймыз?
- 7.
- 7 санына байланысты қандай ұғымдарды білесіңдер?

6-оқушы: Жеті ата:
1-ата, 2-әке, 3-бала, 4-немере, 5-шөбере, 6-шөпшек, 7-немене.

- Жақсы. Сонымен қоса жеті санына байланысты жеті қазына, жеті жоқ, жеті жұт, жеті ғалам, жеті жетекші деген ұлттық ұғымдар да бар.
- Ал енді келесі тапсырманы орындайық.
- Алдарыңыздағы мәтінді оқып, ішіндегі сан есмдердің астын сызыңдар.

1. Алып кит

Дүние жүзіндегі тіршілік ететін жануарлардың ең алабы – кит. Киттің алып қаңқасы отыз тонна. Ұзындығы отыз метр. Жалпы салмағыжүз жиырма үш тонна. Бұл қырық пілге тең деген сөз. Жүрегінің салмағы сегіз жүз килограмм. Көк киттің ұзындығы отыз үш метр.

Сан есімдерді тауып астын сыз.

2. Менің досым

Алмас деген досым бар. Ол үшінші сыныпта оқиды. Апкесі Гауһар бесінші сыныпта оқиды. Інісі Сұлтан бірінші сыныпта оқиды. Бәріміз жүз жиырма үшінші мектепте оқимыз. Алмас өте зерек бала. Мен досымды мақтаныш етемін.

Сан есімдерді тауып астын сыз.

3. Алматы-Шымкент автобусы

Алматы мен Шымкент арасында жолаушылар автобусы жүріп тұрады. Тәулігіне он үш автобус жүреді. Бірінші автобус Алматыдан сағат сегізде, екінші автобус сағат он үште кетеді. Үшінші автобус сағат он алтыда жүреді. Соңғы он үшінші автобус алтыда жүреді. Автобус үлкен. Іші таза.

Сан есімдерді тауып астын сыз.

4. Марқакөл

Ертіс өңіріндегі көрікті әрі табиғаты бай өлке – Марқакөл көлінің аймағы. Марқакөл теңіз деңгейінен бір мың төрт жүз отыз төрт метр биіктікте. Оның тереңдігі жиырма жеті метр. Басты байлығы – қызыл балық. Айналасындағы орманда аңдар мен құстардың алпысқа жуық түрлері бар.

Қазір ол жер Марқакөл қорығы болып есептеледі. Өлкенің өсімдіктер мен жануарлар дүниесі қорғауға алынған.

Сан есімдерді тауып астын сыз. Қайсысы дара сан есім, қайсысы күрделі сан есім екендігін айт.

5. Түйе құс

Түйе құс – ең үлкен, ең күшті құс. Оның бойы үш метрге шейін барады. Ауырлығы сексен килограмм шамасында болады.

Түйе құс ұшпайды. Себебі, оның қанаты қысқа болады. Бірақ ол өте жылдам жүреді. Сағатына қырық километр жер жүре алады.

Түйе құс Африканың ыстық даласын мекен етеді. Ол түрлі дән, жеміс және қоңыздар мен кесіткелерді жейді. Оның жұмыртқасының салмағы бір килограмм шамасында болады.

Сан есімдерді тауып астын сыз. Қайсысы дара сан есім, қайсысы күрделі сан есім екендігін айт.

6. Қажымұқан Мұңайтпасов

Әлемге танымал болған тұңғыш қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов 1871 жылы дүниеге келген. Ол өзінің спорттық жолын Петербургте бастады. Қажымұқан Франция, Германия, Бельгия, Түркия, Америка сияқты ірі мемлекеттерде өткен белдесулерде жеңіске жетті. Ол барлығы 26 мемлекетте болды. Осы сындарды Қажымұған 48 алтын, күміс және қола медальдарға ие болған.

1927 жылы оған «Қазақ даласының батыры» атағы берілді.

Сан есімдері тап. Олардың дара немесе күрделі екенін айт.

- Өте жақсы, осы тапсырмалардан біраз мәліметтер алдық. Балалар, кішкентай кезімізде ата-әжелеріміз санамақтар үйреткен болатын. Санамақтар не үшін керек екен? Соны білесіңдер ме?

- Сандарды білу үшін. Есептей алу үшін.

- Ал, енді, сол санамақтарды еске түсірейік.

Есеп-қисап, сан санамақ,
Мол ғой жисақ, мал санап.
Ал ертерек саралап, соған керек санамақ.
Санамақтарды еске түсіріп көрейік.

Санамақтар:

1. Тіреу біреу,
егеу екеу,
кісен үшеу,
дерте төртеу,
көсеу бесеу,
арқан алтау,
желкен жетеу,
сегіз теңіз,
тоғыз өгіз,
он тон
есептей алсаң, барлығы қанша? Қате айтсам мені кеш, бас–аяғы елу бес!

2.Бір дегенім білеу,
Екі дегенім егеу,
Үш дегенім үскі,
Төрт дегенім төсек,
Бес дегенім бесік,
Аты дегенім асық,
Жеті дегенім желке,
Сегіз дегенім серке,
Тоғыз дегенім торпақ,
Он дегенім оймақ
Осымен бітті санамақ.
3.Бір –таңертең тұр.
Екі –шынығып бекі.
Үш – тазал а тіс.
Төрт – сабындап жу бет.
Бес – сүртін тез.
Алты – үйді жина жалпы.
Жеті – киін енді
Сегіз – асынды жеп, іш.
Тоғыз – ыдысты жу тегіс.
Он – сабақ оқы осыдан соң.
Бұл сананамақ жаңа, күнде өстіп сана.
4. Бір дегенім – бөрік,
Кисең, бойға көрік.
Екі дегенім – етік,
Киер сәнді етіп.
Үш дегенім – ішік,
Теріден тігер пішіп.
Төрт дегенім – тымақ,
Қыста кисең жылы-ақ.

- Қандай керемет, ата-әжелерің үйреткен санамақтарын ұмытпапсыңдар.
- Ал, енді келесі тапсырмаға назар аударайық.

Оқулықпен жұмыс

- 4-сынып оқушылары жазбаша орындаймыз.
- 3-сыныпоқушылары тапсырманы ауызша орындаймыз. Кім оқиды?

Жұмбақтың шешуін тап.

Алтын терек, он екі бұтақ,
Үш жүз алпыс бес жапырақ (1 Жыл, 12 ай, 365 күн).

Сан есімдерді тап, сұрақ қой. Олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын айт.

- Енді 3-сынып келесі жаттығуды жазбаша орындағанша, біз 4-сыныппен жұмыс жасаймыз. Тапсырманы кім оқиды?

Сөйлемдердегі сандарды сөзге айналдырып жаз.

1. Кенен – айтыс ақыны. Ол 16 жасынан-ақ белгілі ақындармен айтысқа түскен. 2. Жер бетіндегі ең терең көл – Байқал көлі. Оның тереңдігі 1637 метрден асады. 3. Құлан сағатына 70 колометр жылдамдықпен жүгіре алады. 4. Қазақстанда теректің 18 түрі өсіріледі.

- 3-сынып оқушылыры дайынбыз ба? Берілген тапсырманы кім оқиды?

Сандарды сөзбен жазып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Уақыт өлшемі.

Бір жылда 12 ай бар. Бір айда 30 күн, 4 апта болады. Әр аптада 7 тәулік бар. Әр тәулікте 24 сағат, бір сағатта 60 минут бар.

Сан есімдердің қай сөзбен байланысып тұрғанын айт.

- Сан есім қай сөз табымен байланысып тұр екен?
- Сонда, сан есім деген не екен?
- Балалар, айтыңдаршы, жаңылтпаштар не үшін керек?
- Сөздерді дұрыс, әрі анық айту үшін
- Ендеше алдарыңдағы жаңылтпаштарды жылдам және қатесіз оқыңдар

1. Бір қыз кесте тікті
Кестесін түсте тікті,
Кеше тікті.

2. Екеуінің жасы шамалыс
Бірінің шашы-қарашаш,
Бірінің жашы-ақ шаш аралас.
3. Құрақ құрап көрпе көктеді,
Қырық құрақ көрпе көктеді.
4. Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім,
Неше кіші ішік піштім?
5. Арқада алты арқар бар,
Қырқада арқар бар.
Қырық арқарда ақ арқар бар.
Алты арқарда марқа арқар бар.
6. Қырық құлып, қырық құрық,
Құлып та қырық, құрық та қырық.

III Сабақты алғашқы бекіту

ү	г	і
ш	б	ұ
т	ө	р
е	т	з
с	о	н

- Үшінші сынып сан есімдерді құрастырыңдар, ал 4-сынып дара және күрделі сан есімдерге бөліп жазыңдар.

Дара	Күрделі
1	12
2	19
3	78
4	193
5	304
6	907
7	61
8	55
9	1451

IV. Сабақты қорыту

(Құрастырма суреттте қыстың бейнесі шығады (үш аққала, бес шырша, жеті бала, төрт шана т.б.)

1. **Сан есім дегеніміз не?**
2. **Сан есімнің сұрақтарын ата.**
3. **Есептік сан есім мен реттік сан есім туралы не білесің?**
4. **Дара және күрделі сан есім дегеніміз не?**

- Балалар суретте не бейнеленген?
- Қыстың суреті.
- Суретте неше бала бар?
- Жеті
- Неше шырша?
- Бес шырша бар
- Тағы не бар?
- Үш аққала
- Төрт шана
- Жарайсыңдар, балалар! Қандай керемет! Сонымен, біз сабақта не өттік? Не білдік? Сабақ ұнады ма? Несімен ұнады?

V.Бағалау

VI. Үйге тапсырма

ИНТЕЛЛЕКТІЛІК ДАМУ МЕН ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Т.А. Ингайбекова – *аға оқытушы, «Білім беру психологиясы және әлеуметтік комункациялар» кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ,*
А.А. Махметова – *аға оқытушы, «Арнайы педагогика» кафедрасы*

Психология ғылымында тұлғаның интеллект табиғатын зерттеу ең басты мәселелердің бірі болып табылады. Тұлға табиғи-мәдени тіршілік иесі ретінде қалыптасады және өз өмірінде материалдық, рухани байлықтарды игереді. Әлеуметтік-мәдени факторлар (тіл, отбасы, салт-дәстүрлер) бұл байлықтарды толықтырады. Тұлға әлеуметтік тіршілік иесі бола отырып, қоршаған орта құндылықтарын игереді, қайта жасайды. Осы орайда, ақылдылық, парасат, зияттылықтың негізі болып табылатын интеллектіні зерттеу шетел және отандық психология ғылымының маңызды да қажетті, тіпті өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Интеллект табиғатын түсіндіретін көптеген зерттеулер бар. Оның негізін ерте философиялық ой-пікірлерді ұсынушылардың еңбектерінен табуға болады. Осы орайда, біз белгілі ойшыл әл-Фарабидің көзқарасынан бастау алатын интеллект туралы ой пікірлерді талдаймыз [1].

Интеллект табиғатының тұлға құрылымындағы маңыздылығы туралы ой тұжырымдар белгілі ойшыл, еңбектері психологияның материалистік сипатына негіз болған Аристотель көзқарастарында да кездеседі. Аристотель интеллектіні өзіне қалай және қайтіп келіп қалғанын білмесе де, анология жасау немесе ой толғау арқылы емес, туа біткен, жаратылыстан біткен қасиеті арқылы әмбебеп, ақиқат және қажетті шарттар жөнінде анық мағлұмат алу үшін адамға жағдай жасайтын жан қабілеті ретінде түсіндіреді [2].

Аристотель айтқан әрекетшіл интеллект дегеніміз-еш уақытта да материяда болмаған және онымен мүлде байланысы жоқ абстракцияланған форма. Бұл интеллект қайсы бір жағынан қарағанда актуалды интеллект болып табылады және жүре келе дарыған интеллектіге өте жақын болып келеді. Ойшыл өз ой-пікірлерінде интеллектінің табиғатын және оның түрлерін атап көрсетуде құнды мәселелерді алға тартады. Философ-ойшыл интеллект ұғымын оның түрлерін ажырата отырып түсіндіруге тырысты. Және де әрбір түрі әрекет еткен сайын екінші түрге өтіп отыратындығын дәлелдеуге тырысты. Оның еңбектерінен интеллектінің қоршаған шындыққа қатысты туындауы мәселесі сөз болады. Осы орайда, Аристотельдің көзқарасы бойынша ақиқат дүниенің интеллект дамуындағы рөлі болып табылады [3].

Көптеген зерттеулерден біз интеллект табиғатын функциялық ықпалмен түсіндіретіндігін байқаймыз (Р.Дж. Стернберг, Б.Форсайт, Д.Б. Богоявленская) [4; 5]. Бірақ, интеллектік механизмдердің жұмыс жасауында немесе ойлау типтерін суреттеуде функциялық ықпал терминдері толық жауап бере алмайды. Оған теориялық жауаптарды жүйелік-құрылымдық ықпалда іздестіру шығармашылық ойлаудың құрылымының макро уақытты динамикасын табуға мүмкіндік береді.

Интеллект теорияларында түрлі интеллектік тапсырмаларды орындау нәтижесі арасында оң корреляциялық байланыстар бар деген тұжырым болды. Егер белгілі бір зерттеулерде мұндай байланыстар болмаса, ол өлшеу қателіктеріне байланысты болып келеді. Егер осы әлсіреу тиімділігін түзетсе, онда байланыстар шамасы бірлікке ұмтылады.

Психология ғылымында интеллект табиғатын түсіндіруде көптеген зерттеулер түрліше сипаттауға тырысты. Себебі, интеллект өте күрделі құрылым болып табылады.

Олардың ішінде, Р.Б. Кеттелл еңбектерін ерекше атауға болады. Автор тесттер жинағын және факторлық анализді қолдана отырып, 5 дәлелді анықтады.

gc – «кристалданған» (таза) интеллект-сөздік қоры, әлеуметтік нормативті ескеру;

gf – «ағымдағы»-тесттер арқылы кескіндер мен сандар қатарынан заңдылықтарды анықтау, оперативті ес көлемі, кеңістікті операциялар;

gy – «визиалдылық»-дивергентті тапсырмаларды орындауда бейнелерді манипуляциялау қабілеті;

gm – «ес»-мәліметтерді есте сақтау және қайта жаңғырту;

gr – «жылдамдық»-интеллектік әрекеттің жоғары жылдамдығы.

Автордың бөлген интеллект түрлерінің ішінде кристалданған интеллект – бұл мәдени ықпалдық пайда болу нәтижесі. Мұның негізгі қызметі білім беру мен қабілеттілікті толықтыру, жинақтау болып табылады. Осы орайда, өмірлік тәжірибемізде жанақталған түрлі білім, білік, дағдылардан тұратын «кристалданған интеллект» қалыптасады. Ғалымның атап отырған кристалданған интеллектісі қоршаған ортаға бейімделудегі белгілі бір міндеттерді шешуде пайда болады. Бұл тұжырым біздің зерттеулеріміздегі негізгі идеямызға жақын келеді. Себебі, интеллекттік даму қарқындылығы әлеуметтік ортадағы ықпалдарға тәуелді болып табылады.

Шетелдік ғалым Р.Б. Кеттелл өз зерттеулерінің негізінде «қосарлану» сипатында интеллектке сипатта-

ма бере отырып, оны тұқымқуалаушылық және ортадан тәуелді деген тұжырым жасады. Шын мәнісінде, Кеттелл бойынша, бұл қосарлану сыртқы сипаты ғана болып табылады. Кристалданған интеллектіні негізінен әлеуметтік деуге болмайды. Дж. Кеттелл gc-тің де gf секілді генетикалығы басым деп есептейді, тек біріншісі 70%, ал екіншісі 90% көрсетеді.

Р.Б. Кеттелл зерттеулеріне ұқсас желіні Дж. Равен зерттеулерінен көруге болады. Ғалым тұлғаның ақыл-ес кемістігі мәселелерін зерттей отырып, алынған нәтижелердің күрделілігін атап көрсетті. Оның пікірінше, ақыл-ой қабілеті екі құрамнан тұрады: продуктивті (байланыстар мен қатынастарды анықтау қабілеті, шешім жасау) және меңгерілген ақпараттарды пайдалана алу қабілеті. Мұның негізінде Дж.Равен «Прогрессивті матрицалар тестін» жасады, ол анағұрлым таза тест ретінде көрінді, сонымен қатар адамның интеллектік жетістігін зерттеуде тапсырмас құрал болды [7].

Интеллект табиғатын түсіндіруде өз зерттеулерін ұсынған шетелдік ғалымдардың бірі Дж.Гилфорд құрылымдық модель ұсынды. Дж. Гилфорд ұсынған модель үш бөлімнен тұрады [8].

1. Ақыл операцияларын орындайтын тип:

а) түсіну – берілген материалдарды танып білу және түсіну;

б) конвергентті өнімділік-жалғыз дұрыс жауап алғанда бір бағытта іздестіру;

в) дивергентті өнімділік-бірнеше дұрыс жауап алғанда түрлі бағытта іздестіру;

г) бағалау – берілген жағдайлардың дұрыстығын талдау;

д) ес – ақпаратты есте сақтап, қорыту.

2. Интеллектік әрекеттің мазмұны:

а) нақты-нақты заттар мен олардың бейнесі;

б) бейнелік-әріптер, белгілер, сандар;

в) семантикалық-сөздік мағынасы;

г) мінез-құлықтық, өзінің немесе басқа адамның іс-әрекеті.

3. Ақырғы өнім түрлері:

а) нысана бірліктері – сөздердегі жетпей тұрған әріптерді жазу;

б) нысана топтары – заттарды топтау;

в) қатынастар – нысана арасындағы байланысты орнату;

г) жүйелер – нысана көпшілігінің ұйымдастыру ережесін анықтау;

д) тасымалдау – берілген материалдарды өзгерту, өңдеу;

е) импликациялар – «егер осылай болса, не болады» деген жағдайдағы нәтижені болжау.

Осылайша Дж.Гилфорд теориясы бойынша адам дамуының толық бағалы қабілетін анықтау үшін 120 факторды қолдану қажет (5х4х6) деген тұжырым жасалады. Себебі, автор интеллектінің нақты жалпы факторларын теріске шығару бағытын ұстанды. Ақырында Дж. Гилфорд көзқарасы бойынша белгілі бір қабілетті анықтағанда мынадай көрсеткіштерге сүйену қажет: мазмұндық есте сақтау мүмкіндіктерін өлшеу үшін ақырғы продуктының барлық түрлерін, ал оның сапасын өлшеу үшін барлық «операциялардың түрлерін есепке алу» қажет. Әрине ғалым интеллектіні түсіндіруде өзіндік маңызы бар тұжырым ұсынғанымен, оны факторлармен ғана шектеді.

Ғалым Г.Ю. Айзенк интеллектіні үш ұғымда шектеді. Олар: *биологиялық интеллект, әлеуметтік интеллект, психометрикалық интеллект.* Автордың еңбектерінде биологиялық интеллект тұқымқуалау арқылы берілетін интеллект болса, әлеуметтік интеллект тұлғаның белгілі бір білімдер мен тәжірибені жинақтау барысында көрініс беретін интеллект, ал, психометрикалық интеллект тест арқылы өлшенетіндер ретінде тұжырымдалған [9].

Түптеп келгенде «шын мәнінде неше интеллект бар?» деген сұраққа тестология нақты жауап бере алмайды. Оның үстіне интеллектік тестілер сынаққа түсушілердің даралық-психологиялық және жастық ерекшеліктеріне байланысты екендігі байқалады. Шын мәнінде бұл тестілер адамның белгілі бір мәдениетке қосылу деңгейін анықтайды, сол себепті оларды «психикалық даму» тестілері деп атауға болады .

Тестологиялық тұрғыда қарау интеллектіде психологиялық шындық жағдаятынан бас тартуға алып келді. «Интеллект реалды психологиялық қасиет ретінде бар ма немесе жоқ па?» деген сұрақ төңірегінде академиялық пікірталастар туындауы әбден мүмкін. Белгілі ғалым М.А. Холоднаяның пікірінше «интеллект жоғалып кетуі» иллюзиясында үш негіздемені бөлу керек [10].

Біріншісі – интеллекттік қабілеттерді диагностикалаудағы тестік әдістердің қарама-қайшылықтарын айқындаушы әдістемелік негіз;

Екіншісі – интеллектіде белгілі бір «тапсырмалық» жағдаятты көрсетуші қандай да бір психологиялық (интеллекттік) ерекшелік ретінде тестологиялық қабылдаумен байланысты түсінілетін әдіснамалық негіз;

Үшіншісі – интеллекттік даму деңгейінің «төмен-жоғары» терминдерінде нақты адамның интеллекттік

мүмкіндіктерін интерпретациялайтын және тестік тапсырмалардың даралық нәтижелерін түсіндіруге мүмкін еместігіне негізделген мазмұндық этикалық негіз.

Жоғарыдағы топтама бойынша интеллект субъектінің ментальды (ақыл-ой) тәжірибесін ұйымдастыру формасы ретінде анықталды. Тамаша жаңалықтар, шешім табулар және жасап шығарулар адамның, әрине, ақылды екендігінің белгісі. Ал, ақыл-ой қабілеті-тұлға интеллектісінің көрсеткіші болып табылады.

Қазіргі таңда кеңес психология ғылымында өзіндік бағалау теориялық-эмпирикалық деңгейде терең зерттелген (А.И. Липкина, И.И. Чеснокова, В.В. Столин, А.В. Захарова, П.Р. Чамата, К.А. Абульханова, Е.И. Савонько). Соңғы жылдардағы эксперименттік зерттеулер өзіндік бағалауды өз беттілік, жеке тұлғалық феномен, адамның мінез-құлқын реттеуші деп тұжырымдалады (Д.В. Демина, В.Ф. Сафин, З.З. Кузьмина, М.И. Лисина, В.С. Магун және т.б.).

Өзіндік бағалау компоненттері болып табылатын өзіндік сана-сезімдердің онтогенетикалық даму ерекшеліктері Б.Г. Ананьевтің, С.Л. Рубинштейннің, Л.С. Выготскийдың жұмыстарында қарастырылады.

Сондай-ақ кеңес психологтары өзіндік бағалаудың әлеуметтік детерминациясына мән береді. Белгілі ғалымдар Л.И. Божович, А.А. Бодалев еңбектерінде тұлғаның өз қасиеттері мен құрылымдарын ұғыну және өзіндік бағалаудың белгілі бір деңгейі, өзін-өзі тәрбиелеудің алғы шарты, осы процестің маңызды факторы деп есептеді. Авторлардың пікірінше, өзіндік бағалау деңгейі мен тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуге тәуелділігі өзіндік реттелуде қарқындылықты қамтамасыз етеді.

Қорыта келгенде өзіндік бағалау әлеуметтік факторы маңызды орынға ие. Өз табиғаты бойынша өзіндік бағалау әлеуметтік феномен болып табылады. Өзіндік бағалаудың құрылымына когнетивті, эмоциялық және мінез-құлықтың компоненттер енеді. Когнетивті компонент – өзін білу, эмоциялық компонент – өзіне қатынасы, мінез-құлық компоненті – бұл өзін білу мен өзіне қатынас негізінде өзін реттеу болып табылады. Бұл мәселелер біздің зерттеуіміздің эксперименттік бөліміне негіз болады.

1. *Аяғанова А. Интеллектік даму мен өзіндік бағалаудың өзара байланысына этнопсихологиялық түсініктердің әсері. Канд.дисс. – Алматы, 2009.*
2. *Әл-Фараби философиясы. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – Б. 418.*
3. *Аристотель. Сочинение: в 4-х т. Т.4 – М.: Мысль, 1981. – С. 613.*
4. *Практический интеллект. Стернберг Р.Дж., Форсай Б., Ходланд Дж. И др. – С.П.б.: Питер, 2002. – С. 272.*
5. *Богоявленская Д.Б. Психологические основы инттелектуальной активности: дисс.д-ра психол.наук.- М., 1988.*
6. *Равен Дж. Руководство для Прогрессивных Матриц Равена и Словарных Шкал. – М., 2002.*
7. *Гилфорд Дж. Структурная модель интеллекта // Психология мышления. – М.: Прогресс, 1965. – С. 27.*
8. *Айзенк Г.Ю. Классические IQ тесты. – М.: ЭКСМО, 2004. – С. 192.*
9. *Холодная М.А. Психология интеллекта. – СПб., 2002.*

ОӘЖ:796,011,3:736,3.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӘСЕРІ

Т.Ережепов – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курс магистранты*

Резюме

В данной статье представлены материалы о значении межличностных отношений в развитии психологии у учеников начальных классов.

Summary

Value of the interpersonal relations in psychology at pupils of initial classes.

Тұлғааралық қатынастар адам психикасының, оның дамуы мен саналы, мәдени мінез-құлқының қалыптасуында маңызды орын алады. Психологиялық түрде дамыған адамдармен, тұлғааралық қатынастар арқылы үйренуге үлкен мүмкіндіктердің болуымен, адам өзінің жоғары өндірістік қабілеттері мен қасиеттерін меңгереді. Дамыған тұлғалармен белсенді тұлғааралық қатынастар арқылы ол өзі тұлғаға айналады.

Егер адам туғаннан бастап, адамдармен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндіктерінен арналған болса, ешқашан өркениетті, мәдени және адамгершілік дамыған адамзат болмас еді, өмірінің соңына дейін жартылай жануар болып қалатын еді, тек сырттай анатомиялық-физиологиялық жағынан ғана адамды бейнелейтін еді. Бұл туралы көптеген әдебиеттер де дәлелдейді. Мысал ретінде, басқа адамдардан анықталған, жоғалып кеткен адамдар туралы мәліметтерді келтіруге болады.

Әсіресе баланың психикалық дамуында оның онтогенезіндегі ерте кезеңіндегі ересектермен тұлғааралық қатынасы ерекше орын алады. Осы кезде ол барлық адамзаттың, психикалық және мінез-құлықтың қасиеттерін тек тұлғааралық қарым-қатынас арқылы ғана меңгереді, өйткені ол жеткіншектік жасқа дейін, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру қабілетін меңгермейді.

Баланың психикалық дамуы оның қарым-қатынасынан басталады. Бұл онтогенезде пайда болатын әлеуметтік белсенділіктің алғашқы түрі және ол арқылы нәресте өзінің жеке дамуына қажетті ақпаратты алады. Ал заттық іс-әрекетке келетін болсақ, ол екінші және үшінші өмір сүру жылында пайда болады. Қарым-қатынаста алғашында тікелей еліктеу арқылы (викарлық үйрену) содан соң сөздік нұсқаулар (вербальді үйрету) арқылы баланың негізгі өмірлік тәжірибесі меңгеріледі. Бала қарым-қатынасқа түсетін адамдар осы тәжірибені таратушы болып табылады. Қарым-қатынастың жиілігі, оның мазмұны, мақсаттары мен құралдары бала дамуын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қарым-қатынастың жоғарыда аталған түрлері адамның психологиясының және мінез-құлқының әртүрлі жақтарының дамуына ықпал етеді. Демек, іскерлік тұлғааралық қарым-қатынас оның қабілеттерін қалыптастырады және дамытады, білімдер мен дағдыларды меңгеру құралы болып табылады. Оның көмегімен басқа адамдармен өзара әрекеттесу іскерлігін жетілдіреді, өз бойында осы үшін қажетті іскерлік және ұйымдастырушы қасиеттерді дамытады.

Тұлғааралық қатынастар адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оған нақты мінез – бітістерін, қызығушылықтарын, әдеттерін, бейімділіктерін игеруге, адамгершілік мінез-құлықтың нормалары мен түрлерін меңгеру, өмір мақсаттарын анықтап алып, оларды жүзеге асыру құралдарын таңдауға мүмкіндік береді. Мазмұны, мақсаты, құралдары жағынан әртүрлі тұлғааралық қатынастар өзіне тән ерекше қызмет атқарады. Мысалы, **материалды тұлғааралық қатынастар** адамға қалыпты өмірге қажетті материалды және рухани мәдениеттің заттарын алуға мүмкіндік береді, олар жекелік дамудың шарттары ретінде қызмет атқарады.

Танымдық тұлғааралық қатынастар интеллектуалды дамудың факторы ретінде қызмет атқарады, өйткені қарым-қатынасқа түскен индивидтер білімдермен алмасады және өзара байыта түседі.

Кондициондық тұлғааралық қатынастар үйренуге даярлықты жасайды, қарым-қатынастың басқа түрлерін дамытуға қажетті нұсқауларын қалыптастырады. Сонымен қатар, ол жанама түрде адамның интеллектуалды және тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Мотивациялық тұлғааралық қатынастар адамның қосымша қуатының көзі ретінде қызмет атқарады. Мұндай қарым-қатынас нәтижесінде іс-әрекеттің жаңа қызығушылықтары, мотивтері мен мақсаттарын меңгере отырып, адам өзін дамытатын психоэненгетикалық ахуалын арттырады.

Әрекеттік тұлғааралық қатынастар, оны әрекеттермен, операциялармен, іскерліктер және дағдылармен тұлғааралық алмасу ретінде анықтайды, индивид үшін тікелей дамытушы нәтиже береді, өйткені ол оның жеке іс -әрекетін жетілдіреді және байытады.

Биологиялық тұлғааралық қатынастар ағзаны оның өмірлік қызметтерін қолдау дамыту шарты ретінде өзіндік сақтау қызметін атқарады.

Әлеуметтік тұлғааралық қатынастар адамдардың қоғамдық қажеттіліктеріне қызмет атқарады, қоғамдық өмірдің, топтардың, ұжымның формаларының пайда болуына ықпал ететін фактор болып табылады.

Жанама тұлғааралық қатынастар адамға тумысынан берілетін қарапайым және тиімді құралдарды және үйрету тәсілдерін тәжірибеде көп қолдануы барысында тәрбиеленуі үшін қажет: шартты – рефлекторлық, викарлық және вербалды.

Тікелей тұлғааралық қатынастар қарым-қатынас құралын жетілдіре білуге және адамның осы қабілет негізінде өзіндік дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеу шарттарын қалыптастыруға көмектеседі,сонымен қатар тұлғааралық қатынастың өзін саналы түрде меңгеруді қамтамасыз етеді.

Вербалды емес қарым-қатынас арқылы адам тілді меңгергенге дейін психологиялық даму мүмкіндігіне ие болады (2-3 жас). Сонымен қатар, вербалды емес тұлғааралық қатынастар адамның коммуникативті мүмкіндіктерін дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді, соның нәтижесінде ол тұлғааараық қатынастар неғұрлым бейім болады және даму үшін қажетті неғұрлым кең мүмкіндіктерді ашады.

Ал вербалды қарым-қатынас және оның индивидтің психологиялық дамуындағы роліне келетін болсақ, оны бағалау қиынға соғады. Ол тілді дамумен байланысты, бұл әрине адамның бүкіл дамуымен байланысты, тұлғалық және интеллектуалды.

Баланың мектепке келуінен бастап, қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынасындағы өзгерістер де байқалады. Ең алдымен оқуға жұмсалатын уақыт артады. Енді балалар қоршаған адамдармен қарым-қатынаста болады: ата-аналарымен, мұғалімдермен, басқа балалармен. Қарым-қатынас мазмұны өөзгере-

ді, оның мазмұнында ойынмен байланысты емес тақырыптар пайда болады, яғни ересектермен ерекше іскерлік тұлғааралық қатынас ретінде белгіленеді.

Бірінші сыныпта бала құрдастарымен емес, мұғалімдермен жиі қарым-қатынасқа түседі. Бірақ III-IV сыныпқа келгенде мәселе өзгереді. Мұғалім тұлға ретінде қызықты болмай қалады, мәні азаяды және мәртебесі төмендейді, керісінше, оқушының көңілі құрдастарына ауады, өз кезегінде ол орта және жоғары сыныптарға өткенде де арта түседі. Сыртқы өзгерістермен қатар, оның ішкі құрылымы да өзгеріс-терге ұшырайды. Егер бірінші сыныпта қарым-қатынас серігін таңдау, мұғалімнің бағалауы, оқудағы ерекшеліктерімен байланысты болса, ал III-IV сыныпта басқаша таңдау мотивациясы пайда болады, ол қарым-қатынастағы серіктестің тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлық үлгілеріне байланысты болады. Мектеп өмірінің басында балалардың өзіндік санасының жаңа деңгейі «ішкі бағыт» пайда болады. Бұл бағыт баланың өзіне, қоршаған адамдарға, жағдайға және істерге деген саналы қатынасымен сипатталады, бұл қатынасты ол сөзбен және ісімен түсіндіре алады. Ішкі бағыттың дамуы баланың өміріндегі қиылысты береді, оның өз бетінше тұлғалық дамуын анықтайтын мезгіл болып табылады. Мұндай бағыттың пайда болуы, баланың ішкі дүниесінде адамгершілік нормалары жүйесінің анықталуымен байланысты, сол нормаларға бағынуға тырысады.

Ж.Пиаженің жүргізген зерттеулерінің көмегімен балалардың әртүрлі жас кезеңінде қандай адамгершілік – бағалық тұжырымдарға келетінін байқай аламыз. Мысалы, 5 жастан 12 жасқа дейін баланың адамгершілік туралы түсінігі адамгершіліктік реализмге ауысатыны анықталды.

Адамгершіліктік реализм, Пиаженің түсіндіруі бойынша, бұл мейірімділік пен қастықты бірыңғай түрде қатаң түсінуді береді, яғни барлық нәрсені жақсы мен жаманға бөліп қарау деген мағынада.

Адамгершіліктік релятивизм, балаларда 11 жастан пайда болады, оның мәні бойынша әр адам өзіне әділ әрі сыйлы қатынасқа ие бола алады және де әр әрекетінен адамгершіліктік мақұлдай мен қолдау сипатын анықтауға болады. Реалист адам бедел деңгейінен ойлайды және адамгершілік заңдары билікпен қалыптасады, оларды өзгертуге болмайды деп түсінеді.

Ал адамгершіл реалист бала – адамгершілік қасиеттерін ересектерге мүлтіксіз бағыну мен тыңдауға теңейді. Жасы ересек релятивист балалар түсінігі бойынша ересектердің пікіріне қарсы келуге болады және адамгершілік нормаларының басқа түрлеріне сәйкес әрекет етуге болады. Кішкене балалар мүлдем өтірік айтуға болмайды деп ойлайды, ал үлкенірек балалар кейде өтірік айтуға да болады деп түсінеді.

Адамгершілік реализм кезеңіндегі балалар ойнай отырып, ойынның бір-ақ ережесі бар деп қабылдайды. Ал адамгершілік релятивизмдегі балалар ойынның ережесін өзгертуге болады деп түсінеді де, оны өзгертуге тырысады. Бастауыш мектеп оқушыларының ырықты мінез-құлқы айқын көрініп тұрады.

1. *ҚР «Білім туралы» Заңы – Астана, 2004.*
2. *Шиллер Ф. Статьи по эстетике // Собр. соч. в 7-томах. – Т. 6. – М.: Госиздат, 1957 – 791 с.*
3. *Спенсер Г. Сбор.соч. – Т. 3. Основания психологии. ч. 1-5. – СПб., 1897.*
4. *Гросс К. Духовная жизнь ребенка. / Пер.с нем. – К., 1916.*
5. *Вундт В. Этика – СПб., 1887.*
6. *Бюлер К. Духовное развитие ребенка . Пер. с нем. – М., 1924 – 556 с.*
7. *Колоцца Д.А. детские игры их психологическо и педогогическое значение – М., 1909. – 266 с.*

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ КҮНГІ ТАЛАПТАРЫ

Н.Төлегенұлы – *магистр оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Түйін

Бұл мақалада дене тәрбиесі жүйесінде жаттықтырушы-оқытушының кәсіби дайындығының бүгінгі күнгі талаптары қарастырылған.

Резюме

В данной статье расматривается требование к профессиональной подготовке тренера-преподавателя в современных условиях.

Summary

In given article расматривается the requirement to vocational training of the trainer-teacher in modern conditions.

Жаттықтырушының қызметі әсіресе бүгінгі таңда ғарыштап дамыған заманда оның кәсіби шеберлігі мен біліктілігіне байланысты. Өйткені ол спортшыны тәрбиелеуде аса маңызды тұлға болып табылады.

Жаттықтырушының педагогикалық шеберлігі оның тәжірбиесіне ғана емес, сондай-ақ спортты таңдаған түрінің теориялық жағынан да терең біліміне байланысты екендігі даусыз. Жаттықтырушы өз қызметінде бүгінгі таңдағы ғылыми жетістіктер мен алдыңғы қатарлы тәжірбиелерді пайдалана отырып жүргізгені абзал. Педагогикалық шеберліктің негізі – жұмысқа шығармашылық ізденістер мен жаңаша бағыт-бағдармен, теориялық білімді іс-жүзіне тиімді қолдана отырып келуімен қаланады. Жаттықтырушы әркез өзінің білімін көтерумен, тек қана білімін емес кәсіби дайындығын шыңдап отырғанда ғана тәрбиеленушісіне терең және пайдалы әсер ете алады. Бүгінгі жаттықтырушы оқушының жұмысына аса қажетті деген қасиеттерді анықтауға болады.

Бүгінгі жаттықтырушы-оқытушы рухани жан дүниесі таза, адамгершілігі биік, аса қатыгез, аңғарымпаз жан болуы керек [1].

Егер тәрбиеленушінің бойынан биік қасиеттерді көргісі келсе ол міндетті түрде өз бойынан табылғаны жөн.

Адалдық пен ішкі дүниенің тазалығы-жаттықтырушының басты ұстанатын қазығы десек те болады. Жаттықтырушы қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жастарға тәртіп жайлы әсіресе әр адамның ішкі тәртібі, ортада өздерін қалай ұстау керектігі, спорттық этикалық талаптарын жалпы ұжымға, отанға, қоғамға, ортаға қалай қарым қатынас жасауды үйретулері міндетті.

Бүгінгі күннің жаттықтырушысы жалпы биік мәдениеттің көрінісі болуы тиіс.

Жаттықтырушының биік мәдениеті оның педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыруда болашақты болжауға, әрбір тәрбиеленушінің бойындағы ерекше қабілеттерді анықтауға, психология педагогика жағынан белгілі бір жаңаша бағыттарға жол ашуға мүмкіндік жасайды. Ең бастысы жаттықтырушы-оқытушы жастар тәрбиесіне қай қырынан келуді білгені абзал. Тәрбие және оқу үрдісінде әр ұстаз өзінше, өз жолымен түсіндіруге тырысады. Педагогикалық әсер етудің негізгі түрі ретінде сөз алынады. Әдемі, анық, мәдени, әдеби сөйлеу арқылы жаттықтырушы жастарды өзіне қарата алады. Сонымен қатар жаттықтырушының іс қимылы, кәсіби деңгейі өзін-өзі ұстауы да аса маңызды.Тіпті бірдей деңгейдегі сөйлеу мәнері ұқсас жағдайлардада кейде ол бір балаға жағымды, ал екіншісіне тіпті керсінше ұнамауы мүмкін сәттер болады. Осындайда жаттықтырушы-оқытушы сөз қабылдамаған жасқа ісінен, әрине өзінің шеберлігі арқылы көрсеткені әлдеқайда тиімді. Педагогтің жетістігі де сол, ол қай балаға қандай тіл ұғымды қай тіл жеңіл соны дөп басып тануы шарт [1, 3, 4].

Бүгінгі күннің жаттықтырушы-оқытушысына қойылатын талаптардың бірі, ол өзі спортқа басымен ден қойған адам болғаны жөн. Ол ештеңеден, еш кедергіден қорықпайтын жаңалықтарды бірден қабылдайтын, ізденгіш, жүрегінде түгі бар, от-жалыны бар адам болуы керек, өте білімді, теориялық жағынан көп оқыған, мәдениетті бола тұра, кейде жаттығу кезінде салғырттық танытып жатса, оны бала бірден сезініп қояды. Егер біліп тұрған нәрсеңді жан жүрегіңмен жеткізе алмасаң ол – әлсіздік. Оны спортқа қызығып келген жастардың жүрегіне жеткізбеу өзіңді педагог ретінде алдау болса, үйренейін деп келген баланың, спортқа деген қызығушылығын төмендету.

Жаттығу кезінде жеңіске жетелеу керек, біздің команда ең мықты қарсыластарымызды жеңеміз деген мақсатпен жұмыс жүргізілгенде ғана нәтиже болмақ. Жаттықтырушы өзіне сый-құрметі еңбегімен яғни жастардың өзіне сенімі арқылы келеді.

Жаттықтырушы-оқытушының бойында шыдамдылық, төзімділік, біліктілікпен қатар әр сабаққа келгенде командамен жұмыс істеуге деген құмарлық тұруы шарт. Эмоция болғаны да дұрыс.

Егер бәріне селсоқ, әйтеуір сағатым өтсе болғаны деген көзқарас қалыптасса, онда жаттықтырушының өз жұмысына деген немқұрайлы қарағаны. Онда балаларда қызығушылықтан айырылады. Қолынан келмей жатқан нәрселерді көрсетіп, ерінбей бірнеше рет қайталап, оларды жарыстарға апарады да жекежеке әңгімелесіп, команда ішінде жақсы көңіл күй қалыптастыру да жаттықтырушының міндеті. Өзі балалармен бірге жаттығу жасап, олар 2-3 сағат жаттықса, оқытушы олардан артық уақыт жаттығады, үлгі болғаны дұрыс. Кәсіби дайындығы мол жаттықтырушы спорт жаттығуларының жүйесін, мазмұнын, негізін, жоспары мен есебін жасап отырғанда ғана нағыз кәсіби шеберлігі шыңдалған маман болып есептеледі [1, 3, 4].

Спорттық жаттығулардың жүйесі. Бұл сөздің төркінінде қай спорт түрінің болса да спорттық жаттығу жүйесінде, тағыда білім мен біліктілік, сондай-ақ жаттығу процесін басқару мен ұйымдастыру қызметін көреміз. Жаттығу процесін ұйымдастыру дегеніміз жаттығуды жақсы өткізудің кешенді шаралары. Жаттығуды басқару алдын ала жоспарланып, арнайы дайындықты талап етеді.

Жаттығуды ұйымдастыру түрлері. Жаттығуды ұйымдастыру түрлеріне сабақ, өзіндік дәрістер және спорт жарыстары енеді. Олар өз ерекшеліктеріне қарай нақты міндеттерді шешеді.

Спорт жаттығуының принциптері. Спорттық жаттығу педагогикалық процесс болғандықтан оған

жалпы білім мен тәрбие міндетті түрде кіреді. Сонымен қатар жаттығуды арнайы атап айтар болсақ, дене әрекетінің қабілетіне қарай және жарыстың түріне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Спортшы алдына қойған міндеттері мен жаттығудың әдістерін түсінуі керек. Жаттықтырушы-оқытушы өз кезегінде оқушының өздігімен жаттығуына жағдай жасап, оның естігені мен көргенінен қорытынды шығаруына, сөйтіп өз түйсігімен жаттығуға ат салысуына мүмкіндік туғызғаны абзал. Жаттығудың күрделілігіне қарай қимыл-әрекеттерді де дұрыс пайдалана білу керек. Ол уақытымен дұрыс бөлінгені жөн. Жаттығу принциптерінің негізі тұрақтылық, төзімділік. Аз мөлшерде басталған жаттығу бірте-бірте баяу, жүйелі түрде жоғары деңгейге көтеріледі. Шамам келіп тұр деп, бірден жоғары деңгейдегі жаттығуға бел бууға болмайды. Әрбір жаттықтырушы спорт жаттығуының мазмұнын жақсы білуі шарт. Ол физикалық, яғни дене, техникалық, тактикалық, теориялық, моральді-жігері, осылардың барлығы спортшының дайындығымен тығыз байланысты [2].

Дене тәрбиесі дайындығы денсаулықты жақсартуға, белгілі бір деңгейге жетуге, дене тәрбиесі санасын көтеруге әсер етеді. Спортшының техникалық жағынан дайындығы спортшының өзі таңдаған түрі бойынша жүріп тұру, жүгіру, қимыл-әрекетінің техникасын қалыптастырады. Ал тактикалық дайындық жарыс кезінде спортшыларды күресу әдістері мен тәсілдері, түрері мен қаруландырады.Тактика, яғни әдіс, бұл жарыс жүргізудің өнері. Тек қана доппен немесе басқа да спорт құралымен жұмыс істеу ғана емес, айла, тәсіл де ойын кезінде шешуші фактор бола алады. Сондай-ақ спортшының ойын, жұмыс кезінде мінез тануы, табандылық көрсетуі, бастаманы қолына алуы да, батытылдығы да таптырмайтын қасиет. Егер сен теориялық жағынан бәрін өте биік деңгейде меңгеріп, ал жарыс кезінде мінез көрсете алмасаң онда тактикалық жағынан дайындықсыз болғаның. Жаттықтырушы-оқытушы спорт жаттығуларының мезгілін біліп отыруы керек. Жылдық жаттығу кезеңі дайындық, жарыстық, өтпелі кезең болып бөлінеді. Әр кезеңнің қандай міндет арқаратындығын зерттей отырып, оқу процесі жоспарланады. Жаттығу жоспары алдын ала көп жылға, жылдық жеке сабақ және шұғыл апталық, күндік болып жасалуы мүмкін. Әрбір жаттықтырушы есеп жүргізіп отыруға міндетті. Педагогтік бақылау үшін спорт нәтежиелерінің сараптамасы мен есебі қажет [4].

1. Адамбеков Қ.І., Тастанов Ә.Ж., Әбілдабеков С.Ә. «Таңдамалы спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі» – Алматы, 2011.

2. Массовая физическая культура в ВУЗе (учебное пособие). Под редакцией В.А. Маслякова, В.С. Матякова – М.: «Высшая школа», 1991.

3.Физическая культура как элемент культуры общества и человека. Н.И. Пономарев. – Алматы: «Мерей», 1996.

4. Физическая культура студента. Под редакцией. В.П. Ильинича. М.Гардарики, 2001.

ОӘЖ:796.325

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Н.К. Мукажанов – *магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Резюме

Появления футбола и его развития.

Summary

Football creation and development.

Қазақ футболының өткенімен болашағы туралы сөз қозғайтын болсақ ең бірінші футболдың тарихына үңілуімізге тура келеді. Футбол десе еліміздің қай азаматының болмасын ойына семей қаласының «спартак» командасы еске түседі. Қай спорт түрі болмасын оның тарихына үңілмей оның болашағын болжау мүмкін емес. Ең бірінші футболдың пайда болуы 1913 жылы қасиетті семей топырағы болып табылады. Семей – Қазақстан футболының Отаны. Кәнігі жанкүйер мен көзі қарақты оқырман қазақ жеріндегі тұңғыш футбол командалары 1913 жылы Семейде құрылғанын жақсы біледі. Олар "Ласточка", "Орлята", "ССК", "Ярыш" ("Жарыс") сияқты командалар болатын. Міне, осы соңғы команда, өз атынан аңғарылып тұрғанындай, түгелдей мұсылман жастарынан жасақталды. Негізінен татар жастарынан құрылған бұл құрама сапында сол кезде бес кластық училищеде оқып жүрген Мұхтар Әуезов те ойнаған. Жас Мұхтардың бірден алғашқы ұйымдасқан футбол командасына алынуы ол кісінің бұған дейін де доп теуіп, өзіндік шеберлігімен көзге түсе білгендігі болса керек. Оның сол кезде қазақ даласына таңсық ойын түрін қалай үйреніп, қандай футболшы болғаны жөнінде бауыры Ахмет Әуезов "Бала Мұхтар" деген

кітабында жазды.Міне, кейін көркем сөздің айтулы шеберіне айналып, "Абай жолы" эпопеясы арқылы атағы әлемге тарап, қазақ деген халықты шартарапқа танытқан заңғар тұлғаның Семейдегі доп қуған бүгінгі ізбасарларының жағдайы қалай деуіңіз әбден мүмкін, қадірлі оқырман.

Семейдің командасы республика біріншілігінде 1963 жылдан бастап ойнай бастады. Сол жылдары Қазақстан чемпионатында екінші орынға көтерілген "Цементник" командасы бүкілодақтық жарыстарға, "Б" тобына жолдаманы жеңіп алды. Алайда, бұл дебют аса табысты болмай ол он сегіз команданың арасынан он алтыншы орынға табан тіреді. Бүкілодақтық аренадағы алғашқы жетістік 1967 жылы келді. Чемпионаттың "Б" тобында төртінші орын алған семейліктер осы топтың күшті командаларының финалдық жарыстарына қатысуға мүмкіндік алып, онда үшінші орынға ие болады. Осы жылы финалда Находканың "Океан" командасын жеңіп, Ресейдің алтыншы аймағындағы кубоктық жарыстарды ұтып алады. 1968 жылдан бастап "Цементник" "Б" тобының жаңа қазақстандық аймағына қосылады. Бұны Қазақстан біріншілігі деген жөн болар. Осы жолы төртінші орынмен қанағаттанған семейліктер 1969 жылы павлодарлық "Трактордан" ғана ұтылып, екінші орынға ие болады. 1970 жыл "Цементникке" көптен күткен бірінші орынды және "А" тобына жолдаманы әкелді.

1971 жылдан бастап семейліктер "Спартак" туы астында ойнай бастады. Екінші лигадағы дебют командаға кезекті табысты әкелді. Олар алтыншы аймақтың жеңімпаздары атанды. Біраз жылдар салып, 1977 жылы олар қайтадан аймақтық жарыстарды ұтады. Семей футболы үшін жаңа кезең бұрынғы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін басталды. 1992 жылдан егемен еліміздің дербес футбол біріншілігі өте басталды. Алғашқы екі жылда кереметтей ойын өрнегін көрсете алмаған семейліктер 1994 жылы өз атын "Елімай" деп ауыстырады және шын мәніндегі халықтық командаға айналып, бірден Қазақстан чемпионатының чемпионы жүлдесін жеңіп алды. Ал 1995 жылы "Елімай" чемпион атанып қоймай, сонымен қатар ел кубогы мен суперкубогының иегері атанды. 1996 жылы қола медальмен қанағаттанған семейліктер 1998 жылы қайтадан серпіліп, Қазақстан командалары арасында алғашқы болып еліміздің үш дүркін чемпионы атағына ие болды. Әлемдік аренаға шығып, Азияның күшті командаларымен де осы жылдары ойнады. Сөйтіп, қазақ футболын шет елдерге танытуға біршама үлес қосты. Семей футболы сонымен қатар коптеген футбол құрамаларының ашылуына үлкен қызығушылық туғызды.

1915-16 жылдар. Танымалдығы күн санап артқан аяқдоп ойыны Павлодарға да жетті. Ертіс жағасындағы қалада "Ястреб" және "Звездочка" командалары пайда болды. Семей мен павлодарлық командалар Ресей империясының көршілес орналасқан губернияларының командаларымен жиі кездесе отырып футболдың Орта Азия мен Сібірде кең танылуына жол ашты.

1921 жыл. Жамбыл қаласында Қазақстандағы алғашқы футбол алаңы пайдалануға берілді.

1928 жыл. Петропавл қаласында Қазақ АКСР (Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы) губернияларының командалары арасында ресми жарыс өткізілді. Аталмыш турнирге қатысқан ойыншылардан Қазақстан тарихындағы тұңғыш құрама команда жасақталып, бұл ұжым РКФСР (Ресей Кеңестік Федеративті Социалистік Республикасы) облыстары мен автономиялары халықтарының I Бүкілодақтық жұмысшылар Спартакиадасы іріктеу бәсекесіне қатысты. Қазан қаласында өткен жарыста қазақстандық команда бес кездесу өткізіп, турнир қортындысы бойынша екінші орынға ие болды.

1936 жыл. Қазақстандық команда алғаш рет Бүкілодақтық ресми бәсекеге қатысты. I КСРО Кубогінің 1/32 финалдық кездесуіне қатысудан бас тартқан Куйбышевтік клубтастарын алмастырған Ақтөбе қаласының «Динамо» командасы мәскеулік ЦДКА-мен кездесу өткізді. Матч қортындысы мәскеуліктердің пайдасында 4:0 болып аяқталды.

1937 жыл. Қазақстандық команда алғаш рет кәсіпқой клубтар арасындағы КСРО чемпионатына қатысуға мүмкіндік алды. Кеңес Одағының III Чемпионатындағы «Шығыс қалалары» тобында өнер көрсеткен алматылық «Динамо» жеті қатысушының арасында үшінші орынға ие болды.

1940 жыл. Қазақстандық клубтың бүкілодақтық деңгейде алғаш рет жеңіске жеткен жылы. Алматылық «Динамо» Таганрогта өткен КСРО-ның Денешынықтыру ұжымдары Кубогінің финалындағы екінші матчта жергілікті «Торпедоны» 3-1 есебімен ұтып, бағалы жүлдеге қол жеткізді. Халық арасында «Миллиондар кубогі» деген атқа ие бұл жарыстың бастапқы кезеңінде ұзын саны 2150 (!) өнер көрсеткен.

1946 жыл. Қазақстанның спорттық ұжымдар арасындағы I Чемпионаты тұсауын кесті. Турнирдің алғашқы жеңімпазы жамбылдық «Локомотив».

1948 жыл. Спорттық ұжымдар арасындағы алғашқы Қазақстан Кубогі сарапқа салынды. Аталмыш жүлденің алғашқы жеңімпазы қарағандылық «Динамо».

1951 жыл. Алғашқы кезеңдерде Баку, Одесса және Сталинградтық ұжымдарды жеңген шымкенттік "Металлург" ВЦСПС Кубогінің финалына жолдама алды. Ақтық сында оңтүстікқазақстандық ұжым кемеровтік"Шахтерді" 3:1 есебімен тізе бүктірді.

1957 жыл. Қазақстан футболының тарихындағы алғашқы ресми халықаралық матч. Алматыда жергілікті «Қайрат» финляндиялық «Вааса» командасымен жолдастық кездесу өткізіп, 4-0 есебімен жеңіске жетті.

1959 жыл. Қазақ КСР Футбол Федерация құрылды.

1960 жыл. Алматылық «Қайрат» қазақстандық командалар арасында алғаш рет жоғары дивизион клубтары арасындағы КСРО чемпионатына қатысуға жолдама алды.

1960 жыл. Қазақстандық футболшылар КСРО Чемпионатының жоғарғы дивизионындағы алғашқы голдарын соқты. Мәскеулік «Локомотивтің» қақпасына соғылған тарихи голдың авторы қайраттық Сергей Квочкин.

1960-61 жылдар. Өскемендік "Торпедо" Миллиондар Кубогінің жартылай финалына шықты.

1962 жыл. Қарағандылық "Шахтер" қазақстандық клубтар арасында алғаш болып КСРО-ның «Б» класындағы командалар өнер көрсететін чемпионатының II аймағында жеңімпаз атанды. Аталмыш турнирдің I және II аймағындағы жеңімпаздар арасында өткен екі кездесуден тұратын финалдық ойынның қортындысы бойынша қарағандылықтар Гомель қаласының "Локомотив" командасын ұтып (1:0 и 0:0), КСРО чемпионатының "А" класындағы командалар бәсекесіндегі II топта өнер көрсетуге мүмкіндік алды.

1963 жыл. Алматылық "Қайрат", КСРО-ның XXII Кубогінің жартылай финалына шығып, қазақстандық клубтардың аталмыш турнирдегі ең жоғарғы жетістігіне қол жеткізді. Финалдың жолдамасына таласқан алматылықтар мен донецкілік "Шахтер" арасындағы жартылай финалдық кездесудің тек қосымша уақытында ғана украиналық команда 2:1 есебімен жеңіске жете алды.

1964 жыл. Алғашқы кезеңдерде жоғары нәтиежелерге қол жеткізген өскемендік Торпедо" Миллиондар Кубогінің «Үлкен финалына» жолдама алды. "Динамо"-3 (Мәскеу) – 3:2 есебімен ұтып, Молодечиналық "Норочьпен" өткізген кездесуді 0:0 нәтижесімен аяқтап, Белая Калитвалық "Трудтан" 2:0 есебімен жеңіліп қалған шығысқазақстандықтар турнирде үшінші орынға ие болды. Бұл бәсекеге сол жылы тұтастай алғанда 40286 (!) команда қатысқан. Жарыс қортындысы бойынша торпедолық қақпашы А.Лазарев пен шабуылшы Ю.Тимошенко өз ойын жүйелері бойынша үздік футболшылар болып танылса, ұйымдастырушылар "Торпедо" футбол клубын «Адал ойын» жүлдесімен де марапаттады.

1966 жыл. Алматылық "Қайрат" жоғарғы лига командаларының арасындағы КСРО чемпионатының қортындысы бойынша «Жеңіске деген ынтасы» үшін жүлдесіне ие болды.

1967 жыл. Қарағандылық "Шахтер" "А" класындағы II топтың III бірлестігіндегі командалар арасында жеңіске жетіп КСРО чемпионатының жоғарғы лигасында өнер көрсетуге мүмкіндік беретін жолдама сарапқа салынар шешуші турнирге қатысты. Бұл бәсекенің финалдық кезеңінде "Шахтер" кировабадтық "Динамомен" бірдей ұпай жинағанымен, қосымша белгіленген кездесуде қарсыластарынан 1:0 есебімен жеңіліп қалды.

1968 жыл. КСРО Футбол федерациясы "Б" класындағы командалардың қазақстандық аймағын құрады. Жалпы саны 21 клуб қатысқан аймақтық жарыстың алғашқы жеңімпазы жезқазғандық "Еңбек".

1968 год. Кәсіби клубтар арасындағы алғашқы Қазақстан Кубогінің бәсекесі өткізіліп, бас жүлдеге целиноградтық "Динамо" қол жеткізді.

1971 жыл. Қазақстанның клубтық футбол тарихындағы ең ірі жеңісі тіркелген жыл. Алматылық "Қайрат" Кеңес Одағы клубтарының арасында алғаш болып Теміржолшылардың Халықаралық Спорттық Одағы Кубогін жеңіп алды. Ақтық сынға барар жолда алматылықтар Кошицелік «Локомотивті» (Чехия) үйде 4:1, сырт алаңда 1:0 есебімен тізе бүктірді. Содан кейін біздің команда Алматыда софиялық "Славиядан" (Болгария) 1:3 есебімен жеңіліп қалғанымен, сырт алаңда 3:0 есебімен жеңіске жетіп, финалда Бухаресттің "Рапидімен" кездесіп Румынияда өткен кездесуде 1:1 нәтижесіне қол жеткізді. Ал Алматының Орталық стадионында 32 мың жанкүйер тамашалаған тарихи кездесуде "Қайрат" 1:0 жеңіске жетіп, мәртебелі жүлдені ұтып алды.

1971 жыл. Алматылық "Қайраттың" қорғаушысы Сейілда Байшақов "Смена" жастар апталығы жүргізген сауалнама қортындысы бойынша КСРО чемпионатының жоғарғы дивизионындағы «Үздік жаңа есім» болып танылды.

1973 жыл. Қазақстан жастар құрамасы Бүкілодақтық "Переправа" турнирінің күміс жүлдегері атанды.

1975 жыл. Теміртаулық "Болат" футбол клубы Қазақстандық командалар арасында екінші болып Миллиондар Кубогін ұтып алды. Финалдық кездесуде металлургтар Раменскінің "Сатурнды " 1:0 есебімен ұтып кетті.

1976 жыл. Алматылық "Қайрат" қазақстандық футбол тарихында алғаш рет КСРО бірінші лига клубтарының чемпионатында жеңіске жетті.

1976 жыл. Алматылық шабуылшы Александр Хапсалис пен павлодарлық қорғаушы Александр Кадейкин жасөспірімдер арасындағы (U-19) Еуропа чемпионатында жеңіске жетті.

1977 жыл. Алматылық "Қайраттың" қорғаушысы Сейілда Байшақов қазақстандық футболшылар арасында бірінші болып КСРО құрамасына шақырту алды. Футболшы Кеңес Одағы құрамасы сапындағы алғашқы матчын 1978 жылғы Әлем Чемпионатының іріктеу турнирі аясында Будапештте Венгрия құрамасына қарсы өткізді.

1980 жыл. Павлодарлық "Трактор" самарқандтық "Динамо" мен тольяттилік "Торпедо" біріккен топтан үздік шығып, екінші лига клубтарының арасындағы КСРО чемпионатының VII аймағында жеңіске жету арқылы Қазақстан атынан Кеңес Одағы біріншілігінің бірінші лигасында өнер көрсетуге мүмкіндік алды.

1980 жыл. Алматылық "Қайрат" екінші рет жоғарғы лига командаларының арасындағы КСРО чемпионатының қортындысы бойынша «Жеңіске деген ынтасы» үшін жүлдесіне ие болды.

1981 жыл. Алматылық "Қайрат" "Неделя" газетінің жүлдесі үшін өткен Қысқы халықаралық турнирдің жеңімпазы атанды. Алматылықтар мен мәскеулік "Динамо" арасында өткен финалдық кездесудің негізгі уақыты нәтижесіз тең есеппен аяқталған болатын. Жеңімпаз матч соңындағы пенальтиде анықталды. "Қайрат" 5:4 есебімен жеңіске жетті.

1983 жыл. Алматылық "Қайрат" екінші рет Бірінші Лига командаларының арасындағы КСРО Чемпионатының алтын жүлдесін ұтып алды.

1985 жыл. Қазақстандық балалар мен жасөспірімдер футболының түлектері Бүкілодақтық аренадағы алғашқы ірі жеңістеріне қол жеткізді. Минскіде өскемендік "Спутник-2" командасы «Былғары доп» турнирінің ересек жас дәрежесіндегі футболшылар турнирінде бас жүлдеге ие болса, Қазан қаласында өткен орта жас дәрежесіндегі балалар жарысында жамбылдық "Жалын" жеңімпаз атанды.

1986 жыл. "Футбольное обозрение" бағдарламасының жүргізген сауалнамасының қортындысы бойынша Алматылық "Қайраттың" жартылай қорғаушысы Вахид Масудовтың Алматыда өткен кездесуде днепропетровскілік "Днепрдің" қақпасына соққан голы Жоғарғы Лига командаларының арасындағы XLIX КСРО Чемпионатының үздік голы болып танылды.

1986 жыл. Жоғарғы Лига командаларының арасында өткен КСРО чемпионатында қортынды жетінші орынға ие болған алматылық "Қайрат" қазақстандық клубтардың аталған турнирдегі ең үлкен нәтижесіне қол жеткізді.

1988 жыл. Алматылық "Қайраттың" жартылай қорғаушысы Евгений Яровенко КСРО олимпиадалық құрамасының сапында Сеулде өткен XXIV жазғы Олимпиалық ойындардағы футбол турнирінің алтын жүлдесін жеңіп алу арқылы отандық футбол тарихындағы алғашқы Олимпиада чемпионы атанды.

1988 жыл. Алматылық "Қайрат" КСРО Федерация Кубогінің жеімпазы атанды. Кишиневтің Республикалық Стадионында өткен финалдық кездесуде алматылықтар бакулік "Нефтчиді" 4:1 есебімен тізе бүктірді.

1988 жыл. Қазақстандық қыздар командасы Бүкілодақтық ресми кездесуге қатысты. Мәскеу облысындағы Кашира қаласындағы "Собеседник" апталығының жүлдесі үшін өткен II Бүкілодақтық турнирге "Претендент" қыздар командасы атсалысты.

1989 жыл. Қазақ КСР Футбол ассоциациясы құрылды.

1989 жыл. Алматылық "Қайраттың" шабуылшысы Евстафий Пехлеваниди қазақстандық футболшылар бірінші болып шетелдік клубпен келісім-шарт бекітті. Оның алғашқы шетелдік клубы грекиялық "Левадиакос" болды.

Қазіргі таңда футболдың жанкүйері көбейіп жан жақты дамып жатқанын өздеріңізде білесіздер. Біздің құраманың үлкен футболдан топ жармасада, жақында кіші футболдан қазақ жігіттерінің чемпион болғанын көрдіңіздер міне осыған қарап қазақ футболының болашағы алда екенін көруге болады. Бүгінгі күндегі жетіп жатқан жетістіктер бұл біздің жетістіктеріміздің бастамасы деуге болады. Қазіргі таңда қазақ балалары Бразилияда футболдың қыр сырын оқып жатқаны бұның барі қазақ футболының дамуына үлкен үлес қосат деген ойдамыз.

1. *Григорий Ефимович Берлянд. Спартак и спартаковцы. 1985.*
2. *Волков В.М., Филин В.П. Спортивный отбор. – М.: ФиС, 1983.*
3. *Адамбеков К.И., Акпаев Т.А. Педагогические основы системы отбора юных футболистов. Методические рекомендации. АГУ им. Абая. – Алматы, 2002.*
4. *http://spartak-semey.ucoz.ru/*
5. *http://ru.wikipedia.org/wiki*

2-СЫНЫПТА ГЕОМЕТРИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ж.А. Жұмабаева – *«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенті*
Ғылыми жетекшісі: **Ж.Қ. Астамбаева**

Резюме

В этой статье рассматриваются методика изучения геометрических элементов во втором классе.

Summary

The article is considered teaching method of geometrical elements on the second grade.

Қазақстан білім беру тұжырымдамасында «Білім беру үлгісіне орта білім беру деңгейінің өте жоғары болуы тән. Бұл ең алдымен барынша байыпты бастауыш мектеп арқылы жүзеге асырылады» – делінген [1]. Осыған орай әр пәнді, соның ішінде бастауыш сынып математикасын оқытудың ғылыми дәрежесі неғұрлым жоғары болуын қамтамасыз ету бағытында әр алуан шаралар жүзеге асырылуда.

Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі – қазақстандық білімді жаңғыртудың жалғастырылуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болуы тиіс [2, 5].

Жалпы бастауыш математикадағы білім мазмұнын құру, оны жүзеге асыру міндетті түрде бағдарламаға сүйенеді.

Мемлекеттік стандарт – бастауыш сатыны бітірген оқушының білімі және тәрбиесі жағынан, белгілібір деңгейін қамтамасыз етіп, анықтап сипаттайды.

Бағдарлама – оқытудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырудың, пән бойынша білім берудің стратегиялық бағыттарының тактикалық шешілуі жолдарын нақтылы көрсететін біртұтас әдістемелік жүйе [3, 3].

Бастауыш сыныптардың математикасы негізгі мектеп математика курсының ажырамас бөлігі болып табылады. Осыдан бастауыш мектепте математиканы оқытудың мына сияқты мақсаттары туындайды:

- баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізу;

- математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына әсер ету [4, 31].

Осы мақсатты шешу Мемлекеттік стандарт және типтік бағдарламаның негізінде дайындалған бастауыш сынып оқушыларына арналған «Математика» оқулығының алатын орны ерекше. **Оқулық** – білім берудің негізгі көзі және математикалық білім беру мазмұнын айқындайтын, нақтылайтын негізгі оқу құралы [5, 24] [6, 10]. Жоғарыда аталған ресми-құқықтық құжаттар мен құралдарда математиканың бастауыш курсын құрайтын негізгі әдістемелік-желілерді оқыту мәселесі қарастырылады, оның аса маңызды бір мәселесі – геометрия элементтерін оқыту болып табылады.

«Геометрия» – грек сөзі, аудармасы жер өлшемі дегенді білдіреді. Осылай аталуы геометрияның (Геометрия – денелердің формасы мен кеңістіктік қатынастарды) жердегі өлшеу жұмыстарында қолданылуымен байланысты.

Бүгінгі таңдағы геометрия – ұзақ тарихи дамудың нәтижесі. Ертедегілердің классикалық геометриясы негізінде геометриялық көзқарасты түбегейлі қайта құруға дайындық екі мың жылдан астам уақытқа созылды, ол XIX-XX ғасырларда аяқталды және бұл жағдай ең алдымен біздің отандасымыз Н.И. Лобачевскийдің, талантты венгер зерттеушісі Я.Бояидің, неміс математиктері Б.Риманның, Д.Гилберттің және басқалардың есімдерімен тығыз байланысты. Сондықтан геометрияның қазіргі кездегі күйін тек оның даму тарихын білу арқылы ғана түсінуге болады.

Бастауыш сыныптарда геометриялық материалдар мынадай мазмұнда қарастырылады:

- геометриялық фигуралармен таныстыру;

- геометриялық салулар;

- геометриялық мазмұнды есептер. Оны былайша беруге болады:

2-сыныпта қарастырылатын геометриялық материалдар

Сурет 1 – Бастауышта қарастырылатын геометриялық материалдар

Геометриялық материал бастауыш сыныпта бөлек тақырып болып қарастырылмайды. Геометриялық материал арифметикалық және алгебралық материалдармен тығыз байланыста қарастырылады. Геометриялық материалдардан бастауыш сыныпта: «кеңістік туралы түсінік», «нақты фигура туралы ұғым», «геометриялық фигуралармен байланысты қарапайым ұғымдар, оларды ажырату», «геометриялық шамаларды өлшеу», «фигураларды салудың бастама білігін қалыптастыру», «әр түрлі геометриялық шамалармен таныстыру» және т.б. қарастырылады [5].

Аталмыш материалдың бағдарламада берілуін қазіргі қолданыста жүрген оқулықтардың мазмұны бойынша төмендегідей кесте түрінде беруге болады:

Кесте 1 – 2 сыныпта қарастырылатын геометриялық материалдардың бағдарлама бойынша бөлінуі

	«Атамұра» баспасы **М-2, 2002 ж**	«Алматыкітап» баспасы **М-2, 2009 ж**
Сынып	2	2
Тоқсан	**I тоқсан – 36 сағат**	
Тараудың аты	**Жүз көлеміндегі сандар.** Сандарды оқу, жазу, салыстыру, қосу және азайту (12 сағат)	
Қарастырылатын геометриялық материалдар, сағат саны	Бұл бөлімнің 10-сағатында «Көпбұрыш», 11-сағатында «Тік бұрыш және тік емес бұрыш» тақырыптары өтіледі.	
Тоқсан	**II-тоқсан-28 сағат**	**II тоқсан 28 сағат**
Тараудың аты	Кестелік қосу және азайту (II кезең) (28 сағат)	100 көлеміндегі сандар (4 сағат) 100 саны. Ауызша қосу және азайту тәсілдері. Ондықтан аттау арқылы (ауызша) қосу және азайту (24 сағат)
Қарастырылатын геометриялық материалдар, сағат саны	Бұл бөлімнің 15-сағатында «Тік төртбұрыш», 16- саға-тында «Тік бұрыштың қаси-еті», 18-сағатында «Шаршы», 25-сағатында «Тік бұрыш, сүйір бұрыш және доғал бұ-рыш», 26-сағатында «Көпбұ-рыштың периметрі» оқыты-лады.	Бұл бөлімнің 41-сағатын-да «Бұрыштардың түрлері (тік, сүйір, доғал)». «Көп-бұрыштың элементтері (төбелері, бұрыштары, қабырғалары)», 42-саға-тында «Тіктөртбұрыш пен шаршының периметрін табу», 43-сағатында «Көп-бұрыштың периметрі. Тік-төртбұрыш пен шаршының периметрін табу» өтіледі.
Тоқсан	**III-тоқсан-40сағат**	
Тараудың аты	Ауызша қосу және азайту әдістері (II кезең) (21 сағат)	
Қарастырылатын геометриялық материалдар, сағат саны	Бұл бөлімнің 14-сағатында тік төртбұрыштың периметрін табу, 15-сағатында үшбұрыштың және төртбұ-	

	рыштың периметрін табу өтіледі.	
Тараудың аты	Жазбаша қосу және азайту әдістері (19 сағат)	
Қарастырылатын геометриялық материалдар, сағат саны	31-сағатында «Көпбұрышты бейнелеп көрсету», 32-сағатында «Үшбұрышты және тіктөртбұрышты бейнелеп көрсету», 33-сағатында «Тіктөртбұрыш салу», 34-сағатында «Шаршыны салу» оқытылып үйретіледі.	
Тоқсан	**IY-тоқсан - 32 сағат**	**IY тоқсан 32 сағат**
Тараудың аты	Біз нені үйрендік? (7 сағат)	«1000 көлеміндегі сандарды оқу, жазу, салыстыру» (10 сағат), «1000 көлемінде қосу және азайту» (14 сағат), «Жыл бойы өткенді қайталау» (8 сағат)
Қарастырылатын геометриялық материалдар, сағат саны	Алгебра және геометрияның элементтері қарастырылады.	Бұл бөлімнің 132-сағатында «Геометриялық фигуралар», «Фигуралардың периметрі» қайталанады.

Бастауыш сыныптарда геометрия элементтерін оқыту әдістемесінің үрдістік сипаттамаларының ерекшеліктері оқулық материалдары құрамына, оны оқыту уақытына, индуктивті пікірден дедуктивті жалпылық пен шешімдерге өтуді іске асыру қажеттілігіне тән анықталады.

Геометриялық материалдар оқушыларға геометриялық фигуралар, олардың қасиеттері, геометриялық шамалар туралы жалпы түсінік қалыптастыру, салу есептерін орындау, геометриялық мазмұнды есептерді шешу түрінде оқытылады.

Геометриялық фигуралар математиканың алғашқы сабақтарында-ақ санау материалы ретінде қарастырылып, осы кезеңнің өзінде кейбір қасиеттері (үшбұрыштың қабырғалары-кесінділер, оның үш төбесі бар,үш бұрышы бар т.б) оқытылып-үйретіледі.

Бұған қоса, геометриялық фигуралардың нақты анықтамалары (тік, сүйір, доғал бұрыштар, тік төртбұрыш, шаршы) да сұралады. Бастауыш сыныпта қарастырылатын «Тік және тік емес бұрыштар» тақырыбында аталмыш фигуралармен таныстыру әдістемесіне тоқталайық.



Сурет 2 – Тік және тік емес бұрыштар

Мұғалім әр оқушыға және өзіне де бір-бірден дәптер парағын таратып береді (әрине, қағаздың формасы кез келген болуы мүмкін, алайда әрекетті біршама жеңілдету үшін тік төртбұрыш пішіндес қағаз алуды ұсынған жөн). Парақ қағазды мұқият екіге бүктейді, сонан кейін тағы да екіге бүктейді. Сонда шыққан бұрышты мұғалім көрсетіп, оның тік бұрыш екенін хабарлайды. Енді парақ қағаздың бүктелген жерін жазып, бүктелу сызықтары арқылы төрт тік бұрыштың шыққанын байқатуға болады, бүктеу сызығының бірінен екіншісіне қарай көрсеткіштің қозғалысы көмегімен әр бұрышты көрсете отырып, қарастырылып отырған ұғымның игерілуіне жағдай туғызу керек. Әр оқушы парақ қағаз алып, суретке сүйеніп тік бұрыштың моделін тағы да шығарып алады және оны әр түсті бұрыштардың үстіне орналастырады. Сонда екі бұрыштың тік, ал келесі екі бұрыштың тік еместігі анықталады [7,57].

Геометриялық материалдарға жататын мәселелердің бір тобы – геометриялық салулар.

Геометриялық салулар фигураны ерікті өлшеммен салу және берілген параметрлер бойынша салу деп бөлінеді. Салу есептерін орындауда оқушылар геометриялық фигуралардың қасиеттеріне көз жеткізеді, бастауыш математика курсы қарастырмайтын кейбір геометрияның жүйелі курсының мәселелерін де ұғынады. Жалпы салу есептері мынадай 4 кезеңнен тұрады: есепті талдау, салу, дәлелдеу, зерттеу.



Бастауыш мектепте оқушылар еркін өлшеммен кез-келген фигураны, ал белгілі бір параметрлер бойынша тек кесінді, тік төртбұрыш пен шаршыны ғана салады.Енді біз 2-сыныпта қарастырылатын «Тік төртбұрыш» салудың алгоритмін ұсынамыз:

а) 1-қадам. 1 см кесінді өлшеп сал.

ә) 2-қадам. Төбелері нүкте кесінді ұштары болатын екі бұрыш сал.

б) 3-қадам. Әр сәуленің басынан бастап бір бірден 4 см кесінді өлшеп сал.

в) 4-қадам.Белгіленген екі нүктені кесіндімен қос.

5-қадам. Салынған фигураның қабырғалары 1 см және 4 см тік төртбұрыш екеніне көз жеткіз.

Осы айтылған жалпы жағдайларға сүйеніп, бастауыш мектепте геометрияны оқыту әдістемесі жөнінде мынадай қорытындылар шығаруғам болады:

1.Бастуыш мектептегі геометриялық білімнің пайда болуының негізгі көзі бақылау мен тәжірибе болады.

2.Тәжірибе мен бақылаулар әртүрлі болып келу керек және жеткілікті түрде қайталау керек.

3.Қандай жолмен болса да табылған геометриялық фактылар өзара және басқа фактылармен де байланысты болу керек және турмыста қай ретте қолданылатындығы түсінілген болу керек.

Екінші сыныпта оқушылар геометриялық материалдардан, фигуралармен және олардың кейбір қасиеттерімен, қарапайым (еркін өлшеммен және нақты өлшемі бойынша) салумен және геометриялық мазмұнды есептерді шығарумен танысады. Оқушылар бағдарламаға сай, олардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктелген геометриялық материалдармен тынысып, фигураларды танып, олардың атауларын біліп және бір-бірінен ажыратуға үйренеді.

1. Қазақстан Реаспубликасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.

2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

3. Моро М.И, Пчелко А.С, Пышкало А.М. «Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері».-Москва, Педагогика. 1977.

4. Қазақстан Республикасының бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1998.

5. Оспанов Т.Қ, Құрманалина Ш.Х, Құрманалина С.Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2007.

6. Оспанов Т.Қ, Маркина М.В, Керемқұлова Г.Т, Свиченко И.И. Математика оқыту әдістемесі: Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған математика оқыту құралы. – Алматы: Атамұра, 2009.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

А.Е. Әбіш – *Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2 курс студенті,*
Ғылыми жетекшісі: **Р.Е. Каримова –** *аға оқытушы*

Резюме

В статье раскрывается роль социальной педагога в работе с одаренными детьми.

Summary

In the article are considered the role of the social teacher in work with gifted children.

«*Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті*» дегені мәлім Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық баяндамасында.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы анықтап берген және республиканың ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі – мемлекет үшін Қазақстанның гүлденуіне, егеменді еліміздің өсіп өркендеуіне өз үлесін қосар білімді, мәдениетті жастарды тәрбиелеу. Осы жолдауда айтылғандай XXI ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік ұмтылыстағы негізгі жетекші күш – «адамдар, олардың еркі, жігері, табандылығы, білімі» [1]. Бұл мақсатты орындау үшін республиканың ақыл – ойлы, шығармашыл әлеуетін өсіру қажет, дарынды балаларды анықтау мен дамыту үшін өркениетті жағдайлар жасау керек.

Барлық бала дарынды немесе өзіндік жеке дара ерекше қасиеті бар деген тұжырым педиатрлардың, педагогтардың, спорттық және көркем студиялардың маңызды мәселесіне айналды. Дарынды деп өз қатарларынан әлдеқайда дамыған немесе ерекше бір зейіні бар (музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттері бар) балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі вундеркиндтер деп те айтады. Психология көзқарасынан дарындылық екі мағына береді - жалпы рухани зейінділік және нақты дарындылық. Жалпы зейінділікті ғалымдар - жалпылау икемділігі, кез-келген тақырыпта әңгемелесу, мәселелерді шешу және өз тәжірибесінде үйрену деп тұжырымдайды [2].

Дарындылықтың бірден-бір белгісі - тілдің ерте шығуы. Әсіресе, егер бала бөлек-бөлек сөздерден

қарапайым сөйлемдерге көшсе, бұндай балалардың сөз байлығы да мол, әңгімесі де мәнерлі болып келеді және олар сөздің реңі мен нюанстарын іштей сезеді. Сөйлемдері ұзақ және орынды. Көп балаларда әзіл-оспақ қасиеттері кездеседі. Олардың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлау қабілеті де жан-жақты. Дарынды балалар әдетте 4 жасында хат таниды, оқи алады. Тәжірибелі психолог-мұндай баланы өткір көзқарасынан және өзінің ерекше іс-әрекетіне қарап көпшілік ішінен тез тауып алады. Егер үлкендер мен бала қарым-қатынасында сенімділік болмаса, ең үлкен дарын да танылмай қалады. Дарындылық, сол сияқты қарапайым зейінділік жылулық сүйіспеншілік және қамқорлық ортада ғана ашылады.

Н.Ожеговтың сөзігінде дарындылық «Табиғаттан берілген ерекше қабілет» деп түсіндіріледі. Адами ойлау, ізденімпаздық – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сиы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау , ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтіп, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қазақстан республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі.

Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Дарынды балаларды анықтау- баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылып анықтау қажет.

Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның ары қарай дамуына бағыт –бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Ұстаз болу жауапты да қиын мамандық. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Дарынды оқушымен жұмыс істейтін әрбір мұғалімнің көкейінде мынандай сан қилы сұрақтар тұрары сөзсіз. «Дарындылық, данышпандық, қабілеттілік дегеніміз не?», «Дарындылықтың пайда болу негізінде қандай себеп жатыр: қоршаған орта ма, тұқымқуалаушылық па, әлде тәрбие ме?», «Оқушы дарындылығын, оның әлеуетті қабілетін қалай анықтауға болады?», «Дарындылықты анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің қайсысы нәтижелірек, қайсысы тиімді?» , «Неліктен кейбір адамдардың (Паскаль, Моцарт, Гете, Архимед,т.с.с.) қабілеті ерте жасында байқалады, ал тағы басқа біреулердікі (Ньютон, Гегель, Дарвин, Менделеев, декарт, т.с.с.) ересек жаста пайда болады?». Осы сұрақтарға талмай жауап іздеп және соны таба білген мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс жасай алмақ.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Оқушының дарындылығын анықтап, дамыту үшін әр пән мұғалімі өзінің алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қойды:

1. Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;

2. Жан-жақты ақпараттандыру;

3. Коммуникативті бейімдеу;

4. Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету;

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда мектеп ұстаздары мынандай жұмыс түрлерін қолданады:

1. Икемді және ұтқыр оқу жоспарын құрады;

2. Жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасайды;

3. Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал етеді;

4. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құрады;

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда әлеуметтік педагог мынандай мәселелерге баса назар аударады:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;

2. Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

3. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға - пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;

4. Білім беру мекемелерінде дарынды оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделтетіп оқытуды ұйымдастыруға;

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде әлеуметтік педагог маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты. өкінішке орай дарынды баланы анықтау, дамыту, оған қолдау көрсету қазіргі уақытта білім жүйесіндегі қолға алынып жатқан өзекті мәселе екеніне қарамастан еліміздегі жоғары оқу орындары осындай категориялы оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау мәселелерін нақты әрі мақсатты қарастырмаған. Мектепте мұғалімдер мен психологтердің дарынды оқушылармен жұмыс істеу тәжірибелері жеткіліксіз. Дарынды оқушыны анықтап, дамыту және оқытуға арналған ғылыми - әдістемелік оқулықтар тапшы. Сондықтан әрбір әлеуметтік педагог өзінің жинақтаған және семинарларда алған тәжірибесі деңгейінде ғана оқушымен жұмыс жасайды. Ал бұл дарындылық мәселесін шешуге қиындықтар туғызады [3]. Сондықтан арнайы дайындықтан өтпеген әлеуметтік педагогтар дарынды оқушымен жұмыс жасаған кезде мынадай келеңсіз жағдайларға душар болады:

- көптеген жағдайда олар дарынды оқушыға немқұрайлы қарайды және олардың ішкі жан дүниесіне үңіле алмайды;
- тіпті дарынды оқушыларды жақтырмайтын да жағдайлар кездеседі, себебі олар оның беделіне қауіп төндіреді;
- дарынды оқушының ерекшелігін, қажеттіліктерін және онымен жұмыс жасаудың кешенді диагностикалық әдістемелерін білмегендіктен дарынды оқушыны анықтауда төмен нәтижелер көрсетеді.
- Дарынды оқушылар мұндай мұғалімдер үшін тек қана оқу жағынан ғана емес, сонымен қатар тәрбие саласында да қиындықтар туғызады.
- Олар оқушы дарындылығын дамытудағы ғылыми зерттеу жұмыстарының қажеттілігін сезінбейді.

Ал біліктілігі жоғары немесе арнайы дайындықтан өткен әлеуметтік педагог өзінің мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді.

- дарындылықты анықтау, дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөледі және сол бағытта талмай жұмыс жасай алады;
- олар дарынды оқушыға қосымша тереңдетілген бағдарламалар жасай алады және олардың өздігімен жұмыс істеуіне, шығармашылық ізденістеріне қажетті кеңестер бере алады;
- жұмысқа қажетті материалдар мен тиімді әдістерді таба біледі және жұмыстың мақсатын нақты қоя алады;
- оқушыға дұрыс бағыт бағдар беру арқылы оның ғылыми зерттеу жұмысымен айналасуына көмек жасай алады;
- педагогикалық үрдісті диагностикалау жұмысын жүргізе алады және оларды бір-бірімен байланыстыра алады;
- дарындылықты анықтауды әр түрлі психодиагностикалық әдістемелерді, ал дамытуда оқытудың әр түрлі жаңа технологияларын тиімді қолдана біледі [4].

Дарынды оқушымен жұмыс істейтін әлеуметтік педагогқа қойылатын педагогикалық психологиялық талаптарды мынадай бөліктерге бөлуге болады.

1. Әлеуметтік педагогтің бағыт бағдарына байланысты талаптар:
- дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі;
- оқуышыны жақсы көруі және қабілеті жоғары оқушылармен жақсы қарым-қатынаста болуы;
- дарынды оқушымен жұмысқа тұрақты қызығушылық танытуы және нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай іздеуі;
- дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы;
- дарынды оқушымен жұмыс кезінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы;

2. Әлеуметтік педагогтің біліміне қойылатын талаптар:
- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандар деңгейінен жоғары деңгейде білуі;
- қызмет нысанын, яғни біріңғай педагогикалық үрдісті білуі;
- оқушы дарындылығының моделін білуі;
- жеке тұлға теориясын, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілін білуі;

- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білуі;
- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлуі;
- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Әлеуметтік педагогтің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған тереңдетілген бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс жасай білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны зерттеуге психодиагностикалық күнделік жүргізуі;
- оқытудың инновациялық технологияларын, дифференциалды әдісін қолдана білуі;
- оқушылармен қарым-қатынасын психологиялық тұрғыдан сауатты орната білуі;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы;
- дарынды оқушының ата-анасына әр түрлі педагогикалық психологиялық кеңестер беруі.

Сондай ақ, дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби «бейнесі» мынандай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зерттеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады [5].

Әлеуметтік педагогтің дарынды оқушымен жұмысқа дайындығының қалыптасуының мәселесі арнайы ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ал қазіргі жағдайда республиканың әлеуметтік экономикалық дамуы үшін интеллектуалдық әлеуетті арттыру аса қажет. Сондықтан әлеуметтік педагогтер арнайы курстар арқылы бағыт бойынша кәсіби деңгейін жоғарлатуы тиіс.

1. *Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық баяндамасы// -Астана*
2. *У.В. Жексенбаева, А.К.Сатова Педагогика и психология одаренности школьников.- Алматы, 2002.*
3. *2.Н.Д.Иванов, Н.Д. Хмель, Н.Н. Тригубова Научно –практические основы профессионально-педагогического самообразования.- Алматы, 1995.*
4. *3.І.Халитова.Әлеуметтік педагогика. –Алматы: Білім, 2007.*
5. *Л.Н.Нарықбаева. Научно-практические основы подготовки будущего учителя к работе с одаренными детьми. //Автореф. к.п.н. 19.11.01. Алматы.2001. 26-б.*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛ ДАМЫМАУЫН ТҮЗЕТУДЕГІ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЫРҒАҚТЫ ҚОЛДАНУ

М.М. Рахимова

Резюме

В статье рассматривается направление работы логопедической ритмики в коррекции общего недоразвития речи у дошкольников.

Summary

The article the direction of logopaedic rhythm in general korrektsii nedorazvitia speech in preschool children.

Соңғы он жылдықта сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың саны көбеюде екені байқалады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілінің түрлі бұзылыстарының арасында, түзетуге қиын келетін жалпы сөйлеу тіл дамымауы болып табылады [6].

Естуі қалыптағы және біріншілік зияты сақталған балалардың жалпы сөйлеу тіл дамымауы (ЖСТД) деп сөйлеу тіл жүйесінің негізгі компоненттері: фонетика, лексика, грамматикасы бұзылған немесе кешеуілдеген сөйлеу тіл бұзылысының түрі деп түсініледі.

Көп жылдық зерттеу жұмыстары ЖСТД бар балалардың сөйлеу тіл іс-әрекетінің толыққандылығының жетіспеушілігі барлық психикалық қызметтердің қалыптасуына белгілі бір сызат түсіретіндігіне көз жеткізеді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың көбісі зейіннің тұрақсыздығымен, материалды есте

сақтау және айтып берудің, күрделі нұсқауларды орындаудағы қиындықтарымен ерекшеленеді.

Көріп қабылдау, көру- кеңістікті гнозис және праксисті зерттеу ЖСТД бар балаларда олардың жеткілікті түрде қалыптаспағаны туралы қорытынды береді. Балаларда өзін-өзі реттеу, ерікті іс-әрекет дағдыларының төменгі деңгейі белгіленеді.

Бір балаларға тым қимылды белсенділік пен жалпы көңіл-күйдің ауыспалығынан белгіленетін гиперқозғыштық тән. Басқалары керісінше, өзінің тежелгендігімен, енжарлығымен, әлсіз көрінуімен өздеріне көңіл аудартады.

Балалардың көпшілігіне қозғалыс саласының дамуында кейбір жетіспеушіліктер тән: координацияның, қозғалыстың жалпы ырғағының бұзылысы; іске асырудағы сенімсіздік, орындау жылдамдығының төмендігі, бір қимылдан екіншіге ауысу кезіндегі қиындықтар. Аталған ерекшеліктер жалпы, ұсақ моториканың қалпын, сонымен қатар артикуляциялық моториканың қалпын сипаттайды. Үлкен қиындықты сөздік нұсқау бойынша, кеңістікті-уақыттық параметрлер бойынша тапсырмаларды орындау кезінде айқындалады [6].

Сонымен, аталған ерекшеліктер ЖСТД бар балалардың сөйлеу тіл іс-әрекеттерінің бұзылыстары, тәрбиелік-түзету міндеттерді шешудегі әдістемелік және ұйымдастырудың біріңғай стратегиясын өңдеуде, көп аспектілі сипатта екенін көрсетеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы сөйлеу тіл жетіспеушілігін түзетуде біріңғай әсер етуді қалыптастыруда логопедтің және музыкалық маман жұмыстарының өзара байланысы жәрдемдеседі.

Мектепке дейінгі жастағы балалармен түзету-дамыту жұмысты оптимизациялаудың алғышарттары келесідей болуы мүмкін [4]:

- Арнайы мектепке дейінгі мекемеде оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламалардың мазмұнын біріге қарастыру;
- Топтағы балалардың сөйлеу тілінің қалпын, сөзсіз үрдістерін тексеру нәтижелерін талқылау;
- Бастапқы ақауды есепке ала отырып, музыкалық тәрбиелеу бойынша түзету жұмыстың жоспарын құрастыру;
- Түзету-дамыту жұмысты жетілдіруде өзара мәлімет алысу;
- Ата-аналарға арналған ортақ нұсқауларды құрастыру.

Жалпы сөйлеу тіл дамымауы бар мектепке дейінгі жастағы балалармен түзету - дамыту жұмыста логопед пен музыкалық маманның өзара әрекеттесулерінің нәтижелі түрі, логопедиялық ырғақты сабақтарды құрастыру және өткізу болып табылатындығы жалпыға мәлім. Сондықтан ортақ жұмыста логопедиялық ырғаққа акцент жасайды.

Логопедиялық ырғақ – қозғалыс, музыка және сөздің байланысына негізделген, өзтүрлілігі бар белсенді терапияның бір түрі болып табылады[1].

Логопедиялық сабақтарда келесідей міндеттер шешіледі:

- Есту және көру зейінін дамыту арқылы жоғарғы психикалық іс-әрекеттерді белсендіру;
- Есту және көріп қабалдауын дамыту;
- Есте сақтау көлемін ұлғайту;
- Қимыл, артикуляциялық праксис, қозғалыс дағдыларын дамыту;
- Оптико-кеңістіктік орналасуын және көру- моторлы координациясын дамыту;
- Ырғақты қабілеттерін дамыту;
- Сөйлеу тіл функциональды жүйесін дамыту.

Практикалық жұмыстардың нәтижелері бойынша қолданылатын логопедиялық ырғақ сабағының белгілі бір құрылымы құрастырылды [2] :

Жұмыстың кезеңіне, нақты бір топтың балаларының даму деңгейіне тәуелді олардың мазмұны вариантталады.

Логопедиялық ырғақ сөйлеу тілінде ауытқушылығы бар балаларға арналған ырғақталған жаттығулар кешенінен тұрады. Ырғақты қабілеттерін дамыту ана-тілді сөздердің буындық құрылымын, интонациясын, екпінін меңгеруде негізгі болып табылады. Сөздің ендірілуі, әсіресе өлең шумақтары түрінде, қозғалысты меңгеруді жеңілдетеді, өйткені өлеңді сөйлеу тілдің ырғағы ырғақтылықты сақтауға көмектеседі. Музыка арқылы сөйлеу тілдің және қимылдың сәйкестігі, сөздің буындық құрылымының бұзылысын түзету, сөйлеу тілдің сөзді және қозғалыс жетіспеушілігін түзету жолында маңызды құрам болып табылады.

Сөйлеу қимылды жаттығулар музыканың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз орындалады[2]. Бастапқы міндет қимылмен бірге атқарылатын тақпақты мәтінді ырғақты орындау болып табылады. Түрлі ырғақты екі, үш, төрт санаудағы және музыкалық мөлшердегі 2/4, 4/4 түрлі ырғақты белгілеулер

қолданылады [3] .

Саусақтық, қозғалмалы және коммуникативті ойындарға, қимылмен қатар орындалатын тақпақтарға түрлі мемлекеттердің балалар фольклоры қолданылады. Сөйлеу тілді жаттығулардың түгелдей барлығын қимылдап бір уақытта тақпақты айтып орындай алмаймыз. Бұл дем алудың бұзылысын тудыруы мүмкін. Сондықтан, белсенді қимыл кезінде балаларды екі топқа бөледі: бір тобы қозғалыстарды орындайды, екіншілері мәтінді айтады, кейін олар ролдермен ауысады.

Логопедиялық ырғақ сабағы кезінде балалар мұғаліммен шеңберде тұруларына, жартылай шеңберде отыруларына көңіл аударылады. Бұндай орналасу мектепке дейінгі жастағы балаларға мұғалімді жақсы көріп отыруға, олармен бірге сөйлеу тіл материалын синхронды орындауға және қимылдауға мүмкіндік береді. Логопедиялық гимнастика жаттығулары көрпешеде отырылып орындалады. Оларды жиі қол саусақтарының қимылын орындаумен сәйкестендіреді (санау музыкалық сүйемелдеумен орындалады).

Сөйлеу қимылды ойындар мен жаттығуларды логоырғақты сабақтың мазмұнына ғана емес музыкалық, логопедиялық, дене шынықтыру сабақтарына қосылады. Ойын мен жаттығулар жүйелілік бойынша қолданылады.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар балалардың ырғақты метр бұзылыстары бар, олар ырғақсыз жүрісте, қозғалыстың координациясының бұзылысында белгіленеді. Соған байланысты музыкалық және сөйлеу тілді сүйемелдеумен жүрістің түрлі түрлері қолданылады.

Түзету жұмыстың бастапқы кезеңдерінде оқытудың барлық дыбысталатын түрін ұйымдастыру тиімді[3] .

Балалармен жеке және топтық сабақтар алдымен жәй ырғақтарды кейін күрделі ырғақтарды шапалақтау, топырлатудан, алдымен жәй ырғақтарды кейін күрделі, біртіндеп көріп қабылдау сүйенуді қосу арқылы басталады. Сабақтарға ырғақтарды қабылдау мен ажыратуға бағытталған жаттығулар қосылады, олар шапалақтау, дауыспен, музыкалық аспаптарда ойнаумен іске асырылады. Бұндай жаттығулар ырғақ сезімін және қозғалыс координациясын дамытуға жәрдемдесіп қана қоймай, зейін, сөйлеу есту есте сақтауын, дұрыс тыныс алуды қалыптастыруды дамытады [5]. Осындай түзету жұмыстары нақты ырғақты бейненің метрлік пульстің тұрақты рефлексінің қол саусақтарының бұлшық еттерінде, дауыс байланыстарында пайда болуына бағытталған. Сабақтарға таныс әуендерге фонетикалық ырғақта қолданылатын дыбыстарды, буындарды әуендеуді; құрастырмалы тізбек («музыкалық доп») ойындары қосылады. Сонымен қатар қандайда бір буынды бөліп, мысалы «ста-сто-сту-сты» буындарды дауысты жоғарылатып, төмендету арқылы, ырғағын, интонациясын өзгерту арқылы әуендеу жаттығулары қолданылады. Бұндай жұмыстың міндетті шарты сөйлеу тілінің тепінде, ырғақты, екінді буынды түсіріп орындау болып табылады.

Әуендеу, жаңылпаш, балалар өлендерін айту артикуляциялық аппараттың бұлшық етін дамытуға, тұрақты артикуляциялық кинестезияның қалыптасуына, бір артикулемадан екіншісіне бірден ауыса алу, дыбыстарды, буындық құрылымдарды дұрыс айту дағдыларын бекітуге тиімді материал болып табылады.

Сәйкес келетін сөздерен тұратын (рифмденген) мәтіндер мен мелодиялардың арқасында балалар сөйлеу тілді фразаның, сөздің музыкалы-ырғақты «бейнесін» оңай меңгереді. Жаңылпаш пен әуендеудің көбін, саусақпен жеке оң, сол, екі қолмен бір уақытта әр буынды әндету арқылы жаттықтырылады. Ол баланың зейінін сөзде әр буынды анық айтуға бағыттауға және артикуляция мен қол мүшелерінің сөйлеу қимыл-қозғалысты координациясын дамытуға жәрдемдеседі. Өленderді темп, дыбысталу диапазонын, музыкалық фразалардың ұзақтығын есепке алып іріктейді. Өлең айту кезінде балаларда метр, темптің тұрақтылығын сезінуіне үлкен көңіл бөлінеді.

Кейбір өленderдер музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындалады.

Бұндай жұмыстың ерекшелігі әннің мәтіні кезектілі жатталады, одан жеке музыкалық аккомпанемент жатталады, содан кейін ғана әндер мен аккомпанемент бірігетіні болып табылады. Ән айту дауыс байланыстарын қатайтуға мүмкіндік береді, дауыстың ән айтуға қабілеттілігінің, дауыстың диапазонының жоғарылауына, дауыстың көңіл-күйлі және тембрлі сипатының дамуына, дикцияның, тыныс алудың жақсаруына жәрдемдеседі. Ән айтудың арқасында түрлі буындық конструкцияларды, фразаның бір қатарлық құрылымын бекітуге мүмкіндік туады.

Логопедиялық ырғақты сабақтарды өткізу балаларда темп және ырғақ сезімін, кеңістікте бейімделе алуын, жалпы және ұсақ моториканы, артикуляциялық қимылдарды, есту зейінін және фонематикалық естуін, түрлі буындық құрамдағы сөздерді айта алу біліктілігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Келесідей негізгі кезеңдерді [4] бөлуге болады:

- Логопедиялық ырғақ сабақтарда жалпы қозғалыс және іс-әрекеттердің статико-динамикалық және

темпті-ырғақты параметрлерін жетілдіруге бағытталған ойындарға көңіл бөлу қажет;

- Логопедиялық ырғақ сабақтардың міндетті негізі музыкалық ырғақтан құрылған жаттығулар емес, тақпақты тармақтарды қозғалыспен біріктіріп айтатын тақпақты жаттығулардан құрылған болуы керек;
- Логопедиялық ырғақ сабақтарына интонация, ырғақты қабілеттерді, сипап-сезу сезінулерін дамытуға бағытталған жаттығуларды қосу қажет, өйткені оларды дамытпай мектепке дейінгі жастағы балалардың дұрыс сөйлеу тілін, сөздің буындық құрылымын қалыптастыру мүмкін емес;
- Ән айту кезінде балалардың зейінін метр, темп тұрақтылығын іштей сезінуін дамытуға аудару қажет;
- Балалардағы жалпы сөйлеу тілінің дамымауын логопедиялық ырғақ тәсілі түзету бойынша жұмыста жағымды нәтижеге жету үшін, балабақша қызметкерлерінің бірлесе әсер етулері қажет.

Өзара бірлесіп жұмыс істеген мұғалім-логопед және музыкалық мамандардың көмекшісі болып мамандардың өзара ірекеттесу дәптері болып табылады. Дәптерлерді ендіру логопедиялық, музыкалық, логопедиялық ырғақ сабақтарында алынған біліктілік пен дағдыларын бекітуге көмектеседі, балаларға деген тереңдетілген жеке жол табуға жәрдемдеседі [4].

Сонымен, жоғарыда аталған жұмыс түрлерін қолдану мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы сөйлеу тіл дамымауын нәтижелі түзетуге жәрдемдеседі.

1. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика: Учеб. для студ. высш. учеб, заведений. - М: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2002.

2. Воронова А.Е. Логоритмика в речевых группах ДОУ для детей 5-7 лет. Методическое пособие. - М.: ТЦ Сфера, 2006.

3. Дедюхина Г.В. Работа над ритмом в логопедической практике- М.: Айрис-пресс, 2006.

4. Картушина М.Ю. Логоритмические занятия в детском саду. Методическое пособие.- М.: ТЦ Сфера, 2005.

5. Лопухина И.С. Логопедия. Ритм, речь, движение 3 изд. - СПб.: КОРОНА-ВЕК, 2008.

6. Филичева Т.Б., Чиркина Г.В. Подготовка к школе детей с общим недоразвитием речи в условиях специального детского сада.- М., 1991.

МЕЖЛИЧНОСТНАЯ ПЕРЦЕПЦИЯ КАК КОМПЕТЕНЦИЯ В ПРОФЕССИОГРАММЕ СПЕЦИАЛИСТА-ПСИХОЛОГА

Д.С. Сагалбаева – *магистрант II курса, специальности «Психология» Института Магистратуры и PhD Докторантуры*

Түйін

Кәсіби сапаның және келешек психологтің белгілі нысанға келтір - құзырының анализы интерперсональной перцепциянің бұлақты рөлін сияқты негіздерді үшін коммуникатив қызметтің барлық жағының дамуы үшін анықтау қой- және сияқты тиімді әрекеттестік қажетті шарт мен келешек клиент.

Резюме

Анализ профессиональных качеств и формируемых компетенций будущих психологов позволил определить ключевую роль интерперсональной перцепции как основы для развития всех сторон коммуникативной деятельности и как необходимого условия эффективного взаимодействия с будущими клиентами.

Summary

Analysis of professional qualities and competencies of future psychologists formed allowed us to determine the key role of interpersonal perception as a basis for the development of all aspects of communicative activities and as a prerequisite for effective interaction with prospective customers.

Основная часть жизни человека, как известно, связана с определенной профессиональной деятельностью. В решении проблемы «человек и профессия» психология играет значительную роль. В лице человека, не занятого профессиональной деятельностью, общество несет невосполнимые духовные и материальные потери. Огромный ущерб терпит и сама личность, вследствие неудовлетворенности этим положением. Человек зачастую становится неудачником лишь потому, что он в свое время не смог или ему не помогли найти то место, на котором он испытал бы удовлетворенность от труда по призванию.

В наше время выбор профессии, профессиональное самоопределение рассматривается как основа жизненного самоутверждения личности в обществе.

Большинство людей, включенных в определенную профессиональную деятельность, выбирают ее по разным причинам, но в любом случае каждому человеку надо знать о психологических особенностях своей профессиональной деятельности [1].

Одной из приоритетных мест в мире профессий занимает психология. В настоящее время психология охватывает почти все сферы жизни и деятельности людей. Психологические знания используются в политике, экономике, медицине, культуре и искусстве, на производстве и в образовании. И, несомненно, каждому человеку необходимо иметь хотя бы первоначальное представление о психологической профессии.

Психолог – современная перспективная молодая профессия с глубокими историческими корнями [2].

При выборе профессии «Психолог» важно обратиться к профессиограмме.

Понятие профессиограммы по А.К. Марковой [3]:

Профессиограмма - это научно обоснованные нормы и требования профессии к видам профессиональной деятельности и качествам личности специалиста, которые позволяют ему эффективно выполнять требования профессии, получать необходимый для общества продукт и вместе с тем создают условия для развития личности самого работника. Профессиограмма – это обобщенная эталонная модель успешного специалиста в данной области, хотя иногда отмечается, что в профессиограмме надо учитывать и варианты выполнения профессиональной деятельности на «среднем» уровне.

Из профессиограммы человек получает сведения об объективном содержании труда, о психологических качествах, требуемых от человека. Вместе с тем, профессиограмма – это не жесткая стандартная схема, а гибкая ориентировочная основа развития специалиста. Профессиограмма не должна сковывать индивидуальное творческое развитие специалиста, а лишь давать ориентиры объективных требований профессии к человеку.

Профессиограмма может меняться по мере изменения профессии, поэтому обращаться к профессиограмме необходимо так или иначе в течение всей профессиональной жизни как специалисту психологу, так и каждому работающему человеку для того, чтобы осуществлять коррекцию психологических качеств с учетом современных требований профессии.

Профессиограмма структурно включает два основных компонента:

- личностные качества (психограмму);
- совокупность компонентов профессиональной подготовленности, которыми должен обладать психолог [4].

Рассмотрим более подробно профессиограмму «Психолог» (рис. 1).

Таблица 1. Профессиограмма «Психолог»

Наименование профессии	Психолог
Доминирующий способ мышления	Адаптация-формализация
Область базовых знаний № 1 и их уровень	Общественные или естественные науки (зависит от специальности), уровень 3, высокий (теоретический)
Область базовых знаний № 2 и их уровень	Педагогика и психология, уровень 2, средний (практическое использование знаний)
Профессиональная область	Психология
Межличностное взаимодействие	Частое по типу «рядом»
Доминирующий интерес	Социальный
Дополнительный интерес	Исследовательский
Условия работы	В помещении, сидячий

Доминирующие виды деятельности:

- исследование развития психики и закономерностей психических процессов;
- изучение общих закономерностей развития детей разного возраста и построение программ обучения;
- изучение внутреннего мира и поведенческих особенностей человека;
- изучение поведения людей в малых и больших группах;
- изучение вопросов, связанных с творческой деятельностью людей, особенностями восприятия;
- изучение деятельности человека, особенностей его труда;
- изучение особенностей поведения в стрессовых ситуациях;
- профессиональный отбор и подбор кадров;
- исследовательско-аналитическая работа (работа с получаемой ин формацией, адаптация психодиагностических методик к условиям реальной практики);

- информирование клиента о том, что с ним происходит;

- психологическое консультирование, направленное на оказание помощи человеку в разрешении

различных затруднительных ситуаций;

- организация групповых мероприятий, ведение тренингов, семинаров, чтение лекций;
- профилактика и коррекция нежелательных проявлений психики человека, а также укрепление и формирование необходимых психологических качеств личности;
- осуществление психологического сопровождения карьеры;

- изучение особенностей судебного процесса, мотивов поведения преступника, разработка мер профилактики преступности.

Качества, обеспечивающие успешность выполнения профессиональной деятельности:

Способности:

- высокий уровень развития концентрации и устойчивости внимания (способность длительное время сосредоточиваться на одном предмете, не отвлекаясь на другие объекты и неослабляя внимания);
- высокий уровень развития переключения и распределения внимания (способность быстро переводить внимание с одного предмета на другой или с одного вида деятельности на другой, а также удерживать в центре внимания одновременно несколько предметов или совершать одновременно несколько действий);
- хорошее развитие образной и словесно-логической памяти;
- высокий уровень развития образного мышления;

- развитие логического мышления;
- хорошее развитие мнемических способностей (долговременная и кратковременная память);
- коммуникативные способности (общение и взаимодействие с людьми, умение устанавливать контакты);

- умение слушать;
- вербальные способности (умение говорить четко, ясно, выразительно);
- ораторские способности (грамотное выражение мысли);
- способность к самоконтролю.

Личностные качества, интересы и склонности:

- высокая степень личной ответственности;
- терпимость, безоценочное отношение к людям;
- интерес и уважение к другому человеку;
- стремление к самопознанию, саморазвитию;
- оригинальность, находчивость, разносторонность;
- любознательность и обучаемость;
- тактичность, воспитанность;
- склонность к сопереживанию;
- инициативность;
- целеустремленность, настойчивость;
- интуиция, умение прогнозировать события;
- находчивость;
- умение хранить тайну;
- творческое начало;
- эрудированность.

Качества, препятствующие эффективности профессиональной деятельности:

- психическая и эмоциональная неуравновешенность;
- агрессивность;
- замкнутость;
- нерешительность;
- отсутствие склонности к работе с людьми;
- неумение понять позицию другого человека;
- ригидность мышления (неспособность изменять способы решения задач в соответствии с изменяющимися условиями среды);
- низкий интеллектуальный уровень развития.

Области применения профессиональных знаний:

- социальные организации (детские дома, приюты, дома престарелых, инвалидов, детские центры

творчества и досуга);

- образовательные учреждения (школы, детские сады, вузы);
- учреждения по подбору и отбору персонала (кадровые агентства, центры занятости, центры профориентации);
- медицинские учреждения (больницы, поликлиники, наркологические центры, реабилитационные центры);
- психотерапевтические, психологические консультативные службы;
- предприятия, фирмы;
- правоохранительные органы (суды, детские приемники-распределители, колонии, прокуратура, районные управления внутренних дел);
- работа на телефоне доверия;
- работа в МЧС, службах спасения;
- военные организации [5].

Анализ профессиональных качеств и формируемых компетенций будущих психологов позволил определить ключевую роль интерперсональной перцепции как основы для развития всех сторон коммуникативной деятельности и как необходимого условия эффективного взаимодействия с будущими клиентами.

В профессиограмме «Психолога» важен аспект межличностной перцепции. Межличностная перцепция как компетентность в профессиограмме специалиста-психолога включает в себя следующие составляющие:

- восприятие и оценка внешних признаков и поведения индивида;
- создание представлений о его психологической особенности и состоянии;
- оценки этих представлений и сопоставления внешних признаков индивида с личностными характеристиками;
- понимание и интерпретация полученной информации;
- оценка партнера в целом;
- общие умозаключения;
- прогнозирование действий и поступков партнера;
- создание стратегии собственного поведения.

К этому процессу можно добавить еще и такие характеристики, как принятие решения, принятие партнера по общению, его целей, мотивов, установок. Речь идет, таким образом, не только о понимании другого участника взаимодействия, но и о разделении его мнений, взглядов и т.д. А это уже из области взаимопонимания, достижения которого считается внутренней основой и целью общения.

Взаимопонимание является чрезвычайно сложным феноменом, чья эффективность зависит от информации, которую люди получают друг от друга, от степени заинтересованности друг другом, от уровня симпатии или антипатии и т.п.

Оно предполагает:

- ❖ совпадение, сходство или созвучность у разных людей взглядов на мир;
- ❖ понимание целей, мотивов, установок партнера по общению;
- ❖ принятие целей, мотивов, установок другого;
- ❖ взаимное принятие самооценки, своих возможностей и способностей;
- ❖ принятия выполняемых в отношении друг друга ролей;
- ❖ понимание индивидуальных особенностей друг друга;
- ❖ понимания отношений, которые складываются и развиваются между партнерами;
- ❖ взаимное принятие способов понимания партнерами друг друга.

Конечно, названными признаками не исчерпывается все многообразие понятия взаимопонимания, вместе с тем они могут быть взяты за основу в характеристике этой дефиниции.

Восприятие людьми друг друга в ходе общения, формирование впечатления индивида можно считать исходной предпосылкой в его понимании и познании. При этом отметим, что речь идет о восприятии человека человеком как процесса гораздо активного, чем восприятие других объектов окружающего мира, которое активизирует умственные, волевые, эмоциональные процессы, чаще побуждающие к действию, к осмыслению себя и других, к получению знания.

Непосредственный процесс восприятия одним человеком другого начинается с отображения внешности и поведения, и уже на этом этапе тот, кто наблюдает, определенным образом оценивает

внешние признаки и делает некоторые умозаключения (иногда бессознательно) о внутренних психологических свойствах партнера по взаимодействию.

При этом по одним признакам делается вывод о расовой и национальной принадлежности человека, по другим - о поле, возрасте, социальной принадлежности и уровне культурного развития, еще по другим - о характерологических особенностях человека, его способности, возможности выполнять то или иное дело.

Взаимное восприятие порождает к участникам взаимодействия высокий уровень требований, связанных с углубленным интеллектуальным анализом. Вместе с тем в условиях прежде дефицита времени и интенсивного роста коммуникативной информации партнеры по общению вынуждены пополнять недостаток данных им знаний о другом той информацией, которую дает им первое впечатление. Конечно, оно может частично или полностью не совпадать с последующими представлениями о человеке.

Общее личностное содержание другого человека устанавливается путем интерпретации элементов внешности, поведения и поступков индивида. В ситуации общения формирования в сознании человека образа другого человека возникает как результат взаимодействия и коммуникации. При таких условиях образ другого человека выполняет функции регулятора общения.

При этом другой человек предстает перед партнером как личность с определенными характерными чертами, эмоциональными, волевыми, интеллектуальными свойствами, поведенческих возможностями.

Раскрытие этих свойств является важной задачей межличностного понимания. Следовательно, вступая в межличностные отношения, личность должна учиться понимать людей, пытаться эмоционально откликаться на психические состояния: сочувствовать, сопереживать, вместе радоваться и грустить, а также выбирать адекватные способы перехода воздействий.

Понятие «понимание» отражает способность человека познать существенное, важное в другом человеке, раскрыть его в связях и взаимоотношениях с другими личностями.

В социальной психологии известно такое понятие, как «рациональное понимание», т.е. накопление информации, систематизация знаний о других людях и оперирование ими с целью достижения максимального соответствия суждений, оценок, представлений о человеке ее объективно имеющимся чертами, свойствам, мотивам и возможностям.

На понимание других людей осуществляет влияние опыт общения того, кто пытается познать другого. Понимание человека человеком предопределяется также задачами взаимодействия, личными характеристиками участников совместного действия (жизненным опытом, уровнем развития самооценки и др.).

Проникновение во внутренний мир другого человека - крайне сложная задача, ведь, как уже отмечалось, человеку, который воспринимает другого человека, как правило, дается только его внешность. Т.е. мы можем наблюдать за поведением, высказываниями, переживаниями, коммуникативными возможностями индивида и т.д.

Доказано, что становление представления о себе, которое основывается на основании представлений о другом, эффективно формируется тогда, когда люди взаимодействуют, когда они совместно принимают решения, составляют план совместных действий. Именно в такой ситуации возможно тестирование человека человеком, а также изменение своих действий и поведения партнера, построение стратегии собственного поведения.

Межличностное познание характеризуется несколькими процессами:

- эмоционально-рациональной и абстрактно-логической оценкой другого человека;
- эмпатического понимания и принятия другого;
- интерпретации информации и поступков индивида;
- образования обобщений о другом человеке как личности;
- прогнозирования изменения его поведения, построения стратегии собственного поведения.

На основе этих операций в процессе совместной деятельности и общения формируются образы, понятия, представления, знания друг о друге, которые облегчают или затрудняют межличностные отношения.

Успешное межличностное познание становится возможным лишь тогда, когда люди могут осознать, понять и оценить, кем является партнер во взаимодействии, т.е. проявить свою способность проникнуть во внутренний мир другого.

В контексте анализа межличностного познания важно рассмотреть проблему точности межличностной перцепции. Здесь есть свои сложности, связанные с тем, что, наблюдая за физическими объектами,

мы можем легко проверить точность восприятия, сопоставив результаты с объективной фиксацией, измерением некоторых качеств и свойств, а в случае познания другого человека сделать это гораздо труднее, ведь впечатление, полученное о нем субъектом восприятия, ни с чем сравнивать, поскольку отсутствуют методики непосредственной регистрации качеств личности другого человека.

Бесспорно, для получения той или иной информации о человеке можно использовать тесты. Вместе с тем известно, что нет тестов для измерения всех характеристик человека. Поэтому их нельзя рассматривать как единственный инструмент исследования личности, учитывая тот факт, что тест в определенной степени ограничен.

То же следует сказать и о экспертной оценке, которая также играет роль внешнего критерия.

Поиск подходов, которые помогли бы глубже понять проблему, идет в разных направлениях:

- осмысление всей совокупности трудностей, стоящих на пути межличностной перцепции;
- детальное изучение перцептивных способностей субъекта восприятия, переменных, с помощью которых субъект восприятия описывает самого себя, ранее знакомых лиц, отношения между собой и объектом восприятия;
- особенности ситуации, в которой осуществляется процесс межличностной перцепции.

Как важный фактор повышения точности восприятия другого человека исследователи называют получение от него обратной связи, что помогает скорректировать образ и способствует точнее прогнозировать поведение [6].

Межличностная перцепция - это важный психологический процесс, ответственный за осуществление человеком определенных норм поведения. Процесс межличностной перцепции обеспечивает взаимодействие людей, который во многом определяет характер человека.

Таким образом, в профессиограмме специалиста-психолога одно из приоритетных мест занимает межличностная перцепция, которая обеспечивает психологу правильное восприятие и понимание человека, а также его особенностей и проблем.